



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

VI ТӨМ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ  
**ЕЛМЕН СЫРЛАСУ**

СӨЗДЕР, СҰХБАТТАР

VI ТОМ



КУЛ ТЕСІН  
АСТАНА  
2009

УДК 323 /324(574)

ББК 66.3

Н

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару бағдарламасы»*

Жобаның авторы: **М. ЖОЛДАСБЕКОВ**,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: **М. ҚАСЫМБЕКОВ**,  
саясат ғылымдарының докторы

**Н 86 Нұрсұлтан Назарбаев: ЕЛМЕН СЫРЛАСУ.** Астана: «Күлтегін»  
баспасы, 2009. Т. 6. – 216 б.  
ISBN 9965-642-31-1

"Елмен сырласу" – Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың қоғамдағы, саясат пен экономикадағы, жаһандық ахуалды талдаудағы алатын орнын, халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаматтық жауапкершілігін, қазақ топырағындағы жасампаздық құбылыстардың тікелей бастаушысы екендігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясында ғана жүзеге асырып қоймай, әлемдік деңгейге көтерген көрегендігін, өзгелерден ерекшелейтін тосын идеялар мен ұсынғыстарға, орнықты ойларға кемел қасиеттерін, қажырлы қайраткерлігін ашып көрсететін көп томдық шығарма.

Басылымның алтыншы томына енген өнегелілікпен өрілген Елбасы сөздерінің мәтіні 1993 жылдың екінші жартысындағы елімізде орын алған маңызды оқиғаларды қамтиды. Осы кезеңде Президент Н. Назарбаевтың күш-жігері Ресеймен және өзге де Достастық елдермен пәрменді экономикалық Одақ құруға жұмсалды. Сол Одақ аясында қол жеткен екіжақты және көпжақты өзара келісімдер бірыңғай ақша, банк ставкалары мен кеден кеңістіктерін орнықтыруға арналды.

Басылымда жас республикамыздың еңсесін көтере бастауының белгілері: өнеркәсіп және халық тұтынатын тауарларды, тамақ өнімдерін өндірудің жаңдануы, шетелдермен сыртқы экономикалық байланыстың кеңеюі нәтижесінде бірнеше несиелік желінің ашылып іске қосылуы, көптеген шетелдік банктер мен фирмалардың, бірлескен кәсіпорындардың жұмыс істей бастауы, ұлттық валюта-теңгенің өмірге келуі, мемлекеттік құрылыс саласында жаңаша дамуға кедергі бола бастаған жергілікті Советтердің тарауы, Жоғарғы Кеңестің мерзімінен бұрын өз қызметін тоқтатуы, тікелей Президенттік басқаруға көшу мүмкіндігі, биліктің үш тармағының (заң шығару, атқарушылық, сот) қызметіне жаңаша көзқарасты қалыптастыру сияқты тағдыршешті мәселелерге ұйытқы болған Елбасы Н. Назарбаевтың парасатты саясаты кеңінен көрініс тапқан.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

Н 0803010400 - 021 - 09  
00(05) 09

УДК 323 /324(574),  
ББК 66.3 (5Қаз)

ISBN 9965-642-31-1

© «Күлтегін» баспасы, 2009.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЫСТАНБУЛДА ЭКОНОМИКАТЫҢ  
ЫНТЫМАСТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР  
БАСИМПАРЫҢҒЫҢ ЕКІНШІ КЕЗДЕСУНДЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ыстанбулда, 9 желтоқсан 1992 жыл



Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың  
(Борусияда сөйлеген сөзі)

Біз біткендерге де жауаптымыз дептіміз - өз қарықтарымыздың ісін қолдауға  
ойып жатқанымызды, қарықтарымызды қарай білгенімізді, қарықтарымызды қарай  
жылдағымызды біз қарай отырмыз. Қазақстанда бұл қарықтар әр мән беріп  
отыр.

Экономикамыздың ынтымақтастық ұйымына қатысуымыз біздің қарықтарымыз  
ның әр жағына қарай отырмыз дептіміз. Осы ұйым ісін қарай отырмыз дептіміз.  
Бұл ұйымның ісін қарай отырмыз дептіміз. Осы ұйым ісін қарай отырмыз дептіміз.  
Бұл ұйым ісін қарай отырмыз дептіміз. Осы ұйым ісін қарай отырмыз дептіміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЫСТАНБҰЛДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР  
БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗДЕСУІНДЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

*Ыстанбұл, 6 шілде 1993 жыл*

**ЫСТАНБҰЛ: БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛҒАН ҰЙЫМ**

*Бұдан бұрын хабарланғанындай, шілденің 5-7-сінде Ыстанбұлда Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының екінші кездесуі өтті.*

*Шілденің 6-сында өткен жоғары дәрежелі кездесуге Ауғанстан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан Президенттері Бурхануддин Раббани, Әли Акбар Хашеми-Рафсанджани, Нұрсұлтан Назарбаев, Асқар Ақаев, Сүлеймен Демирель, Сапармұрад Ниязов, Ислам Каримов, Тәжікстан Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, мемлекет басшысы Эмомали Рахмонов, Пәкстан Премьер-министрі Мұхаммад Наваз Шариф, Әзірбайжан Премьер-министрінің орынбасары Расул Гулиев қатысты. Кездесу Сүлеймен Демирельдің төрағалық етуімен өтті.*

*Оған қатысушылар бүкпесіздік жағдайында өзара мүдделі болып отырған аймақтық және ғаламдық мәселелер, әсіресе өз елдері халықтарының әлеуметтік-экономикалық игілігін жақсартуға қатысты көптеген маңызды мәселелер бойынша терең пікір алысты.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Форумда сөйлеген сөзі:**

Біз Ыстанбұлға аса жауапты міндетпен – өз халықтарымыздың мүддесіне сай экономикалық прогреске қарай бірлесе ілгерілеу міндетіне кірісу мақсатымен бас қосып отырмыз. Қазақстанда бұл кездесуге зор мән беріп отыр.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына қатысушы елдер потенциалының аса жоғары екенін ескере отырып, осы ұйым шеңберіндегі ынтымақтастық перспективасы аса зор деп санауға болады. Осында қаралып отырған Ыстанбұл декларациясы мен квота жоспары болашақты меңзеген ұзақ

\* "Егемен Қазақстан", 10 шілде 1993 жыл.

жылдарға арналған экономикалық әріптестіктің негізгі кезеңдерін белгілеп берді.

*Қазақстан басшысы өз елінің Экономикалық ынтымақтастық ұйымының алдында тұрған міндеттерге көзқарасы нобайын, бұл ұйымның өзіне не себептен қызықтырып отырған сәттерін саралап берді.*

Бізге Экономикалық ынтымақтастық ұйымының оған кез келген мемлекеттің кіре алатындай ашық болу идеясы, ұйымның экономикалық сипаты ұнайды. Геосаяси жағдайына, тарихи дәстүрлеріне сай Қазақстанның Азиядағы көршілерімен тығыз іскерлік ынтымақтастыққа ұмтылуы табиғи нәрсе.

Ынтымақтастықты барынша пәрменді ету және экономикалық байланыстарды дамыту жолдарын ой елегінен өткізіп, іздестіруде ТМД-дағы мемлекетаралық өзара қатынастар тәжірибесі экономикалық ынтымақтастық ұйымына белгілі бір пайда келтіре алады. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер өзара іс-қимылдарының ара салмағын аса мұқият екшеуге, сыртқы экономикалық байланыстардың ықтимал нұсқаларын таңдауға асқан жауапкершілікпен қарауы керек. Ондай нұсқалар онша көп те емес. Солардың бірі – біздің халықтарымыздың мүддесіне сай ТМД мен Экономикалық ынтымақтастық ұйымы арасындағы өзара тиімді қатынастарды жолға қою. Ресеймен, Украинамен және Закавказье мемлекеттерімен ынтымақтастық баршаға да қайтарым берген болар еді.

...Азияаралық темір жол магистралін төсеу мен біздің астаналарымызды жалғастыратын халықаралық темір жол магистралін ашу, мұнай-газ құбырларын жобалап, тарту, осы заманғы телекоммуникациялар жүйесін жасау жұмысын жеделдету қажет.

*Елбасы, сондай-ақ, Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, сауда мен кеден саясаты, тауарлар транзиті, айналадағы ортаны қорғау, қылмысқа және нашақорлыққа қарсы күресу, кадрлар даярлау, мәдени алыс-беріс, туризм салаларындағы ынтымақтастық мәселелеріне де назар аударды.*

"Солтүстік – Оңтүстік" және "Шығыс – Батыс" бағыттарында көлік және коммуникация тасқынын ұлғайту перспективалы іс деп санаймын. Каспий теңізі арқылы Иранға шығу, автокөлікпен Иран арқылы Түркияға және басқа мемлекеттерге жүк жеткізу, оңтүстік Каспийдегі Иран порттарын Экономикалық ынтымақтастық ұйымы елдерінің мүддесі үшін пайдалану проблемасын шұғыл шешуді ұсынамын.

Осы ұйымға мүше әрбір мемлекеттің ондағы өзінің орнын, өзінің нақты үлесін нақпа-нақ айқындап алуы маңызды болып көрінеді. Мәселен, Қазақстан осы заманғы аса қуатты Байқоңыр ғарыш базасына ие бола отырып, ғарыш байланысы, Орбитаға спутниктер шығару мәселесін шешуді өз мойнына алар еді. Басқа да – астық, сирек кездесетін металдар,



жабдықтардың жекелеген түрлерін жеткізудің мүмкіндіктері бар. Біз Экономикалық ынтымақтастық ұйымының жетекші халықаралық және аймақтық ұйымдарымен, қаржы институттарымен – Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Дүниежүзілік банкпен, Азия даму банкісімен және басқалармен байланыстар орнатуына айрықша маңыз береміз.

Саяси тұрақтылыққа, аймақтық әлеуметтік экономикалық дамуына жәрдемдесу, Арал және Каспий теңіздері проблемаларына байланысты экологиялық апаттың бетін қайтару ісінде күш-жігерді біріктіру мақсатында Қазақстан БҰҰ-ның Орта Азия жөніндегі комиссиясын құруды жөн деп санайды.

Таяуда Орталық Азия аймағының бес мемлекеті Аралды құтқарудың халықаралық қорын құрғанын хабарлап, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы тарапынан оған қолдау көрсетілетініне үміт білдіреміз.

*Кездесуге қатысушылар бірлескен мазмұндама қабылдап, "Экономикалық ынтымақтастық ұйымының 2000 жылға дейінгі және одан кейінгі кезеңге арналған ұзақ мерзімді перспективалары" деп аталатын Ыстанбұл декларациясына қол қойды.*

**ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ФОРУМЕ ГЛАВ ГОСУДАРСТВ – ЧЛЕНОВ  
ОРГАНИЗАЦИИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА (ОЭС)\***

---

*Стамбул, 5–7 июля 1993 года*

**НАМ ИМПОНИРУЕТ ИДЕЯ ОТКРЫТОСТИ**

Мы собрались в Стамбуле с весьма ответственной миссией, чтобы начать совместное движение к экономическому прогрессу во имя интересов наших народов.

В Казахстане придают большое значение настоящему форуму, на который прибыли руководители 10 государств для обмена мнениями и обсуждения ключевых вопросов регионального сотрудничества.

Учитывая потенциал стран – участников ОЭС, который достаточно высок, можно рассчитывать на то, что сотрудничество в рамках этой организации будет иметь большие перспективы.

Рассматриваемые сегодня Стамбульская декларация и Кветтинский план намечают для его участников основные вехи экономического сотрудничества на много лет вперед. Документы такого масштаба требуют соответственного стратегического видения их значимости, и поэтому весь процесс их обсуждения должен происходить в широком контексте наших новых взаимоотношений.

Я бы хотел обозначить контуры нашего видения предстоящих задач. Вероятно, может возникнуть вопрос – почему это ряд государств СНГ вступили в ОЭС?

У Казахстана на этот счет по крайней мере три причины: во-первых, нам импонирует идея открытости этой организации для вступления любого государства, что отражено в статье 36 Измирского договора; во-вторых, принципиально неполитический характер этой организации, что заключено и в названии, и в содержании всех ее основополагающих документов; и в-третьих, у Казахстана в силу его геополитического положения, исторических

---

\* Н. Назарбаев. Пять лет независимости. - Алматы: Қазақстан, 1996. – 153–160 сс.

традиций, имеется естественное стремление к тесному экономическому сотрудничеству со своими соседями по Азии.

Должен заметить, что для ОЭС может сослужить определенную пользу некоторый наш опыт межгосударственных взаимоотношений в СНГ. Весьма поучителен для осмысления и поиска путей более эффективного сотрудничества и развития экономических связей в рамках этой региональной организации факт экономического разъединения и разрыва хозяйственных связей между республиками бывшего Союза.

Мы усвоили еще один очень важный урок. Немаловажной причиной торможения интеграции в СНГ является, я думаю, чрезмерная ориентация некоторых государств на европейское и североамериканское направления экономических взаимодействий. Нам, новым независимым государствам, надо особенно тщательно выверять баланс своих взаимодействий, более ответственно относиться к выбору возможных вариантов внешнеэкономических связей.

Таких вариантов не так уж и много. Один из них – это укрепление интеграции в СНГ и более тесное взаимодействие между СНГ и ОЭС в интересах наших народов. Почва для этого уже имеется – наши центрально-азиатские государства входят и в то и в другое сообщество. Другой вариант – это всем нам отделиться и жить поодиночке, автономно. Кому-то, может быть, он и приемлем, но это было бы не в наших традициях, так как для народов Азии характерно – все сложные дела делать сообща, всем миром.

Еще один концептуальный вопрос – как нам строить отношения и как развивать плодотворное взаимодействие между ОЭС и мировым сообществом.

Одна из первоочередных задач, на мой взгляд, – это проблема координации наших усилий по развитию транспортных и коммуникационных сетей в наших странах. Экспертами сегодня обсуждаются различные альтернативные точки зрения.

Одни считают, что транспортные потоки и маршруты прохождения трубопроводов желательно организовать по формуле "Север – Юг", то есть из республик СНГ – через Иран к Персидскому заливу. Это очень интересная и экономически эффективная схема развития.

Другие полагают, что сегодня более предпочтителен выход центрально-азиатских стран СНГ на Запад по формуле "Восток – Запад", то есть пустить транспортные потоки через Кавказ и Турцию в Европу и к Средиземному морю.

Я не думаю, что было бы правильным выбирать варианты по принципу "или-или". Давайте будем жить по принципу "и то-и то", ведь любые крайности в чем-то ограничивают интересы наших народов, а мы стремимся к их процветанию.

Как известно, в прошлом году в Ашгабаде мы договорились о необходимости ускорения строительства трансасиатской железнодорожной магистрали и открытия международного автомобильного сообщения, соединяющего наши столицы. Для реализации договоренностей по формированию современной международной транспортной сети железных и автомобильных дорог, воздушных и водных путей, было бы целесообразно создать Комитет министров транспорта стран ОЭС и постоянно действующую при нем исполнительную комиссию.

Указанный комитет должен определить задачи, связанные с научной проработкой состояния транспортных систем наших стран, объемы международных грузовых и пассажирских перевозок, обобщить эксплуатационно-технические характеристики путей сообщения и транспортных узлов, установить уровень транспортных расходов в международных сообщениях и другие.

Второй крупный блок вопросов связан с проектированием и строительством нефтегазопроводов. Хочу подчеркнуть, что в наших общих интересах продумать возможности рационально использовать потенциал всех стран. Проведенное недавно в Алматы совещание экспертов из стран – членов ОЭС в области энергетики показало наличие множества привлекательных проектов и решений. Специалистам соответствующих стран следовало бы в ближайшее время приступить к работе и к очередному заседанию комитета ОЭС по энергетике в сентябре с. г. в Тегеране, на уровне министров выработать совместный план действий.

Для Казахстана и, как представляется, для некоторых других стран – членов ОЭС весьма важным является ускоренное создание современной системы телекоммуникаций, в том числе и между нашими странами, без которой немислима современная деловая жизнь и интеграция наших экономик в мирохозяйственные связи.

Серьезный интерес испытываем мы и к сотрудничеству в области промышленности и сельского хозяйства, где, благодаря взаимодополняемости наших экономик, заложены достаточно большие возможности.

Сотрудничество в рамках ОЭС в области либерализации торговли и таможенной политики, создание условий для транзита товаров, несомненно, оживят торговлю между нашими странами, тем более что нам есть чем торговать друг с другом.

Надеемся на плодотворное сотрудничество в рамках ОЭС и других, представляющих взаимный интерес областях, – охрана окружающей среды, борьба с преступностью и наркоманией, подготовка кадров, культурный обмен и туризм.

Как я уже говорил, на все эти проблемы существуют различные точки зрения, носящие в основном региональное происхождение. Правильнее было бы смотреть на эти проблемы с точки зрения континентальной, поднявшись над всем азиатским материком. Тогда мы увидим, что ОЭС должна стремиться обеспечить себе эффективные выходы транспортных и коммуникационных потоков на все четыре стороны нашего великого континента.

Именно на перекрестке транспортных и коммуникационных потоков по направлениям "Север – Юг" и "Восток – Запад" и будет формироваться и укрепляться Центральноазиатский общий рынок, к оформлению которого, я думаю, мы рано или поздно придем.

Из государств "дальнего" для нас зарубежья, которые входят в ОЭС, Казахстан имеет прямой выход только на Иран – по Каспийскому морю. Мы исторически и экономически заинтересованы в этом векторе своего экономического развития и просто обязаны реализовать его в интересах народов наших стран. Должен отметить, что сегодня уже налажено интенсивное экономическое взаимодействие с Турцией, а в отношениях Казахстана с Ираном и Пакистаном у нас еще немало неиспользованных резервов. И мы будем развивать их более активно, чем прежде.

Думаю, это совершенно естественно, что наряду с традиционно существующим сотрудничеством на северном направлении наших экономических взаимодействий, Казахстан будет укреплять свои позиции на южном и восточном направлениях экономического развития.

Теперь позвольте остановиться на развитии отношений ОЭС с мировым сообществом.

Во многих крупнейших странах нашего континента проживают довольно большие тюрко-мусульманские группы населения. Мы должны развивать отношения с такими государствами активно. Наша открытость всему миру, отсутствие каких-либо этнических и любых других барьеров в развитии новых контактов – это очень серьезное достижение, и надо стремиться реализовать его в полной мере. В первую очередь это касается активизации отношений с Китаем и Индией. Это наши соседи, а с соседями надо сотрудничать теснее и активнее.

Я думаю, если нам удастся устранить некоторые расхождения, со временем мы сможем стать процветающей организацией, которая будет иметь вес и влияние на всем азиатском континенте.

Развитие торгово-экономических связей, несомненно, должно оказать благотворное влияние на ситуацию в регионе, создание солидного фундамента в деле укрепления стабильности и безопасности в целом в Азии. В этой связи хотел бы подчеркнуть, что сотрудничество в рамках ОЭС мы

рассматриваем как одно из значимых направлений по созданию структур взаимодействия и мер доверия в Азии. Полагаю, что совместными усилиями мы могли бы внести свою лепту в это очень важное, отвечающее интересам всего мирового сообщества и прежде всего азиатского континента, ответственное дело.

Разумеется, что международная деятельность наших стран не может замыкаться в рамках одной организации и сотрудничество как отдельных стран, так и ОЭС с другими региональными и международными организациями и, прежде всего, с ООН пойдет лишь на благо всем нам. С учетом сказанного и в целях содействия политической стабильности, социально-экономическому развитию региона, его вовлечения в мирохозяйственные связи, объединения усилий по предотвращению экологической катастрофы, связанные с проблемами Аральского и Каспийского морей, угрожающей принять глобальный характер, Республика Казахстан считала бы целесообразным создание Комиссии ООН по Центральной Азии.

Если это предложение будет поддержано вами, а также международным сообществом и ООН, то мы готовы создать в Алматы все необходимые условия для его плодотворной работы во благо интересов наших народов.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТАИЛАНДҚА РЕСМИ САПАРЫ КЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

*Бангкок, 21 шілде 1993 жыл*

*Шілденің 21-інде Бангкокте болып өткен кездесуде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Таиланд Премьер-министрі Чуан Ликпай екі ел арасындағы қатынасқа байланысты мәселелердің кең ауқымын талқылады.*

*Қазақстан лидері осы сапарын Таиланд Корольдігі басшылығының шақыруы бойынша жасауда. Бұл – ТМД-дағы жас егемен мемлекет басшысының Оңтүстік-Шығыс Азияға бірінші ресми сапары.*

*Өткен жылы дипломатиялық қатынас орнатылғаннан кейін Қазақстан Таиландпен байланысты жан-жақты дамытуға ұмтылуда. Республика, оның Президентінің айтуынша, нарықтық экономика құрылысындағы, шетелдік инвестицияларды тарту үшін тиімді жағдай жасаудағы бұл елдің тәжірибесіне үлкен ықыласпен назар салады. "Бұл тәлім аларлық және пайдалы тәжірибе", деп тұжырымдады Н.Назарбаев.*

*Содан кейін болған баспасөз конференциясында Қазақстан Президенті Таиланд үкімет басшысымен келіссөздің қорытындысын табысты деп атады.*

**ТМД-ның болашағына қатысты сұрақтарға жауап бере келіп Нұрсұлтан Назарбаев былай деді:**

– Достастықты, әсіресе экономика саласында, нығайтуды жақтаймын. Біртұтас организм ретінде тіршілік етеді. Келісілген саясат жүргізу Достастықтың барлық елдерінің мүдделеріне жауап береді. Нақ осы себептен де биылғы жылдың мамырында ТМД-ның барлық мүдделі мемлекеттері экономикалық одақ құрған болатын.

\* "Егемен Қазақстан", 23 шілде 1993 жыл.

**СОБОЛЕЗНОВАНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ПРЕЗИДЕНТУ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ Б. ЕЛЬЦИНУ,  
ПРЕДСЕДАТЕЛЮ СОВЕТА МИНИСТРОВ РФ В. ЧЕРНОМЫРДИНУ,  
РОДНЫМ И БЛИЗКИМ ГЛАВЫ ВРЕМЕННОЙ АДМИНИСТРАЦИИ  
В ИНГУШСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ И СЕВЕРНОЙ ОСЕТИИ  
В. ПОЛЯНИЧКО, ТРАГИЧЕСКИ ПОГИБШЕГО В ЗОНЕ  
КОНФЛИКТА\***

---

*Алматы, 4 августа 1993 года*

Сообщение об этом было воспринято мною с глубокой скорбью. Я хорошо знал Виктора Петровича – мужественного и честного человека, подлинного патриота и интернационалиста. За долгие годы нашего знакомства постоянно убеждался в его высоких человеческих качествах. Он обладал большой политической волей, в последнее время неоднократно выполнял ответственные миротворческие миссии в различных регионах. Его смерть – большая утрата для России, всех стран Содружества.

Это трагическое событие – еще одно предупреждение о необходимости активизации усилий по всесторонней интеграции наших государств в целях ускорения социально-экономических реформ, стабилизации общественно-политической ситуации, предотвращения братоубийственных конфликтов, бессмысленной гибели людей. Светлая память о Викторе Петровиче Поляничко навсегда сохранится в наших сердцах.

*Президент попросил также передать искренние соболезнования родным и близким А. Корецкого и В. Кравчука, погибших вместе с В. Поляничко.*

\* "Казахстанская правда", 4 августа 1993 года.



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚЫТАЙ ПАРЛАМЕНТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

Алматы, 5 тамыз 1993 жыл

...Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты, біз қарым-қатынастарды принципті жаңа негізде құруымыз керек. Шекара мәселелері жөніндегі келіссөзге қанағат білдіремін, оның барысында екі жақ бұл саладағы проблемалар мен оларды шешу жолындағы көзқарастардың жақындығын көрсетті. Бұл Қытайдың өз көршісіне деген достық қатынасын білдіреді.

Қазақстандықтар Трансазиялық темір жол магистраліне үлкен үміт артады, оны төсеу жұмысына Қытай да құлшыныспен қатысуда. Бұл жол екі ел үшін де дүниежүзілік рынокқа шығудағы басты жолдарының бірі болмақ. Көліктің барлық түрлері саласында бұдан да тығыз байланыс орнатылады, экономикалық ынтымақтастықтың бар мүмкіндіктері барынша пайдаланылады деп үміт білдірді.

*Нұрсұлтан Назарбаев ҚХР басшылығының ресми сапармен келіп қайтуға шақыруын ризашылықпен қабыл алды.*

...Бізде жоғары дәрежеде талдауды қажет ететін көптеген мәселелер қордаланып қалды. Қытайдың көмегімен Қазақстан Тынық мұхитқа ғана емес, Таяу Шығысқа да шыға алады. Біздің республика үшін ҚХР-дің экономиканы, еркін экономикалық аймақтар құру тәжірибесін зерттеу пайдалы болмақ.

Менің Азиядағы сенім шаралары және ынтымақтастық жөніндегі кеңес шақыру туралы бастамамды Қытай үкіметінің алғашқылардың бірі болып қолдаған болатын. Бұл – маңызды қолдау. Аймақ елдері өз проблемаларымен өздері шұғылданып, көмекті басқа жақтан іздемеуі керек.

*Тимур Давамет Президентке жылы шырайлы қабылдауы үшін алғыс айтты. Ол ортақ тарихы бар көрші екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық барлық салада да интенсивті түрде дами беретін болады, деп сенім білдірді.*

\* "Егемен Қазақстан", 6 тамыз 1993 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ОСТАНКИНО"**  
**ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІЛШІСІНЕ**  
**БЕРГЕН СҰХБАТЫ\***

---

*Мәскеу, тамыз 1993 жыл*

**КИММЕН БОЛАТЫНЫМЫЗ – БОЛАШАҚТЫ АЙҚЫНДАЙТЫН**  
**СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ**

**Н. Ә. Назарбаев:**

– Ресейдің және Кіндік Азия елдері басшыларының Мәскеудегі кездесуінде Тәжікстанға байланысты мәселелер талқыланды. Сонымен бірге, кейбір елдердің біртұтас ақша жүйесінде, несие жүйесінде болуы талқыланып, біртұтас қорғаныс кеңістігі туралы сөз болды. Қорғаныс және сыртқы істер министрлігіне әскери ынтымақтастық туралы келісім-шарт әзірлеп, ядролық қару туралы мәселені бір жола шешу тапсырылды. Космодромды құрып кетуден сақтау үшін ортақ мақсаттар мен міндеттерге пайдалану жөніндегі құжатты әзірлеу де қолға алынбақ.

Мен космодромның базасында Ресейдің, Украина мен Қазақстанның қатысуымен халықаралық компания құруды ұсындым. Өйткені спутниктерді және басқаларын биік орбитаға шығаратын "Протондар" Ресейде жасалады. "Энергияның" екінші тобы да Ресейде жасалады. "Зениттер" – Украинаның өнімі. Тиісті құжаттар әзір болғанда осы үш елдің басшылары Байқоңырда кездесіп, шетелдік инвесторлар үшін ашық халықаралық компания құра алар едік. Мұның өзі космодромның тынысын кеңейтетіні сөзсіз. Біз құжаттардың әзірленуіне бір ай пұрсат бердік.

**Тілші:**

– Үш мемлекеттің басшылары сом (рубль) аймағы жөніндегі құжаттарға қол қойдыңыздар. Мынаны айтыңызшы, неге тек үш мемлекет?

**Н. Ә. Назарбаев:**

– Сом аймағында қалғысы келгендер құжатқа қол қояды деп ойлаймын. Осының алдында Президент Каримов екеуміз Алматыда кездесіп, бұл мәсе-

\* "Егемен Қазақстан", 10 тамыз 1993 жыл.

лені талқылағанбыз. Мемлекетаралық банк туралы шарт әр мемлекеттің өз валютасы болуына, іс-әрекетті үйлестіріп отыруға мүмкіндік бергенімен, Қазақстан мен Өзбекстан өз валютасын енгізбейтінін, сом кеңістігінде қала беретінін мәлімдеді. Бұл тұрғыда мені өзіміздегілер "Ресейдің жетегінде кетті", "Ресейдің ықпалында болды" және тағысын тағылар деп сынайтын болар. Бұл, енді саясат қой, ал өмірдің өз талабы бар. Егер бүгін Қазақстанда өндірілетін өнімдердің 65-70 проценті Ресейге шығарылып, шамамен осынша өнім Ресейден алынатын болса, онсыз да сорлап жатқан экономиканы одан әрі күштей берудің тауар өндірушілер үшін жаңа бір кедергі туғызып, өзара доллармен есеп айырысуға мәжбүр етудің не қажеті бар? Ол үшін клиринг банкісін құру туралы шартқа қол қойылып, Қазақстанның банктері Ресейде, Ресей банктері Қазақстанда ашылуы керек. Ал мұның толып жатқан қиындықтары бар.

Егер өз валютамызды енгізу қажет болып, біз бұған келетін болсақ, мұны қосымша қиындықтар туғызбастан, ештемені бүлдірместен достас мемлекеттер ретінде өркениетті тұрғыда жасауға болар еді. Біздің бөлініп-жарылып жатуымыздың қажетсіз екеніне мен сенімдімін және мені көп адамдар қолдайды деп ойлаймын. Мен өзімнің балаларыма, немерелеріме, болашақ ұрпаққа Ресей мен Қазақстанның арасында, орыстар мен қазақтардың арасында қандай да бір көмескілікті, түсінбестікті қалдырғым келмейді. Өйткені, бұл Назарбаевтың, Ельциннің, Каримовтің, немесе басқалардың жеке мәселесі емес. Кіммен болатынымыз – болашақты айқындайтын мәселе, бұл стратегияның мәселесі. Қазір, меніңше, ұлы да үлкен шешімдердің уақыты. Өйткені, барлық мемлекеттер қазіргі жағдайды ой-сараптан өткізуде, масаттанушылықтан айығудың уақыты жетті. Мемлекеттердің толғағы жетіп ие болған тәуелсіздігіне, егемендігіне нұқсан келтіру жөнінде ешқандай да сөз болып отырған жоқ.

Ал экономикалық мәселелерде сол Батыс Еуропаның өзі де бірігуге ұмтылып жатыр. Бұл жөнінде талай рет айтқанмын, қайталап жатпаймын. Ондағы мемлекеттер ортақ үкімет құруға, тосқауылдарды жоюға, ортақ кеден кеңістігін жасауға, ақшаның бірыңғай эквивалентіне көшуге ұмтылуда. Ал, біз болсақ, барымыздың өзін қиратып жатырмыз. Қазақстанның тұрақты түрде осы мәселені көтеретіндігі бәзбіреулерге ұнамайтын болуы керек. Осы мәселені көтеру арқылы біреулер саяси дивидент жинайтындай көрінетін болуы керек. Мен үшін ешқандай дивидент қажет емес. Бірақ экономист ретінде, ес білгелі бері экономикамен айналысып келе жатқан адам ретінде мен Қазақстан ұсынысының барлық тауар өндірушілердің мүддесіне сай келетінін көріп, біліп отырмын.

Біздің тауарларымыз бүгін кімге керек? Оларға Еуропада орын жоқ. Украинада, "Россельмашта" немесе Алтай трактор зауытында өндірілген өнімдердің тұтынушысы – Қазақстан. Ол өнімдерді Қазақстан сатып алады. Сатып алу, сатып алмау дегеніміз – бұл жай экономикалық категориялар, ал сол кәсіпорында жұмыс істеп, бала-шағасын асырап отырған ондаған, жүздеген, мыңдаған адамдардың тағдыры ше? Сондықтан да Украинаның, Ресейдің тауарлары өзіміздің ішкі рынокқа қажет. Қазақстан да тек осы кеңістікте өз өнімдерін сата алады. Дүние жүзінде жұрттың бәрі сауда кеңістігі үшін, рынок үшін бір-бірінің кеңірдегіне жармасып жатқанда, біз өзара тиімді рыногымызды жауып, басқаларға ашып бергеннен не ұтамыз?

### **Тілші:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, осы бас қосуды өткізу инициативасын Борис Николаевич білдірді ме, әлде Кіндік Азия республикаларының басшылары жасады ма?

### **Н. Ә. Назарбаев:**

– Борис Николаевич маған хабарласып, Кіндік Азия мемлекеттерінің басшыларымен олардың бәрінің Душанбеде немесе Алматыда кездесу жөніндегі мәселеге қалай қарайтынын білуімді өтінді. Тіпті, кездесу орны ретінде Барнаул, Орынбор да аталды. Өйткені, заставаға шабуыл жасалып, адам өліміне байланысты Тәжікстандағы жағдай барған сайын ушығып барады. Мен бәрімен хабарласқаннан кейін, Борис Николаевичпен қайтадан сөйлесіп, бұл мәселені талқылау үшін Мәскеуге жиналу ыңғайлы болатынын айттым. Осындай жағдайда келісіп, жиналуымыздың өзі өте маңызды деп ойлаймын. Өйткені, оқиғаның өзі төтенше болып тұр, Достастық елдерінің ортақ шекарасына шабуыл жасалды. Ал біз біртұтас шекара жөніндегі құжатқа, бір мемлекетке шабуыл жасалса, басқа мемлекеттердің әрқайсысы өзіне шабуыл жасалды деп санайтын құжатқа қол қойғанбыз.

Бұл жолғы инициатива Ресей Президенті тарапынан болды және мен оны дер мезгілінде жасалынған инициатива деп бағалаймын. Кездесу барысында үш құжат қабылданды. Біріншісі – Шекаралардың мызғымастығы туралы декларация. Сондай-ақ, Тәжікстандағы жағдай жөнінде мәлімдеме қабылданып, онда тәжік үкіметінің өзінің әскерін, шекара әскерін нығайтуы тиіс екендігі атап көрсетілді. Ал, біздің әскерлер олардың ішкі мәселелеріне, соғысқа араласпастан шекара күзетуге көмектесуге тиіс. Сонымен бірге,

үкімет пен оппозиция келіссөз үстеліне отыратын болса, бұған қолдау білдіретінімізді айтып, тәжік оппозициясына серпін бердік. Бұл бірден-бір дұрыс саяси қадам деп білемін. Үшінші құжатта біз Пәкстан, Ауғанстан, Иран, Түркия, Сауд Арабиясы мемлекеттерінің басшыларына сөз арнап, осы процесті ретке келтіруге қатысуын өтіндік. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымынан Тәжікстандағы жағдайды келесі сессияда талқылауды, БҰҰ-ның осында бақылаушылары болуын өтіндік.

### **Тілші:**

– Ендігі жерде Қазақстандағы, Өзбекстандағы және Ресейдегі оппозиция шекараны орыстар, қазақтар, өзбектер ғана күзетеді, ал басқа республикалар ол жаққа солдаттарын жібермейді деп сын айтатын болар. Сіз бұған қалай қарайсыз?

### **Н. Ә. Назарбаев:**

– Егер әркім өз үйінің өртенгенін күтіп отыратын болса, бұл қазіргі ең келеңсіз саясат деп ойлаймын. Сын болмай қалмайды емес, бірақ Қазақстандағы, Өзбекстан мен Ресейдегі оппозиция орыс, қазақ, өзбек, қырғыз жігіттеріне Тәжікстанда істейтін ештеме де жоқ дейтін болса, қатты қателеседі. Өйткені, бұл біздің ортақ шекарамыз, осы бір шепте ТМД-ның беріктігі сыннан өтуде.

Егер Тәжікстанда жаңа соғыс өртен тұтандырып, онда экстремистік бағдардағы мұсылмандыққа бағыт ұстайтын өздеріне ыңғайлы режим орнатқысы келетін күштер дегеніне жететін болса, мұны көршілес өзге мемлекеттерге де көшіргісі келетіні сөзсіз. Сондықтан да Ресей де, Қазақстан да, Өзбекстан мен Қырғызстан да, айтпақшы, Түрікменстан да бұл жағдайға көз жұмып қарай алмайды.

Мен ТМД-ның әр мәжілісінде Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі толық мәнінде жұмыс істеуі керек деп айтып келемін. Бұл жөніндегі құжатты Ресей парламентінің өткен аптада бекіткені дұрыс болды. Біздің парламент оны қабылдана салысымен-ақ бекіткен болатын. Өзбекстан мен Арменияның парламенттері де сөйтті. Сол құжатта біз Ұжымдық қорғаныс кеңесінің бейбіт мақсаттағы қарулы күштері болуы керек деген ойды айтқанбыз. Соны енді жүзеге асыру керек.

Бізде осы күнге дейін нағыз экономикалық одақтың және оның үйлестіруші органдарының болмауы, осы күнге дейін қол қойылған шарттарды жұмыс істету механизмінің жасалмауы салдарынан экономикамыз, халықта-

рымыз зардап шегуде. Айталық, өндірістің, соның ішінде Ресейдегі өндірістің тоқырауының 60 проценті экономикалық байланыстардың үзілуінен болып отыр. Бұл сонда кімге керек?

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың негізінде коалициялық қарулы күш құру жөніндегі жобаны ұсындым. Оны қорғаныс министрлері бірнеше күнге ары қарай талдап жасауға алды. Ортақ шекарамызды күзету, ортақ қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету Ресейдің ғана шаруасы емес. Барлық жерде Ресей соғысып жатыр деген сөз тумас үшін біздің арамызда да "көгілдір каска" секілді қарулы күштер құрылуы тиіс. Олар соғыс қимылдарына қатыспайды, бірақ тұрақтылықтың кепілі, егер оппозиция мен үкімет арасында келіссөз жүретін болса, оның дұрыс өтуінің кепілі болады. Коалициялық қарулы күштер біздің шартымызға қатысатын барлық мемлекеттердің арнайы бөлінген әскери бөлімдерінен құралады, оларды сол мемлекеттер киіндіріп, қаруландырады.

**Тілші:**

– Сіз болашаққа оптимизммен қарайсыз ба?

**Н. Ә. Назарбаев:**

– Егер сөз Тәжікстан туралы болып отырса, бұл мәселеде оптимизм сөзін қолданбай-ақ қоялық. Бұл жерде тактикалық шаралар қолданылуы керек.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ОРАЛДЫҢ ІРІ КӘСІПОРЫНДАРЫ  
ДИРЕКТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

*Орал, 8 тамыз 1993 жыл*

**ЕСЕЛІ ЕҢБЕКТИҢ БЕРЕРІ КӨП**

*Президент Нұрсұлтан Назарбаев Достастықтың бес мемлекеті басшыларының Мәскеудегі кездесуінен қайтар жолында тамыздың 8-і күні Оралға келіп түсті.*

*Ол әуежайдан тіке "Металлист" зауытына барып, онда республикалық "КЭМПО" корпорациясына кіретін жергілікті қорғаныс кәсіпорындары шығаратын халық тұтынатын тауарлар көрмесімен және облыс орталығындағы басқа да еңбек ұжымдарымен танысты.*

*"Зенит" зауытының өнімі Президенттің назарын ерекше аударды. Бұл қорғаныс кәсіпорнында конверсияның ауқымды кешенді бағдарламасы жасалып, қазірдің өзінде жұмыс істеп жатыр – жаппай сұраныстағы өнімдерге берілген тапсырыстың қомақты портфелі қалыптасты, сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешені мен қайта өңдеу өнеркәсібінің көптеген салаларына арналған технологиялық жабдықтар жасалады. Осында шығарылатын шұжық жасайтын және нан пісіретін шағын зауыттар тасымалдау мен құрастыруға қолайлы жағдай туғызатын контейнерлік конструкция арқасында облыс пен одан тысқары жерлердегі колхоздар мен совхоздарда үлкен сұранысқа ие болып отыр.*

*– Бұл өнім селоға өте қажет. Және ол аграршылардың қолына тезірек тиюі үшін бәрін де жасау керек.*

*Оралдықтардың көрмеге қойылған тағы бір өнімі жақсы өтуде. Бұл "Мотор" шағын мемлекеттік кәсіпорнының "Тай-12" шағын тракторы мен "Тай" мотоблоктары, "Агрореммаш" өндірістік бірлестігінің сүрлем жинайтын комбайндары мен бензин тасығыштары, "Омега" прибор жасау зауытының, "Кратер МТ" кардиологиялық кешені мен "Пилинг" радиостансалары, механикалық зауыттың жаңа үлгідегі үтіктері, металл*

\* "Егемен Қазақстан", 10 тамыз 1993 жыл.

бұйымдары зауытының "Фермер" электросепараторлары, жиһаз фабрикасының заттар жиынтығы, "Омега", Түркияның "Телеташ" фирмасы және республика Байланыс министрлігі құрылтайшылары болып табылатын "Комтел" бірлескен кәсіпорнының микротолқынмен жұмыс істейтін КАР-100 радиотелефон жүйелері.

Көрме залында Оралдың аса ірі кәсіпорындарының директорларымен болған әңгімеде Нұрсұлтан Назарбаев күрделі жағдайда еңбек коллективтерін сақтап қалып, кәсіпорындарды банкротқа ұшыраудан аман алып қалу үшін олардың көп күш жұмсап, іскер қарымдылық пен кәсіпкерлік көрсете білгенін атап өтті. Ол өндірілетін өнімді өткізу рыноктарын таяу да, алыс та шет елдерден табандылықпен іздеп, шетелдік фирмалармен бірлескен өндірістер құруға батыл баруға кеңес берді.

– Мемлекет бұл жағынан сіздерге кедергі жасамайды. Қазақстандық кәсіпорындарды бақылау және қорғау қызметін ғана атқарады. Қазір ең бастысы – аман қалу. Ал, үкімет те, мен де қорғаныс кәсіпорындарына қолдан келген көмекті көрсетуге тырысамыз.

*Өнеркәсіпшілермен және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесуінде мемлекет басшысы Мәскеуде Ресей Президенті Борис Ельцинмен жүргізген келіссөзінің қорытындысына қанағаттанғандығын мәлімдеді:*

– Қол жеткен уағдаластықтар Қазақстанның Ресеймен қазіргі өзара тиімді экономикалық қатынастарын бұрынғыдан да жоғары деңгейге көтерді және екі егемен ел арасындағы саяси және әскери тұрғыдан достық байланыстардың мызғымастығын тағы да дәлелдеп берді. Біздің қатынастарымызда басқа нұсқаның болуы мүмкін емес. Қазақстан қашанда Ресейге шын көңілмен және адал ниетпен қарайтын, ешқашан қойнына тас жасырған емес, біз де оның тарапынан осындай жауап боларын күтеміз.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ АУҒАН-ТӘЖІК ШЕКАРАСЫНДА БОЛҒАН  
ҚАРУЛЫ ОҚИҒАҒА БАЙЛАНЫСТЫ АУҒАНСТАН ПРЕЗИДЕНТІ  
БУРХАНУДДИН РАББАНИҒА ЖОЛДАҒАН ХАТЫ\***

---

*Алматы, 14 тамыз 1993 жыл*

Тамыздың 10-ында қарулы топ ауғанның Мой-Май қыстағына қарсы Тәжікстан аумағында шекарашылар отырған машинаға шабуыл жасады. Соның нәтижесінде бес шекарашы тұтқынға алынып, Ауғанстан аумағына әкетілді. Олардың арасында Қазақстан батальонының құрамындағы майор Сергей Петухов бар.

Бұл оқиға ТМД мемлекеттері басшыларының Москва кездесуі нәтижесінде тәжік-ауған шекарасындағы жағдайды реттеуде және тәжік босқындарын Отанына қайтаруды қоса алғандағы мәселелердің барлық кешені бойынша Ауғанстан және Тәжікстан сыртқы істер министрлерінің төте келіссөзі кезіндегі ілгерілеу байқалған кезде болды.

*Қазақстанның Ауғанстанмен өзара сыйластық және ынтымақтастық қатынастарды дамытуға ұмтылысын қуаттай отырып, Нұрсұлтан Назарбаев Бурхануддин Раббаниға Ізгі ниет танытуды және тұтқынға алынған шекарашыларды тезірек қайтарудың кезек күттірмес шараларын қолдануды сұрады.*

---

\* "Арқа ажары", 17 тамыз 1993 жыл.

**ПОСЛАНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ПРЕЗИДЕНТУ АФГАНИСТАНА БУРХАНУДДИНУ РАББАНИ  
В СВЯЗИ С ВООРУЖЕННЫМ ИНЦИДЕНТОМ,  
ПРОИСШЕДШИМ НА АФГАНО-ТАДЖИКСКОЙ ГРАНИЦЕ\***

---

*Алматы, 14 августа 1993 года*

10 августа оружейная группировка совершила нападение на машину пограничниками на территории Таджикистана, напротив афганского кишлака Мой-Май, в результате которого были захвачены в плен и вывезены на территорию Афганистана пятеро пограничников, в том числе майор Сергей Петухов, входивший в состав казахстанского батальона.

Этот инцидент произошел в тот момент, когда наметился сдвиг в урегулировании ситуации на таджикско-афганской границе в результате московской встречи глав государств СНГ и прямых переговоров министров иностранных дел Афганистана и Таджикистана по всему комплексу вопросов, включая возвращение таджикских беженцев на родину.

*Подтверждая стремление Казахстана развивать с Афганистаном отношения взаимного уважения и сотрудничества, Нурсултан Назарбаев обратился к Бурхануддину Раббани с просьбой проявить добрую волю и принять безотлагательные меры к скорейшему возвращению захваченных пограничников.*

\* "Казахстанская правда", 14 августа 1993 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНА РЕСМИ САПАРЫ**  
**КЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Ақмола, 19 тамыз 1993 жыл*

*Тамыздың 19-ында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ақмолаға келді. Ол әуежайдан тура Целиноград ауданының егінжайына бет алды. Мұнда, бүкіл Ақмола облысындағы сияқты, бітік егін жайқалып өсуде. Егін оратын техника дайындық шебіне шығарылған. Ал бірқатар шаруашылықтар бидай оруды бастап кетті.*

*"Новоишим" совхоз-техникумында Қуаныш Балабаев бригадасының механизаторлары да комбайындарын өз алқаптарына шығарды. Мемлекет басшысымен кездесу кезінде олар егін орағын тез де ысырапсыз өткіземіз деп сендірді. Өйткені бидай қалың өсті, оны "Нивалармен" дестеге салуда, ал дестені қуатты астық бастырғыштармен жарақтандырылған он "Енесеймен" жинайтын болады. Механизаторлардың тиімді еңбегіне олардың түпкілікті нәтижеге деген жоғары мүдделілігі де жәрдемдесуде. Норманы орындаған жағдайда әрбір комбайыншы үш тонна астықты тегін алады, егін жинауда 400 мың сом табады. Норманы асыра орындаса – еңбек ақысы да тиісінше ұлғаяды.*

*– Тек "Қазмұнайөнімі" концеріні кәсіпорындарының жанар-жағар май материалдарымен іркіліссіз қамтамасыз етіп тұруын өтінеміз,- деді бригадир.*

*Осында да, "Воздвижен", "Родина" совхоздарында да Нұрсұлтан Назарбаев диқандардың биыл астықты қалай жұмсамақ ниетіне ықылас қойды.*

*– Шаруашылықтар мүмкіндігінше оны тиімді сатуға қам-қарекет жасауға тиіс. Бұл өте маңызды. Біз сіздерге сатып алушылар табуға көмектесеміз. Дегенмен, өздеріңіз де агроөнеркәсіп банкілері, агроөнеркәсіп биржалары, сауда үйлері арқылы барлық мүмкіндіктерді пайдаланыңыздар, астықты*

---

*\* "Егемен Қазақстан", 21 тамыз 1993 жыл.*

базарларда сатумен де өздеріңіз айналысыңыздар. Қазір селода реформа жүріп жатыр. Ол аяғынан нық тұру үшін не істеу керек? Әрине, адамдардың нағыз қожайын болуына қол жеткізу керек. Ұжымдарға өздерінің басшыларымен бірге мемлекеттен негізгі қорларды сатып алуға, сөйтіп оның меншік иесі болуға неге талпынбасқа? Мұны акцияның 50 проценттен астамын сатып алу арқылы жасауға болады. Ал уақыт өткеннен кейін – шаруашылық басшылары акциялардың құнын олардың иелеріне төлеп, жеке-дара қожайын болуы нұсқасы да есептен шығарылмайды.

Мұндай жағдайда өндірістің жоғары тиімділігінің қамтамасыз етілетіндігін тәжірибе көрсетуде. Бұл идеяны байқап көру керек және таяудағы уақытта бірқатар облыстарда осындай эксперимент жүргізу керек деген ой келеді. Оған қатысуға талап білдірушілер қазірдің өзінде де аз емес.

*Егін орағын ұйымдастырудан басқа, Президент совхоздардағы құрылыстың барысына, селопықтардың еңбек және тұрмыс жағдайларына ықылас аударды.*

*Түстен кейін Ақмолада агроөнеркәсіп кешені қызметіне қатысты үкімет, бірқатар министрліктер мен ведомстволар басшыларының қатысуымен облыстар, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің кеңесі өтті.*

### **Кеңесте Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі:**

– Тың төсінде дәнді дақылдарды жаппай бастыруға дейін бірнеше күн қалды. Сондықтан да бізге егін орағына байланысты істерде айқындық қажет, ал егер дәлірек айтсақ, үстіміздегі жылға өзіміздің "астық саясатымызды" қалыптастыруымыз қажет. Ол астық сатып алуға да, несиеге де, баға проблемасына да қатысты.

Село еңбеккерлерінің қажырлы еңбегімен қоса алғанда ауа райының қолайлы жағдайы республиканың барлық ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алатындығына сенім ұялатады. Жауын-шашын жеткілікті болды, сондықтан да күз жаңбырсыз өтеді ғой деген үміт бар. Әйтсе де біз ауа райының қолайсыздығынан сақтандырылған жоқпыз.

Ауа райының күтпеген кірпияздығынан өзімізді сақтандыруымыз үшін біз егін орағының алғашқы күндерінен жұмысқа қолдағы бар техниканы, еңбек ресурстарын түгел қосуға міндеттіміз, деп атап керсетті мемлекет басшысы. Әңгіме комбайндарды барынша жабдықтау, көлік құралдарының бүкіл арсеналын, соның ішінде жекеменшік жүк көліктері мен коммерциялық құрылым-

дардың көліктерін іске қосу туралы болып отыр. Тәулік сайын бір миллион тоннадан астам дәнді қабылдауға әзір болуға тиіспіз.

Республикада жанармай ресурсын жинақтау мәселесі өткір күйінде тұр. Ол негізінен Ресеймен клирингтік есеп айырысу бойынша өнім жеткізілімінің орындалмауына байланысты. "Ростконтракт" 54 мың тонна автомобиль бензинін, 286 мың тонна дизель отынын, 70 мың тонна дизель майын кем жөнелтті. Мұнай өнімдерін жөнелту маусым айында-ақ толығымен тоқтаған болатын.

Тек соңғы үкіметаралық деңгейдегі келіссөздер ғана жағдайды түзетуге мүмкіндік берді. Қазір жеткізілім қалпына келтірілді, Павлодар және Шымкент зауыттарына мұнай жеткізілуде. График бойынша тамыз айында біз Ресейден 70 мың тонна бензин мен 60 мың тонна дизель отынын алуға тиіспіз. Бұл, әрине, жеткіліксіз, дегенмен шаруашылықты ұқыпты жүргізсек, селоның қажетін қанағаттандыра аламыз.

Өз өндірісін ескере отырып республика тамыз айында 340 мың тонна бензин мен 380 мың тонна дизель отынын алып, өндіруге тиіс. Осы көлемнен агроөнеркәсіп кешеніне тиісінше 150 мың және 290 мың тоннасы беріледі. Май жеткізілімінің мәселесі де оң шешімін табуда. Қазіргі кезде, жағдайдың қаншалықты мүмкіндік беруіне орай, басқа тұтынушыларға мұнай өнімдерін босатуды барынша қысқартып, оларды бірінші кезекте егін орағы жұмыстарына жөнелту керек.

Жалпы алғанда шаруашылықтар егін орағына әзір. Алайда, егін ору және көлік құралдарын, дән тазарту және кептіру жабдықтарын әзірлеу барлық жерде бірдей аяқталмағандығы аландатуда. Астық өнімдері жүйесінде элеваторлардың бір бөлігі өткен жылдың өнімінен босатылмаған, олардың көпшілігі жөндеуді қажет етеді, таразы және кептіру шаруашылығы байқаудан өтпеген. Мамандандырылған қоймалар мен цехтар картоп пен жеміс, көкөніс өнімдерін қабылдауға толық әзір емес.

Оңтүстік облыстардан автокөлікті тыңға жөнелту мәселесі баяу шешілуде. Олар он мыңға жуық машинелер бөлуге тиіс еді, ал келгені тек бір жарым мың ғана. Облыстық және қалалық әкімдердің жоспарланған көлік жеткізілімін саны жағынан да, мерзімі жағынан да сөзсіз орындауын бекем талап етемін. Егін ерекше бітік өскен Павлодар және Семей облыстары ғана автомашинелер жеткізілімінен босатылады, олардың саны ТМД елдерінен келетін машинелер есебінен толтырылатын болады.

Көптеген облыстар биылғы егін орағын өз күштерімен атқармақ. Сырттан көмекті тек Торғай, Қостанай, Ақмола және Ақтөбе облыстары ғана күтеді.

Ол республика тарапынан да, біздің Ресейдегі, Беларусьтегі серіктестеріміз тарапынан да көрсетілетін болады. Мұндай уағдаластық қазірдің өзінде бар.

Мемлекет селоға қомақты көмек көрсетіп келді және көрсете беретін болады. Биылғы егінді қалыптастыруға аграрлық секторға қазірдің өзінде бір триллион 174 миллиард сом несие ресурсы бөлінді. Селолықтардың барлық қажеттері қамтамасыз етілмегені сөзсіз, бірақ үкімет те, сондай-ақ әкімшіліктер, шаруашылық органдары, коммерциялық құрылымдар да қолдан келгеннің бәрін жасады.

Астық бастырудың түпкілікті көрсеткіші қандай болатындығын – 30 елде 33 миллион тонна ма – қазір айту қиын. Бірақ бір мәселенің басы ашық, егер ауа райы бізді қандай да бір тосын жағдайларға душар етпесе, онда біз астықты өткен жылғыдан кем түспейтін мөлшерде жинай аламыз.

Оңтүстік облыстарда масақты дәнді дақылдардың түсімі өткен жылғы деңгейде, ал бірқатар аудандарда – 20-30 процент жоғары болады. Батыс Қазақстан, Семей және Павлодар облыстарында астықтың жалпы бастырылуы өткен жылғыдан екі еседей артық болады деп күтілуде. Қалған аймақтарда астықтың шығымдылығы өткен жылдың деңгейінде.

Астықтың осындай шығымдылығын және дәнді тұқымға, жемге және шаруашылықтарға заттай төлемге қажетті мөлшерде құйып алуды ескере отырып, алдын-ала есептер бойынша, оның 16 миллион тоннаға жуығын сату мүмкін болады.

Осы жерде мынадай сұрақ та туындайды: тауарлы астықты қандай жолмен сатып алуымыз керек. Бұл ретте үш түрлі пікір бар.

**Бірінші** – тауарлы астықты мемлекет "Қазастықөнімдері" концерні жүйесі арқылы тұтасымен сатып алып, астық жеткізілімі жөніндегі барлық үкіметаралық шарттарды үкімет жүзеге асырсын. Бұл бұрыннан белгілі практика. Ол астықты барынша сақтауға және оны бір орталықтан сатуға мүмкіндік береді. Оның үстіне облыстар да бірінің бағасын бірі төмендетіп, қаптарын арқалап базар кезбейтін болады. Бірақ осындай мөлшерде астық сатып алу үшін мемлекет кем дегенде 1,3 триллион сом бөлуге тиіс. Мұндай үлкен сома бюджетте қаралмаған, банктердің бұған несие ресурстары жоқ. Алдағы жылдың бюджетін белгілеген кезде, тегінде, астықтың қажетті мөлшерін сатып алуға ақша ресурстарын көздеу қажет болар. Өйткені бұл мақсатқа берілетін несиелер нанның бағасына тікелей әсер етеді. Сондықтан да біз оған дотация беруге мәжбүрміз.

Мысалға, егер мемлекет шаруашылыққа биылғы егін астығының бір тоннасы үшін 70 мың сом төлесе, онда қосылған құн салығын, 68 процент

несие ставкасын, дайындау ұйымдарының шығындарын ескергенде ол 133 мың сомға түседі. Яғни, бүгін сатып алушы 14 сом төлеп жүрген жоғары сортты ұннан пісірілген бір бөлке нан 300 сом тұратын болады. Басқаша айтқанда, әр бөлкеге мемлекеттің дотациясы 286 сом құрайды, бұл өткен жылғы егіннің астығына бөлінген дотация сомасынан 4 есе көп. Біз үшін мұндай жол мүмкін емес.

**Екінші пікір** – орталықтандырылған әдіспен 10 миллион тонна астық немесе тек мемлекеттік тапсырыс көлемінде ғана сатып алу. Бұған несие ресурстарынан 839 миллиард сом қажет болады. Қалған алты миллион тоннаны шаруашылықтар өздері сатуға тиіс. Бұл орайда астық жөніндегі үкіметаралық келісімдердің бір бөлігі мемлекеттік ресурстар есебінен, бір бөлігі – облыстар есебінен өтеледі. Бірақ, бұған да ақша ресурстары болмай отыр.

**Және үшінші пікір:** орталықтандырылған әдіспен 7 миллион тонна астық сатып алу – бұл біздің астыққа деген ішкі қажетіміз. Оның 2,7 миллион тоннасы ұн алуға, 2 миллион тоннасы – құрама жемге, 400-500 мың тоннасы – тұқымға, 690 мың тоннасы – жарма дақылдарын алуға жұмсалады. Бір жарым миллион тоннаға дейін сақтық қоры ретінде қалады. Бидай сатып алу 5 миллион тоннадан кем болмауға тиіс және де әңгіме тек жұмсақ, үшінші кластан төмен болмайтын бидай туралы ғана болып отыр.

Бұл нұсқа үкімет үшін барынша қолайлы: мемлекет өзіне тиісті сападағы қажет дақылды ғана сатып алатын болады. Өткен жылы барлық сапасыз астық мемлекетке сатылып, ал жақсысы коммерсанттардың қолына түскені құпия емес. Сол себепті де қазір "Қазастықөнімінде" миллион тоннаға жуық сапасыз астық сақтаулы жатыр.

Мемлекеттік ресурстағы астықты оңтүстік аймақтарға тасымалдауды барынша азайту үшін Алматы, Жамбыл, Жезқазған, Қызылорда, Семей, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында шаруашылықтардан түсетін астықтың бәрін сатып алған дұрыс болады. Бұл астық олардың ішкі қажеттеріне жұмсалады. Бұл – 1,5 миллион тонна көлемінде. Қалған 5,5 миллион тонна астықты дақылдар бойынша бөліп, басқа облыстарда орналастырған жөн. Бұл орайда шаруашылықтарда әлі де 9 миллион тонна тауарлы астық қалады. Оны совхоздар мен колхоздарда сақтау керек, астықты өндірушінің өзі де оны келісілген баға бойынша, бірақ үкіметаралық келісімдерді ескере отырып, сата алады.

Представленные в этом зале общественные организации и движения вносят немалый вклад в решение этой благородной и гуманной задачи. Им необходима действенная поддержка политиков. Я обращаюсь с этой трибуны к правительствам стран ядерного клуба с инициативой о продлении до 2005 года моратория на испытания ядерного, химического, биологического, всех видов оружия массового поражения. Правительства стран ядерного клуба перед лицом своих народов имеют реальный шанс делами доказать, что в XXI век наш мир может войти с молчащими ядерными полигонами.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ХОЛДИНГТІК ЖӘНЕ  
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯЛАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ  
ҚАТЫСУЫМЕН ӨТКЕН КЕҢЕСТЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Алматы, 3 қыркүйек 1993 жыл*

**БІЗДІҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫМЫЗ –  
ЖАҢА НАҒЫЗ МЕНШІК ИЕЛЕРІН ЖАСАУ**

Қыркүйектің 3-інде Алматыда мемлекеттік холдингтік және акционерлік компаниялар басшыларының қатысуымен өткен кеңесте жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың кезек күттірмейтін міндеттері талқыланды. Оны Нұрсұлтан Назарбаев ашты.

– Биылғы маусым айында "Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" Жарлық шыққаннан кейін мемлекеттік холдингтік және акционерлік компаниялар құрылып, олардың президенттері тағайындалды. Осы маңызды қызмет орындарына іскер, өндірісті жақсы білетін, реформаны жақтайтын адамдар келді. Оларда бұл реформаларды өмірге белсенділікпен енгізіп, экономиканы нарықтық қатынастарға өтудің таңдап алынған бағытына сәйкес жаңа тұрғыда қайта құру үшін барлық мүмкіндіктер бар. Енді мұндай жайбарақаттыққа салынуға болмайды. Жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың Ұлттық бағдарламасы бұлжымастан орындалуға тиіс.

Республика басшылығы экономикамызды дағдарысты жағдайдан алып шығудың жолдарын табандылықпен іздестіруде. Атап айтқанда, Ресейдің өкімет орындарымен қарқынды келіссөз жүргізілуде, Қазақстанның ішкі мүмкіндіктері мен бай әлеуетін пайдалануға есептелген өз шараларымыз жасалуда, ауыр кезеңнің күрделі мәселелері мен қиындықтарын жеңудің әртүрлі тактикалық нұсқаулары қолданылуда. Бірақ бір нәрсе – реформаларды одан әрі дамытып, тереңдету, нарықтық экономиканы құру ең басты да мызғымас мақсат ретінде қалып отыр. Республика осы бекем бағыттан айнымақ емес.

Бізде экономикалық өзгерістер процестерінің кең көлемді және тұрлаулы сипатқа ие болғаны сүйінішті. Енді бұдан арғы жұмыстың барлығын ескі

---

\* "Егемен Қазақстан", 7 қыркүйек 1993 жыл.

экономикалық жүйеден жаңа, әлеуметтік нарықтық экономикаға өтуді мүмкін болғанша жеңіл, мейлінше аз экономикалық және әлеуметтік шығындармен жүргізу төтенше маңызды. Және де бұл бірінші кезекте, әрине, біздің жалпыға ортақ түпкі мақсатқа жетуіміздің қуатты құралы болып табылатын жекешелендіруге қатысты.

Нарыққа өтудің бірінші кезеңінен тәлім аларлық уақыт жетті. Ал ол болса, негізінен біздің демократиялық ағымның әсерімен кәсіпорындарға мемлекеттік мүліктің меншік иесінің құқығын беруімізге келіп саяды. Нәтижесінде, экономиканы басқарудың жаңа нарықтық тұтқалары негіздерін құрмай жатып, республика оның ескі әдістерінен іс жүзінде бір сәтте-ақ айырылып қалды. Әлдебір уақытқа басты нәрсе – өндіріс, еңбек өнімін ұлғайтуға мүдделі жаңа меншік иесін құру қажеттігі естен шығарылды.

Осы себептерден, сондай-ақ қоғамда етек алған құқықтық нигилизмнен мемлекеттік органдардың бұл процестерге ықпал ету құқығы мен мүмкіндіктері жоққа шығарылды. Сонымен бірге шаруашылықты басқарудың далиған және тиімділігі аз жүйесі қалыптасты. Экономиканы басқарудың жалпы жүйесіндегі бос кеңістікті болдырмауға тырысып, үкімет салалық министрліктер мен ведомстволардың базасында концерндер мен корпорациялар құруды қолдады. Көптеген шаруашылық субъектілері, өз кезегінде, дербес басқару жүйелерін құруға кірісіп, олардың штаттарын далитып жіберді және олар үшін мемлекеттік үй-жайларды иемденді. Жергілікті әкімшіліктер жүйесі бойынша үшінші бағыт та пайда болды. Олар да заңдарды айналып өтіп, өз қол астына кәсіпорындарды, оның үстіне, әдетте, ірі, жалпы мемлекеттік маңызы бар кәсіпорындарды біріктіруге тырысуда.

Қазір республиканың мемлекеттік секторында 60-қа жуық концерндер, корпорациялар мен бірлестіктер бар. Ал олардың бір бөлігі бақылаусыз кетіп, коммерциялық жүйелер болып өзгеріп жатыр. Өздеріне бағынышты объектілерінің, әдетте, басқа аймақтарда орналасқанына қарамастан, олардың көпшілігінің аппараты астанада жайғасқан. Бұл жерде басқарудағы қандай да болсын іскерлік туралы әңгімелеудің өзі қиын екендігі түсінікті. Басқару дегенің іс жүзінде жоқ. Өйткені, бұл құрылымдардың өздерінің құрамына кіретін кәсіпорындардың қызметіне нақты ықпал ету тұтқалары мен әдістері болмай отыр.

Көңіл көншітпейтін қорытынды да осыдан келіп шығады: шаруашылықты басқару органдары бұрынғыға қарағанда айтарлықтай көп болғанына қарамастан, экономиканы басқару жүйесі жақсарған жоқ.

Осының барлығы аса қатты алаңдатады. Экономиканы басқарудың тиімді де өркениетті жүйесін құрмай, материалдық өндірісті тұрақтандыру мен өрге

бастыруды қамтамасыз етудің мүмкін еместігіне терең сенімдімін. Өйткені ол – біздің барлық ісімізді жақсартудың негізі. Кез келген, тіпті ең нарықтық шаруашылығы дамыған елде, мемлекет белгілі бір дәрежеде экономикалық даму процестерін басқарып отырады.

Міне, сондықтан да біз өзіміздің жас мемлекетіміздің алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне жетудегі рөлін кемсітпеуіміз керек. Оның үстіне, қазіргі экономикалық дағдарыстың терең себептері үнемі кем өндірушілікте жатыр. Мұндай жәйт бұрынғы кеңес мемлекетінде әрқашан орын алып келген. Ал ол ыдырағаннан кейін бөлініп шыққан әрбір елде іс жүзінде дағдарысты көлемге жетті.

Басқаша айтқанда, нарыққа өтудің ниеті мен бағдарламасын практикалық істер арнасына аударатын кез жетті. Бұл ретте Қазақстанға молшылық пен байлықты тек қана тиімді ұйымдастырылған өнімді еңбек қамтамасыз ете алатындығын ұдайы есте ұстауымыз керек.

Бұл факторды экономиканың барлық салаларына негіз ретінде қалау керек. Ал оны іс жүзіне асырудың негізгі түрлерінің бірі орта шаруашылық буынында басқару құрылымдарының жаңа жүйесін құру қажет. Оны қалыптастырудың негізі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында қаланған.

Құру процесін жандандыру және ең бастысы, ұлттық, мемлекеттік, холдингтік және акционерлік компаниялардың тиімді қызметін ұйымдастыру міндеті тұр. Бұл жұмыс әзірге тым баяу өрістеуде. Жаңа құрылымдарды құру жөніндегі нақты істер туралы айтпағанның өзінде, тіпті тиісті құжаттардың өзі әзір емес.

Тиісті жарлықтар мен қаулыларды жүзеге асырудағы нашар қызметі үшін Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетті, басқа да министрліктер мен ведомстволарды қатаң сынға алып, мемлекет басшысы, бұл тек бастамасы, сол біз жасауға тиісті үлкен де күрделі жұмыстың бірінші және ең аз бөлігі екендігін атап көрсетті. Бұған уақыт та аз бөлініп отыр. Бүгін атқарылмаған істі ертең орындау – екі, егер үш есе болмаса, қиындай түседі.

Сондықтан да қазір холдингтер мен компанияларды іс жүзінде ұйымдастыру мен олардың жаңа сапада жұмыс істей бастауы қызметін күшейту қажет. Бұл орайда құрылып жатқан құрылымдардың негізін республиканың аса ірі кәсіпорындары – біздің индустрияның ұйытқысы құрайтынын есте ұстау керек. Көп ретте олар технологиялық жағынан өзара байланысты, сондықтан да осы өзекті тек қолдап және сақтап қана қоймай, олардың бірлесе және жан-жақты дамуына серпін де беру керек.

Сондай-ақ холдингтік және акционерлік компаниялардың құрылымдары мен басқару органдары мәселесі де өте маңызды. Көп нәрсе олардың дұрыс

шешіміне байланысты. Басшылықты бақылау кеңестері мен басқармалар (атқару дирекциялары) жүзеге асырады деп көзделіп отыр. Бұл, тегінде, дұрыс та шығар. Мұнда ең бастысы әркімнің өкілеттігін дәл анықтап, олардың арасында құқықтар мен қызметтерді айқын бөліп беру.

Қазір қызмет істеп жүрген холдингтер мен компаниялардың жұмыс тәжірибесін ескере отырып, кеңестерді ұйымдастыру мен олардың қызметі принциптерін тағы да және жедел түрде қайта қарап, оларды дұрыс сәйкестікке келтіру қажет. Мұнда толық айқындық пен нақтылық болуға тиіс. Бақылау кеңестерін еш жағдайда да формальды органдарға немесе кеңесші клубтарға айналдыруға болмайды. Олар мемлекеттік экономикалық саясаттың, атқарушы өкімет пен басқару органдарының шешімдерін жүзеге асырушы, ал президент басқаратын басқарма – осы шешімдердің орындаушысы болып табылады. Олар холдингтің немесе компанияның шаруашылық қызметін басқару саласындағы тиісті құқыққа ие.

Жаңа шаруашылық құрылымдарын құруды жалаң мақсатқа айналдыруға болмайды. Олардың пайда болуымен салалық министрліктердің міндеттері айтарлықтай өзгеруге тиіс, олардың басшылары өз құрылымдарын, шешілетін проблемалар ауқымы мен жұмыс әдістерін түбірімен қайта қарауы қажет. Бұл Министрлер кабинетінің де міндеті.

Холдингтердің, ұлттық және акционерлік компаниялардың құрылуына байланысты үкіметтің мемлекеттік сектордағы қазір жұмыс істейтін концерндер мен корпорациялар санын қысқарту мәселесін де шешуі керек. Жұмыс істемейтін басы артық қондырма атаулының бәрі таратылуға тиіс.

Құрылатын құрылымдар қатып қалған нәрсе емес. Олар өтпелі кезеңде, әзірше басқа іскер де дәйекті ұсыныстар болмай отырған кезде өте қажет. Кейіннен, даму өресіне қарай осы холдингтер мен компаниялардың барлығы да көп салалы ірі өнеркәсіпті-қаржылық топтарға айналады. Ал егер жаңа ұсынақты жобалар мен іскер ұсыныстар пайда болса, олар да назардан тыс қалмайды.

Сондай-ақ кәсіпорындарды, әсіресе құрылатын компаниялар құрамына кіретін және, сонымен бірге жеке жоба бойынша жекешелендіруге жататын кәсіпорындарды акционерлендіруге байсалды назар аудару қажет. Мұнда сол объектінің ерекшеліктерін ескеріп, оның жеке мүдделерін жалпы талаптармен ұштастыратын жекешелендіру әдісі мен формасын дұрыс таңдай білу өте маңызды. Шығарылған акциялар міндетті түрде бағалы қағаздар рыногында айналымға түсуге тиіс. Мемлекет пен кәсіпорындардың өздерінің қаржы ресурстарының қосымша қайнар-көздерін құру үшін жүргізілетін акционерлендірудің негізгі мәні де осында жатыр.

Жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асырудың табысты болуы көп ретте Мемлекеттік меншік жөніндегі мемлекеттік комитеттің және басқа экономикалық органдардың, жергілікті әкімшіліктер мен кәсіпорындар басшыларының бірлесе және үйлесімді жұмысына тәуелді. Біздің түпкі мақсатымыз – жаңа нағыз меншік иелерін жасау. Мемлекет бұдан былай залалмен жұмыс істейтін кәсіпорындарға жәрдемақы бере алмайды. Әрбір акционерлік немесе холдингтік компания тек өз қаржысына ғана өмір сүріп, дамуға тиіс. Мемлекеттік инвестициялар тек жалпы ұлттық маңыздағы объектілерге ғана бағытталатын болады.

Дағдарыстан қайткенде тезірек шығып, содан кейін экономикамызды ұдайы нығайтып отырсақ болады деп көп ойлаймын. Біз үшін ең маңыздысы – нарықтық экономикаға көшу, өндірісті экспортқа бағдарлау. Қазір әлемнің дамыған елдерінің бәрі де осылай бастаған. Сондай-ақ көптеген мемлекеттер ғылымды көп қажет ететін жаңа өнімдер шығаруға иек арта, өздерінің дәстүрлерін әлемде қалыптасқан дәстүрлермен ұштастыра отырып, шетелдік инвестициялар мен лицензияларды кеңінен пайдаланды. Осы дүниежүзілік тәжірибеге сіздер, өндірушілер де, үкімет те бағдар алғанын қалар едік.

**ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА СОВЕЩАНИИ С УЧАСТИЕМ РУКОВОДИТЕЛЕЙ  
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ХОЛДИНГОВЫХ И АКЦИОНЕРНЫХ  
КОМПАНИЙ\***

---

*Алматы, 3 сентября 1993 года*

...Руководство республики настойчиво ищет пути вывода нашей экономики из кризисного состояния. В частности, ведутся интенсивные переговоры с российскими властями, разрабатываются собственные меры, рассчитанные на использование внутренних возможностей и богатого потенциала Казахстана, применяются различные тактические варианты преодоления сложностей и трудностей тяжелого периода, но главным и незыблемым остается одно – дальнейшее развитие и углубление реформ, построение рыночной экономики. И от этого твердого курса республика отступать не намерена.

Отрадно, что процессы экономических преобразований у нас приняли широкомасштабный и необратимый характер. Теперь чрезвычайно важно всю дальнейшую работу построить таким образом, чтобы переход от старой экономической системы к новой, социальной рыночной экономике был, насколько только возможно, плавным, с наименьшими экономическими потерями и социальными издержками. И это в первую очередь, конечно, относится к приватизации, являющейся мощным средством достижения нашей всеобщей конечной цели.

Пора извлечь уроки из первого этапа перехода к рынку. А они, главным образом, сводятся к тому, что под влиянием демократических веяний мы в законодательном порядке отдали предприятиям права собственника государственного имущества. В результате, не создав даже основ новых рыночных рычагов управления экономикой, республика практически в один момент утратила старые. На какое-то время было предано забвению главное

\* "Казахстанская правда", 4 сентября 1993 года.

– производство, необходимость создания нового собственника, заинтересованного в увеличении продукта труда.

По этим причинам, а также из-за развившегося в обществе правового нигилизма были сведены на нет права и возможности государственных органов воздействовать на эти процессы. Одновременно сложилась громоздкая и малоэффективная система хозяйственного управления. Стремясь разрядить вакуум в общей системе управления экономикой, Правительство поддерживало создание концернов и корпораций на базе отраслевых министерств и ведомств. Многие хозяйствующие субъекты, в свою очередь, стали создавать собственные управленческие структуры, раздувая их штаты и занимая для них государственные помещения. Появилось и третье направление, по линии местных администраций. Они в обход законов тоже пытаются объединить под своим началом предприятия. Причем, как правило, крупные, общегосударственной значимости.

Сейчас в государственном секторе республики насчитывается уже около 60 концернов, корпораций и объединений, а часть бесконтрольно трансформировалась в коммерческие структуры. Аппарат абсолютного большинства из них располагается в столице, хотя подведомственные объекты, как правило, находятся в других регионах. И тут, понятно, трудно вести речь о какой-либо действенности управления. Его, по сути дела, нет, так как у этих структур отсутствуют рычаги и методы реального воздействия на деятельность входящих в их состав предприятий.

Отсюда и малоутешительный вывод: несмотря на то что органов хозяйственного управления стало значительно больше, чем раньше, система управления экономикой не стала лучше.

Все это очень серьезно беспокоит. Глубоко убежден, без создания эффективной и цивилизованной системы управления экономикой невозможно обеспечить стабилизацию и подъем материального производства. Ведь она – основа улучшения всех наших дел. В любой стране, даже с самым развитым рыночным хозяйством, государство в той или иной степени управляет процессами экономического развития.

Вот почему мы не должны умалять роли своего молодого государства в достижении поставленных целей и задач. Тем более что глубинные истоки нынешнего экономического кризиса кроются в хроническом недопроизводстве, которое всегда присутствовало в бывшем советском государстве, а после его распада достигло критических масштабов практически в каждой отделившейся стране.

Иными словами, намерения и программы перехода к рынку пора переводить в плоскость практических дел. При этом следует постоянно иметь в виду, что достаток и богатство Казахстану может обеспечить только эффективно организованный производительный труд.

Данный фактор надо заложить в качестве основы во всех сферах экономики, а одной из основных форм его практической реализации сделать создание новой системы управленческих структур в среднем хозяйственном звене, основы формирования которой заложены в национальной программе разгосударствления и приватизации.

Предстоит активизировать процесс создания и, самое главное, организации эффективной деятельности национальных, государственных холдинговых и акционерных компаний. Эта работа пока разворачивается крайне медленно. Не готовы даже соответствующие документы, не говоря уже о практических делах по созданию новых структур.

Подвергнув Госкомимущества, другие министерства и ведомства резкой критике за слабую деятельность по претворению в жизнь соответствующих указов и постановлений, Глава государства подчеркнул, что это только начало, первая и самая малая часть той большой и сложной работы, которую необходимо проделать. И времени здесь отпущено очень мало. То, что упускается сегодня, завтра вдвое, если не втрое, будет делать сложнее.

Поэтому сейчас необходимо форсировать деятельность по практической организации холдингов и компаний и началу их функционирования в новом качестве. При этом следует иметь в виду, что основу создаваемых структур составляют крупнейшие предприятия республики – костяк нашей индустрии. Зачастую они технологически связаны между собой. И эту сердцевину надо не только поддержать и сохранить, но и придать импульс для их совместного и всестороннего развития.

Важны также вопросы структуры и органов управления холдинговыми и акционерными компаниями. От их правильного решения зависит очень многое. Предполагается, что руководство будут осуществлять наблюдательные советы и правления (исполнительные дирекции). И это, наверное, правильно. Главное тут точно определить полномочия каждого и четко распределить между ними права и функции.

Исходя из опыта работы уже действующих холдингов и компаний, надо еще раз и срочно пересмотреть принципы организации и деятельности советов, привести их в правильное соответствие. Тут должна быть полная ясность и четкость. Наблюдательные советы ни в коем случае нельзя



превращать в формальные органы или совещательные клубы. Они являются проводниками государственной экономической политики, решений органов исполнительной власти и управления, а правления во главе с президентом – исполнителями этих решений, наделенными соответствующими правами в области управления хозяйственной деятельностью холдинга или компании.

Создание новых хозяйственных структур нельзя превращать в самоцель. С их появлением должны существенно измениться функции отраслевых министерств, руководителям которых необходимо коренным образом пересмотреть свою структуру, круг решаемых проблем и методы работы. Это и задача Кабинета министров.

Правительству надо решить и вопросы сокращения количества действующих концернов и корпораций в государственном секторе в связи с созданием холдингов, национальных и акционерных компаний. Все лишние неработающие надстройки должны быть ликвидированы.

Создаваемые структуры не являются застывшими формированиями. Они нужны в переходный период, пока нет других деловых и обоснованных предложений. Впоследствии по мере развития все эти холдинги и компании трансформируются в крупные многоотраслевые промышленно-финансовые группы. А если появятся новые толковые проекты и дельные предложения, то и они не будут оставлены без внимания.

Самое серьезное внимание необходимо уделить также акционированию предприятий, особенно тех, которые входят в состав создаваемых компаний и одновременно подлежат приватизации по индивидуальному проекту. Здесь очень важно правильно выбрать метод и форму приватизации, учитывающие особенности данного объекта и сочетающие его индивидуальные интересы с общими требованиями. Выпущенные акции обязательно должны обращаться на рынке ценных бумаг. В этом и состоит главный смысл акционирования, чтобы создать дополнительные источники финансовых ресурсов государства и самих предприятий.

Успех реализации национальной программы приватизации во многом зависит от совместной и слаженной работы Госкомимущества и других экономических органов, местных администраций и руководителей предприятий. Конечная наша задача – создать новых настоящих собственников. Государство дальше не может дотировать убыточные предприятия. Каждая акционерная или холдинговая компания должна жить и развиваться только на собственные средства. Государственные инвестиции будут направляться исключительно на объекты общенационального значения.

Я много думаю о том, как нам побыстрее выйти из кризиса и затем постоянно укреплять нашу экономику. Самое важное для нас – это переход на рыночную экономику, экспортная ориентация производства. Так начинали все развитые ныне страны мира. Многие государства широко использовали также иностранные инвестиции и лицензии, делая упор на производство наукоемкой новой продукции, сочетая свои традиции со сложившимися в мире. Хотелось бы, чтобы на этот мировой опыт ориентировались и вы, производители, и Правительство.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕУРАЗИЯ ЕЛДЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ӘЙЕЛДЕР КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАҒАН  
ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*Алматы, 8 қыркүйек 1993 жыл*

Сіздерді жас және тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасының астанасы – Алматыда ыстық ықыласпен және шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Әйелдердің қоғамдағы тұрақтылықты, тыныштық жағдайда қолдауда дәстүрлі түрде үлкен рөл атқаратындығын және біз жүргізіп отырған барлық реформаларға белсенді қатысатындарын терең қанағат сезіммен атап өте аламын.

Парасат пен салауатты ақылдың салтанат құратындығына, ал аналық қайырымдылық пен мейрімділіктің, сүйіспеншілік пен адалдықтың, төзімділік пен даналықтың біздің барлығымызға осы бір қиын уақыттан өтуімізге көмектесетіндігіне сенімдімін.

Егер барлық елдердің әйелдері қол ұстап біріксе, онда олардың дүниені жақсырақ, таза да қайырымдырақ ете алатынына сенемін.

Сіздердің конференцияларыңыздың жұмысына табыстар тілеймін.

---

\*"Егемен Қазақстан", 8 қыркүйек 1993 жыл.

**ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ОТКРЫТИИ ДНЕЙ КУЛЬТУРЫ РФ В КАЗАХСТАНЕ\***

---

*Алматы, 10 сентября 1993 года*

...Проведение Дней культуры вызвано велением сердец настоящих добрых друзей-соседей, а не какой-то там политической данью сиюминутным ситуациям и соображениям конъюнктурного характера. Нынешний приезд в Алматы большой группы российских мастеров искусств – свидетельство того, что наше общее сотрудничество не может быть вне культурного пространства. В культуре – душа человека, душа народа, и без нее невозможно построение более цивилизованного общества, движение к которому мы уже начали.

\* "Казахстанская правда", 11 сентября 1993 года.

## ОТВЕТЫ

### ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА ВОПРОСЫ КОРРЕСПОНДЕНТА "КАЗАХСТАНСКОЙ ПРАВДЫ" ВО ВРЕМЯ ПОСЕЩЕНИЯ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ\*

---

*Северо-Казахстанская область, 14 сентября 1993 года*

#### ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СОЮЗ КАЗАХСТАНА И РОССИИ НЕ ПОСЯГАЕТ НА ПОЛИТИЧЕСКУЮ НЕЗАВИСИМОСТЬ РЕСПУБЛИКИ

##### **Вопрос:**

– Нурсултан Абишевич! Некоторая часть работников сельского хозяйства рассматривают Ваш приезд в Северо-Казахстанскую область, на полях которой полным ходом идет уборка урожая, как продолжение практики прежних лет: Президент приехал за зерном, и теперь хозяйства вынуждены все его сдать государству...

##### **Н. А. Назарбаев:**

– Это совершенно напрасные тревоги. Задача у меня диаметрально противоположная: объяснить хлеборобам, что большую часть своего урожая нынче придется продавать самим. Если, как говорится, Бог даст, и в целом по Казахстану мы получим около 30 миллионов тонн зерна. Нашей республике его нужно всего лишь 6,5–7 миллионов тонн. Весь остальной хлеб, повторяю, хозяйствам придется реализовать самим. Конечно, не стоит это делать каждому в отдельности, чтобы не составить друг другу ненужную конкуренцию. Есть республиканская биржа, ее филиалы созданы по всему Казахстану. Если надо, государство поможет найти покупателя в лице той или иной иностранной фирмы. Но цену будут устанавливать производители зерна.

##### **Вопрос:**

– К сожалению, для свободной торговли у нас не самые лучшие времена. Платежи с основным покупателем зерна – Россией – практически заморожены. Наши наличные деньги там уже не ходят...

---

\* "Казахстанская правда", 16 сентября 1993 года.

## **Н. А. Назарбаев:**

– Обо всем этом мы говорили на совещании по вопросам экономического сотрудничества Казахстана и России. Только что состоявшаяся в Кокчетаве встреча премьер-министров двух государств С. Терещенко и В. Черномырдина, где они подписали соглашение о том, что с 20 сентября нынешнего года на казахстанско-российской границе отменяется таможенный контроль для граждан обоих государств, – это, на мой взгляд, первый практический шаг по созданию рублевой зоны нового типа, о чем недавно договорились шесть стран СНГ.

Скажу прямо, у нас в Казахстане есть немало противников этой идеи, в том числе и среди депутатов Верховного Совета, которому предстоит ратифицировать договор об экономическом союзе, если он, как предполагается, будет подписан 24 сентября. Противники эти требуют отказа от рублевой зоны и введения собственной валюты, полагая, что лишь эта мера поможет нам оздоровить экономику и добиться настоящей независимости. Что ж, ввести собственную валюту можно, но что это даст народу Казахстана?

Мы тщательно изучили опыт введения своей валюты Украиной, Беларусью, странами Прибалтики и, конечно же, соседним Кыргызстаном. И пришли к выводу, что торопиться с подобным мероприятием не следует. Мало того, что у нас сразу же выкачают доллары, ежедневной продажей которых мы вынуждены будем поддерживать курс своей денежной единицы. Нам придется бюджет уже следующего года сводить с дефицитом всего лишь в 3–5 процентов, как этого требует Международный валютный фонд. А как это сделать? Все просто. Выход здесь только один – свернуть финансовую помощь тем, кто пострадал во время ядерных испытаний в районе Семипалатинского полигона, забыть лет на 10–5 о проблемах Аральского региона, заморозить или даже сократить размеры пенсий по старости, свести на нет государственные дотации тем или иным отраслям промышленности, сельскому хозяйству.

Что ж, если Верховный Совет пойдет на это, можно и свою валюту вводить. Но надо ли торопиться создавать себе искусственные трудности? Скажите, что страшного в том, если у нас с Россией будет единый рубль, одинаковая налоговая система, банковские ставки, единое таможенное пространство и вообще схожее законодательство?

Да, проект договора об экономическом союзе предусматривает создание общего банка, членами правления которого будут председатели национальных банков стран Содружества, подписавших этот документ. Да, соз-

дается суд, в который может обратиться любой член экономического союза, если его интересы каким-то образом ущемлены. И, тем не менее, думается, что когда народ и депутаты Верховного Совета ознакомятся с договором, то все поймут, что ни о каком покушении на нашу политическую независимость и речи не идет.

**Вопрос:**

– Так Вы считаете, что предстоящая сессия Верховного Совета Республики Казахстан будет непростой?

**Н. А. Назарбаев:**

— Да, похоже на то. Ведь помимо ратификации договора об экономическом союзе и, как следствие этого, поправок к ряду законов нашей республики депутатам придется обсудить и Закон о новом Верховном Совете. Я считаю, что очередной парламент, который мы выберем через полтора года, должен быть профессионально работающим и состоять примерно из 135 человек. Хотел бы, чтобы на переходный период по два человека от каждой области, города Ленинска и столицы республики были назначены туда либо предложены для избрания Президентом. Это позволило бы, учитывая национальные особенности Казахстана, провести в Парламент лучших представителей большинства народов, населяющих республику.

Требует пересмотра и Закон о местном самоуправлении. Ныне действующий, на мой взгляд, слишком громоздок. На селе достаточно будет старосты, избираемого людьми, а вот Советы в районах, городах и областях следует сохранить. Но необходимо подумать о том, как изжить ненужные конфликты между ветвями представительной и исполнительной властей. Надеюсь на то, что по тем вопросам, которые я обозначил, понимание с Верховным Советом мы найдем.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТҮРКІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕКІНШІ ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ\*

*Алматы, 15 қыркүйек 1993 жыл*

Күздің осы күндері көне де қонақжай қазақ жеріне келген түркі поэзиясының халықаралық екінші фестиваліне қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын.

Түрлі елдердің көркемсөз шеберлерінің мұндай кездесулерінің маңызына баға жеткісіз. Әдебиет адамдарды, оның үстіне – тілдерінің түп-тамыры ортақ, бір дінді ұстанатын және көп жағынан ұқсас тарихы бар біздің халықтарды жақындастыратын бірегей қасиетке ие. Поэзияның күш-құдіреті жақсы мәлім. Ол асқақ сезімдер мен ізгі ұмтылыстарды оятады. Түркі тілдес халықтар ғасырлар бойы шынайы ақындарға терең құрметпен қарап келген. Шығыста олар қашан да кеңінен танымал болып келді. Адамдар сіздердің сөздеріңізге, сіздердің жазғандарыңызға құлақ қояды. Сіздердің қолдарыңызда халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюіне, түркі мәдениетінің күш-қуатын еселей түсуге ықпал ететін зор мүмкіндіктер бар. Қарым-қатынас ерекше әсерлі тілде – поэзия тілінде жүретін Алматы фестивалі әдебиеттің аса маңызды миссиясын – халықтардың рухани байлығын биіктетуге өз ықпалын тигізеді деп үміттенемін.

Бұл фестиваль – егемен Қазақстан үшін ерекше болып отыр. Ол Шығыстың ұлы ақыны әрі ойшылы – Абайдың туғанына 150 жыл толуына арналған. Фестиваль қазақ әдебиеті данышпанының шығармаларын шетел тілдеріне аудару жөніндегі жұмысқа жаңа серпін береді деп сенгіміз келеді.

Бұл кездесу туысқан халықтардың рухани бірлігінің ізгі дәстүрлерін қайта жаңғыртуға қызмет ететіндігіне сенімім зор.

Сіздерге шын жүректен шығармашылық табыстар, қуанышты кездесулер және жемісті жұмыс тілеймін.

\* "Егемен Қазақстан", 16 қыркүйек 1993 жыл.



**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТНИКАМ ВТОРОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ФЕСТИВАЛЯ  
ТЮРКСКОЙ ПОЭЗИИ\***

---

*Алматы, 15 сентября 1993 года*

Сердечно приветствую участников второго Международного фестиваля тюркской поэзии, который в эти осенние дни пришел на древнюю и гостеприимную казахскую землю.

Трудно переоценить значение таких встреч мастеров художественного слова разных стран. Литература обладает уникальной способностью сближать людей, тем более – наши народы, которые имеют общие языковые корни, единую религию и во многом схожую историю. Сила поэзии хорошо известна. Она будит высокие чувства, благородные порывы. Тюркоязычные народы испокон веков с глубоким уважением относятся к истинным поэтам. На Востоке они всегда пользовались огромной популярностью. Люди прислушиваются к вашим словам, к тому, что вы пишете. Вы располагаете большими возможностями способствовать расширению международного сотрудничества, приумноженному потенциалу тюркских культур. Надеюсь, что алматинский фестиваль, где общение происходит на особенно выразительном языке – языке поэзии, будет содействовать реализации важнейшей миссии литературы – возвышению духовных ценностей народов.

Нынешний фестиваль – особенный для суверенного Казахстана. Он посвящен предстоящему 150-летию великого поэта и мыслителя Востока – Абая. Хочется верить, что фестиваль даст новый импульс работе по переводу произведений гения казахской литературы на иностранные языки.

Глубоко убежден, что нынешняя встреча послужит восстановлению добрых традиций духовного единения братских народов.

От всей души желаю вам творческих успехов, радостных встреч и плодотворной работы.

\* "Казахстанская правда", 16 сентября 1993 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕХАНИЗАТОР,  
ТРАКТОРШЫ МАМАНДЫҒЫН ИГЕРУ ЖОЛЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНА БАСТАМА  
САЛҒАН КӘМШАТ ДӨНЕНБАЕВАНЫҢ  
50 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

*Алматы, 16 қыркүйек 1993 жыл*

Сізді шын жүректен құттықтаймыз. Сіздің есіміңіз – шынайы Еңбек Ерінің аты – бүкіл республикаға кеңінен танымал. Сіз көптеген адамдар үшін таңдап алынған жолға адалдықтың, қиын да ізгі диқаншылық іске берілгендіктің жарқын өнегесісіз.

Сізге бүкіл қазақстандықтар атынан тек еңбектегі жетістіктері мен рекордты егін орақтары үшін ғана емес, сонымен қатар республиканың гүлденуі үшін жасалған нағыз биік адамгершілігі мен риясыз ерлігі үшін де шын жүректен алғыс айтамын. Сіздің және тың жерлердегі сіздің құрдастарыңыздың алдында біз бас иеміз. Қазақстанда қашанда тыңгерлердің жетістіктерін, олардың ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесін құрметтеген және құрметтей береді.

Сіз өзіңіздің жүздеген шәкірттеріңізді тәрбиелеп, үлкен қоғамдық жұмыс жүргіздіңіз.

Сізге мол бақыт, отбасында ырзыққа кенелуді, жаңа еңбек табыстарын, зор денсаулық және ұзақ өмір тілеймін.

\* "Егемен Қазақстан", 16 қыркүйек 1993 жыл.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ФИГАРО" ФРАНЦУЗ ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ\*

*Алматы, 16 қыркүйек 1993 жыл*

*Француз мемлекетінің басшысы Франсуа Миттеранның қыркүйектің 16-сында басталған Алматыға ресми сапарына байланысты "Фигаро" газеті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көлемді сұхбатын жариялады.*

## **ТМД елдеріндегі жағдай туралы**

Бұрынғы КСРО республикалары арасындағы дәстүрлі экономикалық байланыстарды сақтап және дамыта отырып, жаңа экономикалық одақ құру қажет. Өйткені, қазіргі қиын кезеңде аман қалуға тек осылар ғана мүмкіндік береді.

Украина өзін өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы соншалықты дамыған держава деп есептеп, басқа республикалардан бөлінсе болғаны, күрт байып шыға келемін деп есептеді. Бірақ рыноктары онсыз да сіресіп тұрған Батыста Украина тауарларын кім сатып алмақшы. Оларды біз сатып алып келгенбіз, бірақ Киев дүниежүзілік бағаға көшуге ұмтылып отырғандықтан, біз сол тауарларды, мәселен, Франциядан сатып алуға көбірек мүдделі боламыз. Сонымен, Украина біздің рыноктан айырылып қалды. Қазақстан өзінің болашағын "экономикалық өзгерістер ойдағыдай жүзеге асырылмақ болып отырған біртұтас демократиялық Ресеймен" тығыз достық байланыстар орнатумен байланыстырады.

Өз еркімен немесе еріксіз болса да ТМД-ның ыдырауын жақтап жүргендер Ресейдің де ыдырауына ықпал етеді, ал бұл жалпы алғанда жалпыеуропалық мүдделерге қайшы келеді, өйткені, құрылық тұрақтылық пен ынтымақтастыққа зәру. КСРО ыдырағаннан кейін үш славян мемлекетіне қарсы күш ретінде Орта Азия республикаларының конфедерациясын құру

\* "Егемен Қазақстан", 17 қыркүйек 1993 жыл.

қаупі пайда болды. Бұл "Еуроазия егесіне" душар ететіндіктен, оны істеуге мүлдем болмайтын еді.

### **Ф. Миттеранның Алматыға сапары туралы.**

– Ф. Миттеранның Алматыға сапары бұл процеске жаңа серпін беретіндігіне үміт білдіремін. Мені кейде біздің табиғи ресурстарымызды игеруге қатысудан Францияның соншалықты сырт қалып отырғандығы таңдандыратын-ды.

## ИЗ ИНТЕРВЬЮ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ФРАНЦУЗСКОЙ ГАЗЕТЕ "ФИГАРО"\*

*Алматы, 16 сентября 1993 года*

...Необходимо сохранить и развивать традиционные экономические связи между бывшими республиками СССР, создать новый экономический союз, поскольку только это может позволить выжить в нынешний трудный период. Например Украина, которая считала себя настолько развитой промышленной и сельскохозяйственной державой, что, казалось, ей было достаточно отделиться от остальных республик, чтобы сразу разбогатеть. Но кто на Западе, где рынки и так перенасыщены, будет покупать украинские товары? Покупали их мы, но коль скоро Киев добивается перехода на мировые цены, то мы больше заинтересованы покупать те же товары, например во Франции. Таким образом, Украина лишилась и нашего рынка.

...Казахстан связывает свое будущее с установлением тесных дружественных связей с единой демократической Россией, в которой будут успешно осуществлены экономические преобразования. Вольно или невольно тот, кто выступает за развал СНГ, содействует развалу и России, а это противоречит в целом общеевропейским интересам, поскольку континент нуждается в стабильности и сотрудничестве. После распада СССР возникла опасность создания конфедерации Среднеазиатских республик в противовес союзу трех славянских государств. Это было совершенно недопустимо, поскольку неизбежно привело бы к "евроазиатской конфронтации".

...Надеюсь, что визит Ф. Миттерана в Алматы придаст процессу развития двусторонних отношений между Казахстаном и Францией новый импульс. При этом должен отметить, что меня иногда просто удивляет, насколько Франция держится в стороне от участия в разработке наших природных ресурсов.

\* "Казахстанская правда", 17 сентября 1993 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ РЕСЕЙДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН  
САЯСИ АХУАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ  
МӘЛІМДЕМЕСІ\***

---

*Алматы, 22 қыркүйек 1993 жыл*

Бүгінде Ресейде қалыптасқан өткір жағдай оның ұлы халқының тағдырына селқос қарай алмайтын барлық адамдардың алаңдаушылығын туғызып отыр. Елеулі қарама-қайшылыққа тірелген реформалар процесі қажетті де табанды шараларды талап етіп отыр. Осыған байланысты Президент Б. Ельциннің іс-қимылын біз саяси тығырықтан шығу жолдарының бірі деп қабылдаймыз. Қабылданған шешімдерге құқықтық баға беру ісі байыпты ой елегінен өткізуді талап етеді.

Дегенмен, қазіргі кезден мәселе болжауы қиын салдарларға әкеліп соғуы мүмкін тайталастың одан әрі күшеюіне жол бермеуде болып отыр.

Өкіметтің жоғары деңгейінде белгілі бір шешімдердің қабылдануы – бұл егемен мемлекет болып табылатын Ресейдің ішкі саяси мәселесі екендігі сөзсіз. Қазақстандағы сияқты, барлық таяу және алыс шетелдерде де Ресей қоғамындағы тұрақтылыққа және демократиялық реформаларды одан әрі жалғастыруға мүдделі деп ойлаймын. Осыған байланысты барлық мүдделі жақтарды туындаған саяси проблемаларды шешудің сындарлы және өркениетті тәсілдерін іздестіруге шақырамын. Қазақстан басшылары атынан Ресеймен достық, тату көршілік қатынасын нығайтуда және дамытуда біздің бағытымыздың бұлжымайтындығы, біздің халықтарымыздың гүлденуі үшін көп жақты ынтымақтастыққа әзір екендігіміз туралы мәлімдеймін.

---

\* "Егемен Қазақстан", 23 қыркүйек 1993 жыл.

# ЗАЯВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА\*

---

*Алматы, 22 сентября 1993 года*

Острая ситуация, сложившаяся сегодня в России, вызывает обеспокоенность всех тех, кому небезразлична судьба ее великого народа. Процесс реформ, наталкивающийся на серьезные противоречия, требовал определенных и решительных мер. В связи с этим действия Президента Б. Ельцина воспринимаются нами как один из путей выхода из политического тупика. Правовая оценка принятых решений требует внимательного осмысления.

Однако в настоящее время суть вопроса состоит в том, чтобы не допустить дальнейшего усиления конфронтации, которое чревато непредсказуемыми последствиями. Безусловно, принятие тех или иных решений высшими эшелонами власти – это вопрос внутренней политики России, являющейся суверенным государством. Полагаю, что, как и в Казахстане, во всех странах ближнего и дальнего зарубежья заинтересованы в стабилизации и дальнейшем продолжении демократических реформ в российском обществе.

В этой связи еще раз призываю все заинтересованные стороны к поиску конструктивного и цивилизованного способа разрешения возникших политических проблем. От имени руководства Казахстана заявляю о неизменности нашего курса на укрепление и развитие дружественных добрососедских отношений с Россией, о готовности к многостороннему сотрудничеству во имя процветания наших народов.

---

\* "Казахстанская правда", 23 сентября 1993 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТМД-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР  
БАСШЫЛАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІСІНЕ ҚАТЫСУ ҮШІН БАРА  
ЖАТЫП, АВИАЛАЙНЕРІНІҢ БОРТЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН  
СҰХБАТЫ\***

*Президент ұшағының борты, 23 қыркүйек 1993 жыл*

**ТМД ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ҚҰРУ ТЕК  
ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҒАНА ЕМЕС, СОНДАЙ-АҚ БҮКІЛ  
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ІЗГІ ТІЛЕГІНЕ ДЕ САЙ**

*Қыркүйектің 24-інде ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кезекті мәжілісі өтуге тиіс. Алматыдан Мәскеуге ұшу сапарының уақыты осындай барлық жоспарлар сияқты Нұрсұлтан Назарбаев үшін өте тығыз болды. Қазақстан президенті өз айқындамасын өзі басқарған делегация мүшелерінің көзқарасын үйлестіріп, алда болатын кездесуде талқылана-тын құжаттар жобаларын тағы бір рет мұқият талдаудан өткізді.*

*Аса жұмысбастылығына қарамастан, мемлекет басшысының авиалайнерінің бортындағы журналисттермен кездесу үшін бірнеше минут уақыт тапты. ҚазТАГ тілшілері Мәскеудегі күтіліп отырған келіссөз жөнінде бірқатар сұрақтарға жауаптар алды.*

**Сұрақ:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы! Сіздің Ресей Федерациясының Президенті Борис Ельцинмен бірлескен ортақ экономикалық кеңістік құру жөніндегі орасан зор еңбегіңіз бұрынғы Кеңес одағының көптеген республикалары үшін өзінің қисынды қорытындысына келе жатқан сияқты. Қазірдің өзінде оннан астам егемен мемлекеттер экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қоюға әзір екені анық болып отыр. Бұған Сіз қанағаттанасыз ба әлде өзіңізді жете түсіне алмаған саясаткер ретінде ренжитін кезіңіз бар ма?

**Н. Ә. Назарбаев:**

– Қазіргі сәтте екіұдай сезімде екендігімді айтсам, бұра тартпасын деп ойлаймын.

\* "Егемен Қазақстан", 25 қыркүйек 1993 жыл.



Бір жағынан қуаныштымын. Ақыр соңында біздің елдеріміз біздің бәріміз тап аса қатаң дағдарыстан жеке дара шыға алмайтынын түсіне бастады. Тіпті, қосылуға қарсы тенденция ерекше күшті Әзірбайжанда, Грузияда, Молдовада және Украинада бірлескен күш-жігерді шоғырландырудың барынша қажеттілігін жақтаушылар саны артып келеді.

Екінші жағынан – әрине, толық қуаныш жоқ. Былайша алып қарағанда осы бір қарапайым шындықты түсіну бізге тым зор қиындықтарға түсті.

Экономика мәселелерімен көп айналысатын менің өз басым үшін, бұрынғы КСРО-ның барлық республикалары үшін біртұтас экономикалық кеңістікті сақтамайынша, гүлденген жаңа егемен мемлекеттерді құра алмайтындығы бірден түсінікті болды. Мысалы, тек өткен жылы ғана біздің кәсіпорындарымызды өндірістің құлдырауының жетпіс процентке жуығы таяу шетелдер шеңберіндегі шаруашылық байланыстарының үзілуімен байланысты болса, бұл жерде не айтарсың. Ал қазір мәселе жекелеген зауыттар мен фабриктердің ғана емес, сондай-ақ тұтастай өмірлік маңызды салалардың тұралап қалуына дейін жетті. Сондықтан да бұл үшін іс жүзінде кез келген азды-көпті қолайлы сәтті пайдаланып, жағдайды жақсылыққа қарай түбегейлі өзгерту жөнінде инициативаларды тұрақты жасап келдім.

### **Сұрақ:**

– Дегенмен, бізде экономикалық одақ жасау, оның үстіне Қазақстан мен Ресейдің ақша жүйесін біріктіру – республиканың белгілі бір дәрежеде өз егемендігін жоғалтуына апаратын төте жол деп пайымдайтын адамдар аз емес қой. Бұл осылай ма?

### **Н. Ә. Назарбаев:**

– Әрине, біздің қоғамымызда осындай көңіл-күйлердің бар екенін мен білемін. Бірақ момақан қолжаулық республикалардың енді жоқ екендігін, орталықтың өзінің де жоқ екендігін әркімнің айқын білуі тиіс. Әңгіме, шын мәнінде, олардың өздерінің берген өкілеттілігі шеңберінде егемен мемлекеттердің қатаң үйлестірілген экономикалық саясатын жүргізу туралы болып отыр.

Өйткені шарт, егер осыны қаласа, одан кез келген мемлекеттің шығу мүмкіндігін көздейді. Басқаша айтқанда, экономикалық одақ қатысушылардың еріктілігі, егемендігін құрметтеу, аумақтық тұтастығы, құқықтық теңдігі, сондай-ақ келісуші жақтардың болашақтағы одағының ережесін жүзеге асыруда өзара жауапкершілігі негізінде құрылады.

Бұл орайда ортақ банк құру керек екені түсінікті. Ал оның басқармасының мүшелері осы құжатқа қол қойған Достастық елдері Ұлттық банкілерінің басшылары болады. Тиісті сот органы да сондай болмақ.

**Сұрақ:**

– Бірақ нақ осының өзі келісуші республикалардың егемендігін кемсіту болып табылады ғой. Сіз өзіңізге өзіңіз қайшы келіп отырған жоқсыз ба?

**Н. Ә. Назарбаев:**

– Ешқандай да! Бір ел екінші елге тәуелді болмайтындай шексіз мемлекеттік егемендік бүгінгі әлемде ешқашанда болған емес және болмайды да. Өйткені бұл кез келген мемлекет үшін өзін-өзі оқшаулау дегенді білдіреді, ал осы заманғы тарихта мұндай дәлелдер аз емес.

Барлық елдер, мұны мен әлденеше рет атап айттым, белгілі бір дәрежеде өзара тәуелділікте болады. Сондықтан да бір республика өз кезегінде басқасын көндіру үшін, бір нәрсеге орай өзі де көнуі тиіс. Бұл жерде барлығы да қатаң мөлшерленген, тең құқықты негізге сүйенуі тиістігі басқа әңгіме. Міне осыны, біз өзіміздің экономикалық одағымыздың іргетасына қалағымыз келеді.

ТМД шеңберінде Қазақстан мен Ресей ізгі ниеттің осындай нақты мысалын көрсетті деп ойлаймын. Осыдан екі апта бұрын Көкшетау қаласында мен, үкімет басшысы Сергей Терещенко және Виктор Черномырдин біздің іргелес облыстардың басшыларымен кездесу өткіздік. Келіссөз нәтижесінде әлдекімдерге енді мүлдем шешілмейтіндей болып көрінген көптеген толғағы жеткен өзара жеткізілімдер мен есеп айырысулардың көптеген мәселелерінің шиеленіскен түйінін тарқатудың ғана емес, тіпті Қазақстан – Ресей шекарасындағы кеден тосқауылдарын жоюдың да реті келді. Рас, бұл әзірге жеке адамдар үшін ғана.

**Сұрақ:**

– Және соңғы сұрақ: Сіздіңше, экономикалық одақтың келешегі бар ма? Өйткені ТМД шеңберінде бұған дейін де аса көп әр түрлі шарттар, келісімдер және хаттамалар жасалды ғой. Бірақ іс жүзінде олардың барлығы да жұмыс істемейтін болып шықты.

**Н. Ә. Назарбаев:**

– Экономикалық одақ тек бір ғана жағдайда: егер әрбір мемлекет өздеріне алған міндеттемелерін сөзсіз орындайтын, қатаң келісілген саясат,

ең алдымен оны қаржы-бюджет және кеден салаларында жүргізетін болса ғана өмір сүре алады. Бұл үшін келісімдерді орындау үшін жұмыс істейтін үйлестіруші орган қажет.

Шетелден бізге аспаннан жайдан-жай шөлпек жаумайтынын түсінетін кез жетті. Әрине, көмек көрсетіліп жатыр, көрсетілетін болады, мүмкін ол аз да болмас. Дегенмен өзіміздің жеке проблемаларымызды біздің барлығымыз, түптеп келгенде өзіміз – бірлескен күш-жігермен, ұжымдық ақыл-оймен түбегейлі шешуді қолға алуымыз керек. Және де оны ең батыл түрде қолға алған жөн.

Қазір біздің адамдарымыз, халықаралық аренада салмақты және жауапты саясат жүргізіп отырған басқа мемлекеттердің барлық халықтары бізден қазір нақ осыны күтеді. Өйткені планетаның алтыдан бір бөлігін алып жатқан бұрынғы КСР Одағы елдеріндегі істің жағдайына көбіне-көп бүкіл адамзаттың тағдыры да байланысты болып отыр.

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
КОРРЕСПОНДЕНТАМ КАЗТАГ\***

---

*Борт президентского самолета, 23 сентября 1993 года*

**ЗАКЛЮЧЕНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА МЕЖДУ СТРАНАМИ СНГ  
ОТВЕЧАЕТ НЕ ТОЛЬКО ИХ ИНТЕРЕСАМ, НО И УСТРЕМЛЕНИЯМ  
ВСЕГО МИРОВОГО СООБЩЕСТВА**

*23 сентября утром Президент Нурсултан Назарбаев вылетел в Москву для участия в очередном заседании Совета глав государств – членов СНГ.*

*Летное время в пути из Алматы в Москву, где 24 сентября должно состояться очередное заседание Совета глав государств – членов СНГ, как и все перелеты подобного рода, Нурсултана Назарбаева было насыщено до предела. Президент Казахстана согласовывает собственную позицию с точками зрения возглавляемой им делегации, еще раз проводил тщательную проработку выносимых на обсуждение предстоящего саммита проектов документов.*

*Несмотря на большую занятость, Глава государства все же выкроил несколько минут, чтобы встретиться с находящимися на борту его авиалайнера журналистами. Корреспонденты КазТАГ получили ответы Президента на ряд вопросов по существу ожидаемых переговоров в Москве.*

**Вопрос:**

– Нурсултан Абишевич! Ваши совместные с Президентом Российской Федерации Борисом Ельциным многотрудные усилия по созданию общего экономического пространства для большинства республик бывшего Советского Союза идут, вроде бы, к своему логическому завершению. Уже сейчас ясно, что по крайней мере с полудюжины новых суверенных государств готовы подписать договор о создании экономического союза. Испытываете ли Вы от этого удовлетворение или все-таки есть какая-то горечь чувства не до конца понятого политика?

---

\* "Казахстанская правда", 25 сентября 1993 года.

### **Н. А. Назарбаев:**

– Думаю, не покривлю душой, если скажу: переживаю в данный момент двойное чувство.

С одной стороны, рад. Наконец-то в наши страны приходит понимание того, что в одиночку из того жесточайшего кризиса, в котором мы все оказались, не выбраться. Даже в Азербайджане, Грузии, Молдове и на Украине, где особенно сильны дезинтеграционные тенденции, растет количество сторонников настоящей необходимости консолидации совместных усилий.

С другой – конечно же, полной радости нет. Слишком больших жертв стоило нам усвоение этой в общем-то простой истины.

Лично для меня, много занимающегося вопросами экономики, сразу было ясно, что без сохранения единого для всех республик бывшего СССР экономического пространства новых процветающих суверенных государств не создавать. О чем тут говорить, если, к примеру, около семидесяти процентов спада производства на наших предприятиях еще в прошлом году приходилось на разрыв хозяйственных связей в рамках ближнего зарубежья. А сейчас дело дошло до паралича не только отдельных заводов и фабрик, но и целых жизненно важных отраслей. Поэтому постоянно и выступал с инициативами по кардинальному изменению ситуации к лучшему, используя для этого практически любой более или менее удобный момент.

### **Вопрос:**

– Но ведь у нас есть немало людей, утверждающих, что заключение экономического союза, а тем более объединение денежных систем Казахстана и России, – прямой путь к потере республикой в определенной мере своего суверенитета. Так ли это?

### **Н. А. Назарбаев:**

– Безусловно, о наличии таких настроений в нашем обществе я знаю. Но надо для себя четко уяснить и то, что нет уже ни послушных марионеточных республик, ни самого центра. Речь, по большому счету, идет о проведении суверенными государствами строго скоординированной экономической политики в рамках ими же делегированных полномочий.

Ведь договор предусматривает возможность выхода из него любого государства, если оно пожелает. Иными словами, экономический союз создается на основе добровольности участия, уважения суверенитета, территориальной целостности, равенства прав, а также взаимной ответ-

ственности договаривающихся сторон за реализацию положений предполагаемого союза.

Понятно, что тут не обойтись и без создания общего банка, членами правления которого станут руководители национальных банков стран Содружества, подписавших этот документ. Равно как и соответствующего судебного органа, куда может обратиться любой участник экономического союза, если посчитает, что его интересы каким-то образом обйдены.

**Вопрос:**

– Но ведь это как раз и является ущемлением суверенитета договаривающихся республик. Не противоречите ли Вы сами себе?

**Н. А. Назарбаев:**

– Нисколько! Безграничного государственного суверенитета, когда одна страна не зависит от другой, никогда в современном мире не было и не будет. Ибо это означает для любого государства самоизоляцию, а в современной истории таких доказательств немало.

Все страны, и это я не раз подчеркивал, в той или иной степени находятся во взаимной зависимости. Поэтому одна республика должна в чем-то уступать другой, чтобы в свою очередь получить уступки от нее. Иное дело, что все тут должно базироваться на строго дозированной, равноправной основе. Вот это как раз мы и хотим заложить краеугольным камнем в фундамент нашего экономического союза.

Думается, что вот такой наглядный пример доброй воли в рамках СНГ Казахстаном и Россией показан. Две недели назад в городе Кокчетаве я, главы правительств Сергей Терещенко и Виктор Черномырдин провели встречу с руководителями администраций наших сопредельных областей. В результате переговоров удалось не только распутать тугой клубок многих наболевших проблем взаимных поставок и расчетов, которые кое-кому уже казались вообще неразрешимыми, но и даже ликвидировать таможенные барьеры на казахстанско-российской границе. Правда, пока только для физических лиц.

**Вопрос:**

– И последний вопрос: есть ли, на Ваш взгляд, будущее у экономического союза? Ведь в рамках СНГ уже заключалось великое множество всевозможных договоров, соглашений и протоколов. Но практически все они оказались бездействующими.

## **Н. А. Назарбаев:**

– Экономический союз окажется жизнеспособным лишь при одном условии: если каждое государство будет неукоснительно соблюдать взятые на себя обязательства, проводить строго согласованную политику. Прежде всего в финансово-бюджетной и таможенной сферах. Для этого необходим действующий координирующий орган для исполнения договоренностей. В противном случае и это доброе начинание будет обречено на провал, останется благим намерением.

Пора понять, что манна небесная из-за рубежа нам вот так, за здорово живешь, не посыплется. Помощь, конечно, оказывается, будет оказываться. И, возможно, немалая. Однако за кардинальное решение своих собственных проблем мы все же должны браться наконец сами – общими усилиями, коллективным разумом. И что ни есть самым решительным образом.

Именно этого от нас ждут сейчас наши люди, народы всех других государств, проводящих на международной арене взвешенную и ответственную политику. Ведь от положения дел в странах бывшего Союза ССР, занимающих шестую часть планеты, во многом зависит и судьба всего человечества.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ СЕМЕЙДЕГІ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСКЕН КЕЗДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

*Семей, 28 қыркүйек 1993 жыл*

– Қазір ТМД елдерімен арадағы интеграциялық байланыстарды сақтау, оларды барынша дамыту өте маңызды. Бірақ, саяси егемендіктің экономикалық егемендіксіз түкке тұрмайтынын ұмытпаған жөн. Сондықтан экономика ең алдымен республиканың ішкі қажеттеріне қызмет етуге тиіс.

Егін орағы барысында қазақстандықтар Ресейден әкелінетін мұнай мен мұнай өнімдерінің жеткіліксіздігінен туындаған қиыншылықтарға тап болды.

Біздің еліміз өзін-өзі ақтамайтын кәсіпорындарды асырай алмайды. Қажетсіз өнім шығарғаннан жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы төлеген тәуір.

Сондықтан 1994 жылдан бастап рентабельсіз шаруашылықтар жәрдем қаржы алмайды. Несие жүйесі де басқаша болмақ. Алғашқы жылы несие жалпы негізде беріледі. Егер жыл бойы бұл ақша кәсіпорынға пайда әкелмесе, екінші жылы тек шаруашылықтың бар мүлкін кепілге беру арқылы ғана несие алуға болады. Егер бұл қаржы да желге ұшырылса – кәсіпорын аукционда сатылады. Бұл шараларды жүзеге асырмайынша, бізде ешқашан нағыз экономика болмайды, өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да басталған реформалар өмірге енгізілмек емес.

Соңғысына келсек, республиканың ішкі қажеті үшін 1,5 миллион тонна, резерв үшін де осынша мөлшерде, мал шаруашылығы үшін 2 миллион тонна және тұқымдық қор үшін – 1 миллион тонна бидай қажет. Сондықтан бидайға мемлекеттік тапсырыс биыл небәрі алты миллион тонна құрады. Колхоздар мен совхоздар қалған астықты өз еркімен пайдалана алады. Бұл олардан коммерциялық икемділікті, тапқырлықты талап етеді.

Мен, тұрғын үй проблемасын түбегейлі шешу мақсатына арналған Жарлыққа қол қойдым, оны жүзеге асырудың тиісті бағдарламасы мен тетіктері бекітілді. Сіздердің бұл құжаттарды мұқият зерттеп қана қоймай, сонымен қатар оларды нақты істерге айналдырғандарыңыз жөн. Ең бастысы – жеке тұрғын үй құрылысын қарқынды бастау.

\* "Егемен Қазақстан", 2 қазан 1993 жыл.



Келесі жылдан бастап тұрғын үй алу кезегі жойылады. Кезекте он жыл және одан да көп уақыт тұрғандарға мемлекет үй тұрғызу үшін берілетін алғашқы жарнаны төлейді және салық жеңілдіктерін береді. Әрине, белгілі бір әлеуметтік топтар үшін тұрғын үй тұрғызу жалғастырылады, бірақ бұдан былай қалалардағы пәтерлер не жалға беріледі, не сатылады.

Қазақстан Ресеймен ақша жүйелерін біріктіру туралы келісімге қол қойды. Айтқандайын, бізде бұдан республиканың тәуелсіздігіне қысым жасалуын көріп отырған адамдар бар. Бірақ болашақ толық егемендік үшін кейбір икемдікке бару да керек.

Кейбіреулер өз валютамызды енгізуге ерекше иек артуда. Бірақ, бұл жағдайда біз халықаралық валюта қорына бағынуға тиіспіз. Онда біз бұдан да күшті тәуелділікке ұрынып қалмаймыз ба? Өз валютамызды енгізіп, оны өміршең деңгейде ұстап тұру үшін бізге 3,5 миллиард доллар, 40–50 тонна алтын қоры қажет. Бюджет тапшылығы да 3-5 проценттен аспауға тиіс. Демек, көптеген әлеуметтік бағдарламалардан бас тартуға тура келеді, ал мұның қоғамға шиеленіс туғызатыны сөзсіз. Біз осыған әзірміз бе?

Кездесуде Президент Қазақстан халықтарының бірлігіне ерекше назар аударды.

Тек тыныштық, ертеңгі күнге деген сенімділік, қоғамның тұрақтылығы жағдайында ғана біз қиын өтпелі кезеңнен абыроймен өтіп, басталған реформаларды толық жүзеге асыра аламыз.

# **ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ПЕРЕД ЖИТЕЛЯМИ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВО ВРЕМЯ РАБОЧЕГО ВИЗИТА\***

---

*Семипалатинская область, 27–28 сентября 1993 года*

## **УСПЕХ РЕФОРМ ЗАВИСИТ ОТ НАШЕЙ РЕШИМОСТИ РАБОТАТЬ ПО-НОВОМУ**

...Казахстан по-прежнему будет находиться в рублевой зоне, и в ближайшее время его граждане получат возможность обменять деньги старого образца на новые российские без ущерба для себя. Единая рублевая зона даст возможность восстановить экономические связи между странами СНГ, остановить спад промышленного производства.

...Здесь ощутимо берут верх рыночные отношения, наблюдается снижение темпов экономического спада, а на ряде предприятий объемы промышленного производства даже наращиваются. Сейчас очень важно сохранить интеграционные связи между странами СНГ, всячески развивать их. Но следует помнить и о том, что политический суверенитет ничего не стоит без суверенитета экономического. Поэтому экономика должна служить прежде всего внутренним потребностям республики.

...В ходе уборки урожая казахстанцы столкнулись с трудностями, вызванными срывом поставок нефти и нефтепродуктов из России. Это сказывается на темпе полевых работ. А ведь республика, потребности которой в нефти составляют 19 миллионов тонн, сама добывает ее значительно больше. Для обеспечения своих нужд мы проведем нефтепроводы в регионы, куда доставляется сейчас российское сырье. Хватает нам и своего природного газа. Но опять же нужно строить газопроводы, чтобы снять эту проблему на севере Казахстана.

Касательно проблем второго этапа приватизации, хочу подчеркнуть, что купонная система позволит всем гражданам участвовать в аукционах. Главное – уже к концу нынешнего года завершить приватизацию магазинов,

---

\* "Казахстанская правда", 30 сентября 1993 года.

других объектов, обслуживающих население. В ближайшей перспективе собственностью государства останутся лишь золото и алмазодобывающая, нефтяная, газовая, некоторые виды оборонной промышленности.

Мною подписан указ, имеющий целью кардинальное решение жилищной проблемы, утверждены соответствующая программа и механизмы ее реализации. Всем вам следует не только внимательно изучить эти документы, но и повернуть их в плоскость конкретных дел. Главное – начать интенсивное строительство индивидуального жилья. Для этого надо подбирать земельные участки, подводить к ним воду, газ, электроэнергию и уже потом начинать возводить дома. Первичный взнос граждан в стоимость строительства составит двадцать процентов. Остальные деньги предоставляются в счет долгосрочного льготного кредита.

С будущего года очередь на получение жилья отменяется. Тем, кто стоял в ней десять и более лет, государство выплатит первичный взнос на строительство домов с предоставлением налоговых льгот. Конечно, для определенных социальных групп возведение жилья будет продолжаться. Но отныне квартиры в городах станут или сдаваться в аренду, или продаваться.

На днях в Москве большинством стран СНГ подписан Договор об Экономическом союзе. Уже все поняли, что для нормального функционирования экономики необходимы прочные интеграционные связи, устранение барьеров, пошлин.

Экономический союз предполагает добровольность вступления, суверенность государств, свободное перемещение товаров, невмешательство во внутренние дела друг друга.

Казахстан подписал соглашение с Россией об объединении денежных систем. Находятся, впрочем, у нас люди, которые видят в этом ущемление независимости республики. Но ведь ради будущего полного суверенитета надо идти и на некоторые уступки. Особый упор делают некоторые на введение своей валюты. Но в этом случае мы должны подчиниться Международному валютному фонду. Не попадем ли тогда в еще большую зависимость? Для введения и удержания на жизнеспособном уровне своей валюты Казахстану необходим запас в 3,5 миллиарда долларов, 40–50 тонн золота. Да и дефицит бюджета не должен превышать 3–5 процентов. Значит, придется отказываться от многих социальных программ, что неизбежно вызовет напряженность в обществе.

Мы идем не к социализму или капитализму. Мы строим социально ориентированную рыночную экономику, сохранив в действующей

Конституции такие права граждан, как права на бесплатное медицинское обслуживание и образование, пенсионное обеспечение. Нельзя допускать громадного разрыва в заработной плате и обязательно надо вводить прогрессивный налог с доходов.

Особое внимание нужно уделить консолидации народа Казахстана. Только в условиях спокойствия, уверенности в завтрашнем дне, стабильности общества мы переживем трудный переходный период, полностью осуществим начатые реформы.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ РЕСЕЙДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН САЯСИ АХУАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІ\*

---

2 қазан 1993 жыл

Қазақстанда Мәскеудегі және Ресей аймақтарындағы оқиғалардың өрбуіне елеулі алаңдаушылықпен зер салып отыр. Егестің одан әрі күшеюі, дағдарысты күш қолданып шешудің әрекеті қауіпті шекке қарай жетелейді.

Қалыптасып отырған жағдай Ресей саясаткерлері тарапынан айрықша жауапкершілікті талап етеді. Федерализім дағдарысы мен Ресей мемлекеттігінің тұтастығына қауіп геосаяси ауқымдағы қауіпті зардаптарға әкеліп соғады. Ал ол Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығымен дүниежүзілік қауымдастықтың мүддесіне әсер етпей тұра алмайды.

Тұрақты Ресей – бұл ТМД-ның бейбіт дамуының және интеграцияның нығаюының басты кепілі.

Біз жанжалдасушы жақтарды диалогты жолға қою және саяси дағдарыстан шығу үшін араағайындық күш-жігерді қолдауға шақырамыз. Мұндай диалогтың негізі, тегінде халықаралық тұрғыдан танылған адам құқықтары мен Ресей халықтары мүдделерін қорғауда жатса керек.

Кез келген экономикалық және саяси реформалар түптеп келгенде солардың мүддесі үшін жүзеге асырылуы тиіс.

---

\* "Егемен Қазақстан", 2 қазан 1993 жыл.

# ЗАЯВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА О СОБЫТИЯХ В РОССИИ\*

---

2 октября 1993 года

В Казахстане с серьезной обеспокоенностью следят за развитием событий в Москве и в регионах России. Дальнейшее усиление конфронтации, попытки силового решения кризиса ведут к опасной черте.

Сложившаяся ситуация требует особой ответственности со стороны российских политиков. Кризис федерализма и угроза целостности государственности России ведут к опасным последствиям геополитического масштаба, которые не могут не затронуть интересы Содружества Независимых Государств и мирового сообщества.

Стабильная Россия – это главный гарант мирного развития и укрепления интеграции СНГ.

Мы призываем конфликтующие стороны поддержать посреднические усилия для налаживания диалога и выхода из политического кризиса. Основа подобного диалога, очевидно, лежит в соблюдении международно признанных прав человека и защите интересов народа России, ради которого в конечном счете должны осуществляться любые экономические и политические реформы.

---

\* "Казахстанская правда", 2 октября 1993 года.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БІРЛІГІ" ОДАҒЫНЫҢ I СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

*Алматы, 2 қазан 1993 жыл*

*Съезде сөз сөйлеген Нұрсұлтан Назарбаев осыдан бір жыл бұрын Қазақстанда күрделі жағдай қалыптасып тұрған кезде өзінің жүргізіп отырған бағыты туралы халыққа айтып беріп, топтасуға, достықты нығайтуға шақырғанын еске салды. Республиканың әртүрлі жіктерінің 34 өкілі бұл үндеуді қолдап, "Қазақстан Халық бірлігі" одағын құру идеясын ұсынды.*

*Ол көптеген жақтастар тапты. Бұған айғақ – бүгінгі съезд, ол біздің мемлекетіміздің тәуелсіздік жариялаған күні, оның алғашқы Конституциясының қабылдануы сияқты тарихқа енетін болады. Президент одақтың қайнар бастауында тұрған адамдарға алғыс айтты.*

– Мен болашақта да сіздер ұсынған ұлтаралық келісімді, реформаларды тиімділікпен жүргізуді ту етіп көтерген ізгі мұраттар үшін күресуге дайынмын. Оларды өмірге белсенділікпен енгізу кезінде сіздердің соңдарыңыздан жүздеген мың адам еретіндігіне, олардың көпшілігі саясатшы болып, болашақта біздің мемлекеттік кемемізді басқаратындығына сенімдімін.

Таяу шетелдердің жекелеген елдеріндегі қанқұйлы жанжалдардың жаңғырығы бізге де жетіп жатыр, ол белгілі бір дәрежеде республикадағы жағдайға ықпал етеді. Одақтың негізгі міндеті де – қоғамда тұрақсыздықтың белең алуын болдырмау, халықты бір сәттік шамшылдыққа салынғыш, қоғамдағы тұрақсыздықтан қара басының пайдасын табуды көздейтін адамдардан қорғау.

Конституцияны қабылдау кезінде тіл туралы мәселе төңірегінде көп айтыс жүрді. Сол кезде біз орыс тілін мемлекеттік тілге теңестірілген ұлтаралық қарым-қатынас тілі етіп, ымыраға келер шешім таптық. Бірақ кейбір жергілікті басшылар мұның бәрін өзінше тұжырымдайды, бұл қолайсыз зардаптарға әкеп соқтырады. Біздің бәріміз де қазақтардың білімге,

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 5 қазан 1993 жыл.

ғылымға жолдаманы орыс тілі мен мәдениеті арқылы алғанын есте ұстауымыз керек.

Өз халқымыздың мүдделерін басшылыққа ала отырып, біз ТМД-ның Экономикалық одағына кіріп, жаңа тұрпаттағы сом аймағы туралы келісімге қол қойдық. Кейбіреулер бұдан республика егемендігіне қысым жасалуын көріп отыр. Бірақ толық тәуелсіздікке ие болу үшін уақытша оның бір бөлігінен бас тартуға тура келеді. Бұл қазіргі ұрпаққа да, олардың ұрпақтарына да қажет. Оның үстіне, Экономикалық одаққа мемлекеттер ерікті түрде кіреді, одан алдын-ала ескерткеннен кейін шығуға құқысы да бар. Осының бәрін адамдарға жеткізіп, оларға шығып жатқан заңдар мен жарлықтардың мәнін түсіндірген жөн. Бұл "Қазақстан Халық бірлігі" одағын кеңінен танымал етіп, оған жаңа мүшелер тартады.

Біз өмір сүріп отырған қиын-қыстау кезеңде өтіп жатқан оқиғаларға қатысы жоқ адамдар болмауға тиіс. Оларға нақты айқындама тұрғысынан мұқият талдау жасаған маңызды. Иә, қазір өндірістің құлдырауы, бағаның өсуі жағдайында халыққа қиын тиіп отыр. Бірақ, экономиканың ішкі мұқтаждарына қарай қайта бағдарлануы мұндай құбылыстарды объективті түрде туғызады. Өйткені, біз шикізат немесе жартылай фабрикат емес, дайын өнім өндіру үшін жаңа база құрып жатырмыз. Қазірдің өзінде Қазақстанда 604 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді, олардың 67-сі тек шетел капиталымен жұмыс істеуде. Сіздердің көмектеріңіз арқылы халық қазіргі қиыншылықтарды тұрақтылық пен бірлік, жоғары сапалы еңбек жағдайында тезірек жеңіп шығуға болатынын сезінуге тиіс. Авторитарлық режимнің өткен заманына қайта оралу болмақ емес.

Одақтың бұқарамен жұмыс істеудің айқын белгіленген идеологиялық бағдарламасы болуға тиіс, бұл олардың мемлекеттің болашағын сезініп, мақсаттары мен міндеттерін түсінуіне көмектеседі. Идеялық бағдарлардың догмаларға емес, өмірдің ақиқат шындығы сүйенгені маңызды.

Президент делегаттардың назарын тағы да ұлтаралық келісімді нығайту, демократиялық қоғам құру, адамдар бойында қазақстандық Отан сүйгіштікті және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу, сайлау алдындағы науқанға белсенді түрде дайындалу қажеттігіне аударды. "Қазақстан Халық бірлігі" одағы Жоғарғы Кеңестің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауы туралы заң жобаларын әзірлеуге тікелей қатысуы керек. Мемлекетіміздің болашағы, оның шынайы егемендікке, демократияға қол жеткізуі көп ретте осы заңдарға байланысты.

Сіздердің одағыңыз өзінің алдына балаларымыз бен немерелеріміздің жарқын болашағы үшін, Отанымыздың прогресі үшін ізгі мақсаттар қойып отыр.



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТІҢ ХІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

Алматы, 12 қазан 1993 жыл

## ҰЛТАРАЛЫҚ БІРЛІК ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕГЕМЕНДІК – БІЗДІҢ ІЛГЕРІЛЕУІМІЗДІҢ БАСТЫ ДА СЕНІМДІ НЕГІЗІ

Алдымызда тұрған міндеттердің аса өткірлігіне қарамастан, Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы тұрлаулы сипат алды деп нық айтуға болады. Біздің ілгерілеуіміздің басты да сенімді негізі ұлтаралық бірлік, тұрақтылық, топтасу, халықтың рухани келісімі болып табылатыны сөзсіз. Бұл – Қазақстандағы реформалау мен прогрестің маңызды шарасы, бастау алар көзі.

Әлбетте, қоғамдағы тұрақтылық, ең алдымен экономикалық проблема-лардың шешіміне байланысты, мұның өзі қоғамдағы ахуалға да тікелей әсер етеді, дегенмен, қандай да бір оң өзгерістер туралы айтуға әлі ерте. Болжамды бағалау бойынша, 1992-1993 жылдары жалпы ішкі өнімнің өндірісі 1991 жылғы деңгеймен салыстырғанда 25 процентке, өнеркәсіп өнімінің көлемі – 22, қаржыландырудың барлық көздері бойынша күрделі қаржы – 70, бөлшек сауда тауар айналымы – 41 процентке төмендемек. Сонымен қатар халықтың табысы мен еңбек нәтижесі арасындағы байланыс та бұзылды. Біз әзірше өндіргеннен гөрі көп тұтынып келеміз.

Қазақстан экономикасына, сондай-ақ, Ресей экономикасына да біздің елдер арасында кеден кедергілерін орнату үлкен нұқсан келтірді. Алайда, бүгін таңда сындарлы арнамен ілгерілеу басталды деп мәлімдеуге барлық негіз бар. Таяуда ТМД мемлекеттері арасында жасалған Экономикалық одақ, сіздер қарамақ болып отырған Қазақстанның ақша жүйесін Ресейдің ақша жүйесімен біріктіру туралы келісім экономикадағы дағдарысты жеңуге барар жолдағы нақты қадам болып көрінеді.

Егер экономикалық одақ туралы шарт және жаңа тұрпатты сом аймағын құру туралы келісім жұмыс істейтін болса, онда өзінің республика мүддесіне сай тосын шешім қабылдауға тура келеді.

\* "Егемен Қазақстан", 14 қазан 1993 жыл.

Біздің елдеріміз арасындағы жаңа, нарықтық деңгейдегі шаруашылық интеграциясы ортақ мақсаттарға сай, өйткені біз өнімдерді өткізетін басқа рынок таба алмаймыз. Нарықтық өлшемдерді батыспен немесе шығыспен шендестіруге болмайды, ал біздің жағдайымызда бұл мүмкін де емес. Қарапайым тілмен айтсақ, біздің "қазанымыз" біреу және біз онда ұзақ қайнап-пісуге мәжбүр боламыз.

ТМД елдеріне қатысты біздің саясатымыз өзгеріссіз және солай болып қала береді, ол – экономикалық және қорғаныс салаларындағы ынтымақтастық, ішкі және сыртқы ареналардағы іс-әрекеттерді өзара үйлестіру. Біз Ресеймен және Орталық Азия мемлекеттерімен дәстүрлі тығыз қарым-қатынаста болып келдік және солай болып қала бермек. КСРО-ның саяси ыдырауы біздің сан ғасырлық достығымызды шайқалтқан жоқ және шайқалта алмайды да. Тату көршілік қатынастарға бағдарланған біздің халықтарымыздың бір-біріне деген кеңінен іш тартушылығы объективті тұрғыдан туындап, тарихи қалыптасқан. Қазір жүріп жатқан көші-қон процесі – әбден қалыпты процесс. Ол көптеген факторлардан туындаған, олардың арасында саяси фактор – біз үшін тіпті де ең бастысы емес. Қазақстанда босқындар проблемасы жоқ. Кететіндер, қазақ жерінде терең тамыры жоқ, "коммунизм құрылысына" кезекті шақырумен немесе "болашағы жоқ" ресейлік деревняларды қирату саясатымен жылы орындарын суытқан адамдар. Ал кім-кімнің жан дүниесімен туған жерлеріне қайтып оралуға деген ұмтылысы өзінен-өзі түсінікті.

Біздің міндетіміз – республика Конституциясы мен заңдары барлық азаматтарға тең құқық беретінін қазақстандықтардың бәріне кеңінен түсіндіру. Сондықтан да біздің отандастарымыздың кетуге асығатындай негізі жоқ.

Жалпы алғанда, менің пікірімше, Қазақстанның ТМД мемлекеттерімен серіктестігі республиканың экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуіне тек қана жәрдемдесетін болады, өйткені ол – ұзақ процесс. Мұның өзі бірқатар стратегиялық проблемаларды шешумен байланысты. Ең алдымен дәйекті түрде, ешқандай ұшқарылыққа ұрынбай дайын өнімдерді өндірудің түпкілікті технологиялық кезеңдерін құру есебінен экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру қажет.

Мұнда едәуір қарқынды жұмыс жүргізілді. Қытайдың Тынық мұхит жағалауынан Қазақстан мен Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа, Жерорта теңізі мен одан әрі Еуропаға шығатын трансқұрылықтық темір жол магистралін төсеу туралы халықаралық келісімдер әзірленіп жатыр. Каспий теңізін Иран порттарына жүк тасуға пайдалану жөнінде нақты қадамдар жүзеге асырылуда. Біздің мұнай үшін басқа да шетел порттарына жол ашатын

мұнай құбырларын тарту жобалары жасалып жатыр. Сонымен бір мезгілде мемлекетаралық, соның ішінде Үнді мұхитына шығатын автомобиль тасымалын жолға қою туралы келіссөздер жүргізілуде. Сондай-ақ, алыс шет мемлекеттермен әуе қатынасын дамыту жөнінде де шаралар қолданылып жатыр.

Кешенді түрде алғанда бұл бағдарламалардың бәрі экономикалық егемендікті нығайтуға, энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге, экспорттық потенциал мен алтын қорын дамытуға, шетел капиталын тарту үшін жағдай жасауға, күрделі тұтыну тауарларының, мұнай-газ және металлургия өнеркәсібі мен ауылшаруашылық өнімдерін ұқсату жабдықтарының өндірісін дамытуға бағытталған.

Дүниежүзілік деңгейдегі жаңа техника мен технологияға тек тұрақты валюта болса ғана қол жетпек. Біз үшін басқа, неғұрлым қолайлы нұсқа – бірлескен өндірістер құру. Бізде қазірдің өзінде жарғылық капиталындағы шетелдік әріптестердің үлесі 53 проценттен астамын құрайтын жарты мыңнан астам осындай кәсіпорындар бар. Сондай-ақ, бүкіл капиталы шетелдік болып табылатын кәсіпорындар да құрылуда.

Бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқтауға тура келеді – қоғамымыздың кейбір бөлігінде шетел инвестицияларын тарту саясатын белгілі бір дәрежеде түсінбеушілік бар. Кейде Қазақстанды шетелдік алпауыттар талан-таражға салып жатыр деген адал да болса шындыққа мүлдем сәйкес келмейтін пікірлер естіліп қалады. Ал шындығына келсек, бізді басқа нәрсе – республиканың бай табиғи ресурстары мен еңбеккер халқының қабілетіне сай оның экономикалық жағынан өрлеуі үшін шетел капиталын қайткенде тезірек және жемісті түрде тарту толғандыруға тиіс. Мұнсыз Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен оның дүние жүзінің өркениетті және дамыған елдері қатарына кіруі ұзаққа созылады, сөйтіп көптеген ұрпақтардың өмірі кемшін болмақ.

Ақша жүйесін нығайту – реформалаудың екінші аса маңызды бағыты. Мұнсыз тиімді қаржы-несие және инвестициялық саясатты жүргізу мүмкін емес.

Қазақстанның ақша жүйесін Ресейдің ақша жүйесімен біріктіру жөніндегі жасалған қадам қазіргі жағдайдағы жеткілікті түрде оңтайлы және барынша нақты шара. Өз валютамызды енгізуге келетін болсақ, мұның өзі ТМД Экономикалық одағының жарғысына қайшы келмейді, ол уақыт өте келе дайындалуы тиіс. Ал біз қаржы-несие саласында өз егемендігімізді жоғалтып отырмыз дейтін пікірлер тек пікір болып қана қала береді. Біз Ресей жағы сияқты болашақта тәуелсіздікті сақтап қалу үшін осы егемендіктің бір бөлігін ғана беріп отырмыз.

Қаржы саласында, заң шығару және басқару жөніндегі күш-жігерлер өз валютамызды енгізуге жұмылдырылмай, қайта инфляцияны ауыздықтауға, мұның қарқынын төмендетуге шоғырландырылуы қажет. Тек сонда ғана банк несиесін арзандатуды, ақшаның жиналуына және инвестициялық белсенділікке деген себептердің пайда болуын, өндіріс көлемін ұлғайтуды күтуге болады. Ал осының бәрі бірге алғанда ел экономикасының одан арғы тағдыры тәуелді болатын процестер болып табылады.

Инфляцияны төмендету жөнінде айтар болсақ, бұл процесті өз бетімен жібермей, нақты нысаналы шаралар қабылдау үшін әлі кеш емес. Ал бізде жыл басынан бері ғана бағалар алты еседен астам өсті, яғни ай сайын орта есеппен 25 процентке өсті. Осыған байланысты, бүгінгі таңда еліміз инфляцияға қарсы қатаң әрі тиімді саясатқа мұқтаж болып отыр. Болып өткен оқиғалардың ізімен жүруді қойып, инфляциялық процестердің алдын алатын және бәсеңдететін шараларды қабылдау маңызды. Біз қазір қалыптасқан экономикалық жағдай біздің стратегиялық ой-мақсаттарымызға қол жеткізуге қауіп төндіретін шекке жеттік. Қоғам мен экономиканы күйзелтіп отырған дағдарысты құрылыстарға қарсы тұру үшін және оны жеңіп шығу үшін мемлекет тарапынан күшті шаралар қажет. Қалыпты нарық ортасында баға ұсыныс пен сұраным арасындағы ара-қатынаспен айқындалады. Бірақ біздің шаруашылықты жүргізуіміз әлі дамымаған нарық жағдайында өтіп жатыр. Сондықтан мұнда оның нақты тұтқасы – сұраным мен ұсыныс – бағаны белгілеуде әлі де болса реттеуші рөл атқармай отыр.

Экономикадағы инфляциялық процестерді нақты тежеу үшін үкіметтің еңбекақы қорын және жалпы алғанда тұтыну қорын өндірістің құлдырауына, оның деңгейін сақтауға немесе өсу деңгейін сақтауға белгілі бір дәрежеде тәуелді етіп қоюы қажет. Бұл орайда еңбекке ақы төлеу, зейнетақы, стипендия және өндірістік емес саладағы басқа да жәрдемақылар материалдық өндірістегі еңбекке ақы төлеудің өсуіне орай өсуі тиіс. Сондай-ақ, дүниежүзілік практикада қолданылып отырғанындай, басым салаларда инвестициялық қаржыларды ұзақ мерзімді несиелеу жылдық 5-7 процент негізінде, ал қысқа мерзімді несиелер мен депозиттік салалар бойынша тұтыну бағаларының жиынтық индексінің өсуінен екі пункт жоғары жүзеге асырылуы керек.

Инфляция – көп қырлы құбылыс, сондықтан оны жою үшін әдістер, әрине, осы шаралармен тоқталып қалмауға тиіс. Қаржы-бюджет саясаты инфляцияның ай сайынғы деңгейін кем дегенде 10 процентке қысқартуды, бюджет шығынын төмендетуді және оның тапшылығын ішкі жаппай өнімге орай 4-6 процентке дейін қысқартуды өзіне мақсат етіп қоюға тиіс. Тиісті бюджеттердің құрамына салық төлеушілердің қаржылары негізінде жасалған

алуан түрлі көп миллионды бюджеттен тыс қорларды енгізудің де жөні бар. Практика осы қорлардың өз бетімен өмір сүруі қаржыны бақылаусыз және тиімсіз жұмсауына әкеліп соғатынын көрсетіп отыр.

Бірақ өндірістің қысқаруы, инвестициялық процесті қолдау және жандандыру үшін қаржы жоқ болып отырған жағдайда бізге өз қаражатымызға қарай өмір сүргенімізден басқа жол жоқ екенін түсіну бұдан да маңызды. Алайда біз материалдық құндылықтардың нақты қозғалысымен расталмай отырған орасан зор несие эмиссиясымен айналысып отырмыз. Мұның өзі өндірісті де, адамдардың игілігін де жақсартып қоймайды. Халық шаруашылығына несие беру осы жылғы қыркүйектің 1-іне 5,6 триллион сомды құрады, ал айналымдағы жиынтық ақша массасы ішкі жаппай өнімнен 1,7 есе асып түсіп отыр. Банк кассалары берген әрбір 100 сомның эмиссиялық ақшасы Қазақстанда 64 сом болса, Ресейде небәрі 23 сом. Әрбір адамға шаққанда эмиссия Ресейдегі көрсеткіштен үштің біріндей асып түсті. Жағдай тым елеулі, алайда осыған орай біз неліктен екені белгісіз жайбарақат отырмыз.

Біздің үкіметіміз бен парламентіміз сайып келгенде жұртқа жағымсыз болғанымен де қазіргі уақыт үшін қажетті шараларды жүзеге асырумен айналысуы тиіс. Қымбат тұратын әлеуметтік, экологиялық бағдарламаларды тоқтата тұрған жөн. Кінәратты, қысқарып келе жатқан экономикаға негізделген біздің бюджетіміз мұндай ауыртпалықтарды енді көтере алмайды. Әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктерді тек қана халықтың аз қамтамасыз етілген және нашар қорғалған жіктеріне ғана берген жөн. Барлық салықтың жеңілдіктерді жойып, ол арқылы өндірістің нақты көлемінің өсуін және тиімді инвестицияларды ғана ынталандырудың мәні бар. Тіршілікке қабілетсіз кәсіпорындарды бюджеттің және қайтарымызсыз несие қолдауы есебінен ұстап тұрудан және оған қаржы көмегін көрсетуден бас тартатын кез жетті.

Дағдарысты кезеңді бастан өткізудің оңай еместігін ғана емес, сонымен бірге оны ортақ күш-жігермен жеңіп шығудың қатаң қажет екенін халыққа ашық айту керек.

Әлеуметтік қолдаудың нақты адамдарға көрсетілуі мемлекеттің бүкіл халықты жалпы қорғауға ұмтылуынан бас тартуын білдіреді. Өйткені, мұның өзі мемлекеттің қаржы мүмкіндіктеріне тек дағдарыс кезеңінде ғана емес, сонымен бірге тұрақты өскелең экономика кезінде де сай келмейді. Басты назар аз қамтамасыз етілген және экономикалық жағынан қабілетсіз адамдарды қолдауға аударылуы тиіс. Бізде 2,7 миллион еңбекке жарамсыз азаматтар, 244 мың көп балалы отбасылары бар. Олардың табыстары ең аз жалақының екі еселенген мөлшерінен төмен. Міне, осыларды мемлекет

әлеуметтік жағынан қолдауға тиіс. Ал халықтың басқа қалған бөлігін барынша жұмыспен қамтамасыз ету және іскерлік қабілеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау қажет. Сондай-ақ, халыққа мемлекеттік қолдау керсету бағдарламаларында негізгі объекті ретінде отбасы алынып, оның нақты табыстары ескерілуі тиіс.

Тіпті, экономиканы сауықтыру жөніндегі шаралардың бүкіл күрделілігін және оның қоғамдағы кейбір көңіл-күйге сай емес екенін түсіне отырып, біз осы шараларды іске қосуымыз керек. Бұл орайда, мұның өзі бізге қол байлау болмай, қайта оның сыртқы аспектісін еске алғанда, қаржы-несие саясатында түрлі іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

Басқа елдермен экономикалық байланыстарды жолға қою жөніндегі белсенді іс-қимылдың арқасында Қазақстан қазір 12 несие желілеріне ие болып отыр. Бұлар бойынша елімізге арнайы келіссөз жүргізбей-ақ, тиімді жобаларға несие беріліп отыр. Осы қаржылардың есебінен, атап айтқанда, дүниежүзілік кластағы валюта әкелетін бірқатар мейманханалардың және тамақ индустриясы кәсіпорындарының құрылысы басталды. Шеврон (АҚШ), Эльф Акитен (Франция), Бритиш газ (Англия) және Аджип (Италия) компанияларымен мұнай және газ өндіру жөніндегі шарттар орасан зор экономикалық, соның ішінде қаржы болашағын ашады. Теңіз жобасының өзін ғана жүзеге асыру отыз миллиард долларға түседі. Мұны біз өзімізден таба алмас едік. Қазір Қазақстан мұнай өндіру үшін жыл сайынғы ақы ретінде екі мыңыншы жылға дейін екі миллиардтан астам доллар алатын болады. Барлығын қосқанда қырық жылдың ішінде 80 миллиардтай болады. Алдағы 2–3 жылдың ішінде-ақ "Шеврон" алынатын мұнайдағы өзінің үлесі үшін бізге 870 миллион доллар беретіні де маңызды.

Қарашығанақ жобасы бойынша шетелдік компаниялардың келісімдерге қол қойылғаннан кейін Қазақстанға кенішті пайдалану құқығы үшін 500 миллион доллар сомасында бір мезгілді ақы төлеуі көзделіп отыр. Екі жоба Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздік проблемасын шешіп қана қоймай, сонымен бірге бізді көмір сутегін аса ірі экспорттаушыға айналдырып, қаржы жүйесін нығайтады. Мұның өзі рангтер жөніндегі дүниежүзілік табельде жоғары орынға ие болып отырған басқа ықтимал шетелдік серіктестердің бізге деген сенімін арттыра түспек.

Алтын рудалы өнеркәсіпті дамыту жөнінде шетелдік серіктестермен көп үміт ұялататын шарттарға қол қойылды. Қазақстанда жекелеген ірі Австрияның, Түркияның және Оңтүстік Кореяның компаниялары өнімді жұмыс істеуде. Қытаймен экономикалық байланыс нығая түсуде. Жапонияның іскер топтарымен байланыстар жолға қойылып келеді.

Сонымен бірге бұрынғы Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі ауқымында бізбен ынтымақтасқан елдермен экономикалық өзара қарым-қатынасты қайта жаңғыртуға назар аударылып отыр. Қазіргі кезде республикада шетелдік фирмалар мен банктердің 160-тан астам өкілдіктері тіркелген.

Көптеген жетекші халықаралық қаржы ұйымдарымен, бұған Еуропалық қауымдастық комитетін, Халықаралық валюта қорын, Бүкіл дүниежүзілік банкті, Қайта құру мен дамудың еуропалық банкін, Дамудың азиялық банкін және басқаларын қоса алғанда тұрақты да ұдайы қарым-қатынастар орнатылды. Осы елдермен, халықаралық ұйымдармен және компаниялармен байланыстардың кеңеюі – бұл Қазақстанның экономикалық егемендігін нығайту, өзіндік қаржы саясатын қалыптастыру жолындағы аса маңызды қадамдар. Бұл ретте шетелдік қаржылар көмекші фактор қызметін атқарады да, отандық инвесторлардың инициативаларын ешқандай жағдайда да басып тастамайтын болады.

Қаржы жүйесін нығайтуда көп нәрсе салық саясатын дұрыс жүргізуге байланысты. Салықты есептеудің және алудың нақты және қарапайым тұтқасын қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ, оны нарықтық экономикасы бар елдердің салық стандарттарына сәйкестендіру қажет.

Бюджеттің кірісіндегі едәуір кемшіліктер салықты толық жинамаудан пайда болады. Әсіресе, коммерциялық және жеке іскерлік салада салықтан бас тарту өте көп. Әрине, мемлекет байыған жіктің қаз тұруына мүдделі, бірақ сонымен бірге байлардың бақытын халықтың бақыты деп көрсетудің де қажеті жоқ. Салықтар ең алдымен халықтың кең бұқарасының проблемаларын шешуге жұмсалуға тиіс.

Біздің саясатымыздың тағы да бір бағыты дағдарысқа қарсы шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламаларын жүзеге асыру. Қазақстан қоғамын реформалау жеткілікті түрде зерттелген бағыт бойынша жүріп келеді. Және ол жалпы алғанда дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Бүгін таңда республикада үш жарым мың кооперативтік, 15 мыңнан астам шағын және 11 мыңнан астам жеке кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың жиынтық қаржы активі 200 миллиард сомдай. Ал селода 14 мыңнан астам шаруа және фермер қожалықтары жұмыс істейді. Көптеген коммерциялық құрылымдардан басқа 160 коммерциялық банк пен 37 алуан түрлі биржа жұмыс істейді. Мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру процесі жеті мыңнан астам кәсіпорында жүргізілді. Олардың ішінде 700-і өнеркәсіпке, бес мыңға таяуы сауда мен қызмет көрсету саласына қатысты. Ай өткен сайын мемлекет меншігін өзгерту жеделдей түсіп, Қазақстан экономикасының

көп укладты сипатын күшейтіп отыр. Селодағы жеке сектордың үлесі картоп өндіруде – 68, ет өндіруде – 44, сүт өндіруде – 55, жұмыртқа мен жүн өндіруде – 37 процент, ал ауыл шаруашылығының бүкіл жаппай өніміндегі үлесі 35 процент болып отыр.

Бұл – экономикалық реформалардың нақты жемісі. Олардың барысы әзірше мемлекеттің ықпалына тікелей тәуелді. Өтпелі кезеңде одан құтылу мүмкін емес.

Дағдарысты жеңу мен экономиканы реформалау шаралары бағдарламасында экономиканы басқаруды қалпына келтіру, бірақ тікелей жоғарыдан түскен бұйрықтарды сөзсіз орындауды жаңғырту арқылы емес, қайта нарықтық қатынастарға жақын және олармен үйлесе алатын әдістер арқылы қалпына келтіру міндеті басты орын алады. Бізде әуел бастан мемлекет меншігінің иесі директор да, еңбек ұжымы да емес, үкімет түрінде мемлекет болатын. Меншікті мемлекет иелігінен алу процесінде осы шешуші жағдайды елемеу халық бейнелі түрде "талап алу" деп атаған жағдайға алып келді, мұны соңғы кездері жүргізілген тексерулер дәлелдеп отыр. Заңсыз жекешелендірудің күшін жоюға немесе оған елеулі түзетулер енгізуге тура келеді. Тек алты облыста ғана мұндай объектілер саны 120-дан асып түсті.

Осыған байланысты, мемлекет басшысы ретінде дағдарысқа қарсы бағдарламада көзделгеніндей, мемлекеттің қатысуымен көп бағдарлы холдингтер түріндегі компаниялар құру арқылы мемлекеттік кәсіпорындарды акцияландыруға қадам жасадым. Кезі келгенде ол өзінің акциялар пакетін, ал үкімет сол арқылы холдингті басқаруға қатысады, биржа арқылы отандық немесе шетелдік кәсіпкерлерге, кез келген басқа алушыға сата алады. Осындай дәйекті іс-қимылдардың көмегімен мемлекеттік кәсіпорындар өзінің сыңаржақты сипатынан арыла отырып, біртіндеп және жеткілікті мөлшерде қысқа мерзім ішінде нарықтық ережеге үйлесе түседі.

Жекешелендіру бағдарламасы – шешуші, бірақ экономикалық реформаның жалғыз ғана буыны емес. Бәсекелестік процесін капитал айналымымен нарықтық қатынастың басқа да жақтарын құрушы және оған қызмет етуші жаңа нарықтық институттар құрылуға тиіс.

Тұрғын үй және еңбектің икемді рыногын, бағалы қағаздар рыногын, инвестициялық тәуекелді сақтандыру жүйесін, жаңа түрдегі банктік жүйені қалыптастыру бағытындағы нарықтық өзгерістерді тездету қажет. Күні бүгінге дейін жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламасы жұмыс істемей отыр. Онсыз толыққанды нарық пен қуатты экономика болуы мүмкін емес.

Барлық елдерде селоға мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бірақ біздегідей үмітсіз шаруашылықтарды біле тұрып, жәрдем ақы бермейді. Оның үстіне



мемлекеттік жәрдем ақшаны Ауыл шаруашылығы министрлігі Агробанкпен бірлесіп бөледі. Ал ол тауар өндірушілерге жетпейді, бірақ оларды банк пен министрлікке тәуелді етеді. Жыл сайын село үкімет алдына ежелгі бір талабын қоюмен келеді: процентсіз несиеге дейінгі жеңілдік беру, салықтардан босату. Мұны олар Қазақстан әсер ете алмайтын баға тепе-теңдігінің жоқтығымен түсіндіреді. Сонымен бірге мемлекет бөлетін көмекті мақсатты және тиімді пайдалану қамтамасыз етілмейді.

Мемлекет қажетіне астық сатып алуды, оның есептеуінше, ішкі республикалық қажеттіліктер деңгейіне дейін – шамамен жеті миллион тоннаға дейін төмендетуге болады. Бұл ретте селодан астықты әлемдік немесе соған жақын бағамен сатып алу қажет. Қалған астыққа өндірушілер, егер оларға үкіметаралық келісім бойынша сату механизмі тиімді болған жағдайда, өздері иелік етулері тиіс. Бұл сыртқы нарықтағы бағаны тежеуге және ауылшаруашылық өнімдері сатылатын бағаны толық ырықтандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мемлекеттің шығынға батқан шаруашылықтарды тегін ұстауын тоқтату да тиімді шара болмақ.

Мұндай жағдайда селоға дотация беру туралы мәселе жаңаша қойылады. Еркін бағаларды енгізумен егін шаруашылығы саласы тұтастай алғанда жағдайдан шығады және ұдайы ұлғаймалы өндірісті қолдай алады. Мал шаруашылығында елеулі қиындықтар болады, дегенмен мұнда сүт және ет ұқсату кәсіпорындарын акцияландыру септігін тигізуге тиіс.

Село, әсіресе дағдарысты уақытта, ұқсатушы өнеркәсіпті және сақтау базаларын дамытуға қаржы ресурстарын өзінен таба алуы кәдік. Үкімет өзіндегі қаржыларымен оған көмекке келуге тиіс. "1994–1995 жылдарға және 2010 жылға дейінгі кезеңге шағын селолық индустрияны дамыту" Ұлттық бағдарламасы елеулі дәрежеде орталықтандырылған несие есебінен жүзеге асырылатын болады. Ал оны талдап жасауды тездету қажет. Ол селолық жерлерде, әсіресе шалғайдағы аудандарда, ресурсты үнемдеу және қалдықсыз технология негізінде өндіріс кәсіпорындарының кең де көп бағдарлы жүйелерін құруды көздейді. Бұл кәсіпорындар село жастарына көптеген жаңа жұмыс орындарын береді, село тұрмысының жайлылық деңгейін қала жағдайымен жақындастыратын болады. Селода ғылыми-техникалық зиялылардың қалыптасуына көмектеседі.

Мұнда, көзделіп отырғанындай, ең алдымен отандық бизнесмендер, жергілікті әкімшіліктер, сондай-ақ шетелдік жеке капитал, халықаралық банкілер мен ұйымдар іс-қимыл саласын таба алады, өйткені бұл ретте салынатын қаржының тез айналымы мен өтелуі қамтамасыз етіледі.

Ақыр соңында, әсіресе қазіргі құбылмалы қаржы-несие дүниесінде жанармайдың, тыңайтқыштардың, гербицидтердің, техниканың негізгі түрлерінің жекелеген күрт және күтпеген жерден қымбаттауы кезінде селоға өтемін қайтаруды да ескерген жөн.

Бұл шаралар село экономикасын тұрақтандыруға көмектесуі, оның дағдарысты кезеңнен өтуін жеңілдетуі тиіс.

Өндірістің құлдырауын біздің ұлттық байлығымызды қорғау ісіндегі қатаң саясатсыз тоқтату мүмкін емес. Сыртқы экономиканы ырықтандыру оны бақылаусыз талан-таражға салуға және тиімсіз пайдалануға әкеліп соқты. Бұл жалпы алғанда экспорттық саладағы кәсіпорындардың басшылықтарына да, сондай-ақ еңбек ұжымдарына да қатысты.

Көптеген директорлар еркін сыртқы экономикалық байланыстар сынағынан өте алмады. Валюталық пайда көп ретте Қазақстаннан тыс жерлерде қалады. Өздерінің техникалық артта қалған өндірістерін қайта жарақтандыру үшін валюта жетіспей отырғанда, оны көпшілік қолды тауарлар және мақтаулы шетелдік маркалы қызмет бабындағы жеке автомобильдер сатып алуға дарақылықпен жұмсалып отырған фактілер аз емес. Нәтижесінде үкімет кезек күттірмес жалпы мемлекеттік қажеттерге және Қазақстанның сыртқы қарыз проценттерін төлеуге қажетті валюталық түсімдердің тек аз ғана бөлігін алады.

Сондықтан бұл салада түбегейлі шаралардың қолданылуы кездейсоқ емес. Біріншіден, валютаның басты үлесін әкелетін стратегиялық ресурстардың ірілендірілген 15 атауының экспортқа шығарылуына мемлекеттік монополия белгіленді. Екіншіден, барлық түсім Ұлттық банкіге нарық бағасына жақын баға бойынша сатылуға тиіс. Үшіншіден, экспортшы кәсіпорындар директорларына шет елдердегі барлық есепшоттарын жауып, қаржыны республикаға қайтару тапсырылды.

Егер бұл талап орындалмайтын болса, онда үкімет мейлінше қатап айқындама ұстанып, мұндай басшылардан арылуға тиіс. Бас прокуратураның деректері бойынша тек шикізатты лицензиясыз шығарудан келтірілген материалдық шығынның өзі 200 миллиард сомнан асып түссе де, әзірше олардың бірде-бірі сыртқы сауда саласындағы заңсыз әрекеттері үшін жазаға тартылған жоқ.

Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияға тәжірибелі мамандарды тарта отырып, мұны нақтылы анықтау жүктелді. Қазір бірқатар ірі кәсіпорындардың қызметіне тексеру жүргізілуде. Жекелеген директорлардың үкіметті белсенді түрде сынға алуы дәл осы кезде басталғандығына назар аудармауға болмайды. Олардың кейбіреулері бостандығын тартып алуға

әрекет жасалып жатқан құрбандық ретінде көрінбек болса, енді біреулері әртүрлі деңгейдегі Кеңестердің депутаттық мандатымен бүркемеленуде. Дегенмен депутаттарға тиіспеушілік деңгейін соншалықты биіктетіп жіберген халық депутаттары туралы Заңның жекелеген ережелерін қайта қараған дұрыс шығар, әйтпесе олардың тарапынан құқық бұзушылыққа жол берілген жағдайда әділ сот іс жүзінде дәрменсіз болып отыр.

Өзірге банк несиелер ресурстарын алыпсатарлық мақсатқа пайдалана отырып және оны нысаналы бағыты бойынша жұмсамай жағдайды көбіне тұрақсыздандырып келеді. Жеңілдетілген несиелер жылпос кәсіпкерлер үшін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік құрылымдарға да жіліктің майлы басы болып отыр. Олар мемлекет үшін ешқандай пайдасыз жұмыс істеп жүрген, өздеріне жабысып айрылмай отырған коммерциялық банктерге, серіктестерге, корпорацияларға және шағын кәсіпорындарға несиелері мырзалықпен таратып отыр. Ал бұлар болса мемлекеттік ресурстар негізінде алақанына ақшаны басып алып, өздеріне капитал жинап жүр. Осы қаржыларды ақшаны өтімді ету және валюталар нарқының арасындағы айырмашылық ойыны арқылы алыпсатарлыққа пайдалануда. Қаржы бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеттің тексеруі облыстардың жартысында осындай несиелерді мақсатты түрде пайдаланбаудың өзі бір жарым миллиард сомға жеткенін анықтады. Ал шын мәнінде бұдан едәуір көп. Біздің банктердің, өкінішке орай, инвестициялық қызметтегі тәжірибесі және білікті мамандары жоқ, көбіне тіпті осы іспен айналысқысы келмейді және жылдам әрі көп кіріс беретін сауда операцияларына жұмылғанды жөн көреді.

Бұдан әрі мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Мемлекет өндірісті құрумен және дамытумен айналысатын банктерге және басқа коммерциялық құрылымдарға басымдық беруге тиіс. Ал делдалдық операцияларға негізгі бағыт ұстаған кәсіпорындардың қолын орталықтандырылған несиелер ресурстарынан және инвестициялардан қаққан жөн. Оларды дамудың үкіметтік банкісіне шоғырландырған дұрыс. Ал мұндай банкті құру дағдарысқа қарсы бағдарламада көзделген. Тек осылай ғана басым бағыттарды қаржыландыруға мақсатты түрде несиелер беруді қамтамасыз ете аламыз.

Банктік қатынастар саласындағы қылмыстар бойынша жалпы шығын сомасы 11 миллион сомдай болатын 210 қылмысты іс қозғалды, банктер басқармаларының 19 төрағасы, олардың 6 орынбасары және 19 банк қызметкері сотталды. Бірақ мұның өзі құқық қорғау органдарының тек аша алғандары ғана.

Банк ісіндегі көптеген былықтар, соның ішінде тікелей қиянат жасауды қоса алғанда, Ұлттық банктің жұмысында да өзінің бастауын алып отыр. Бүгін

таңда ол өзіне тән емес көптеген қызметтерді атқара отырып, өзі жауап беретін ең басты нәрсемен – қалыпты ақша айналымын қамтамасыз етумен қанағаттанғысыз айналысып отыр. Төленбеген өтемдер мен қолма-қол ақшаның жетпеуінің дағдарысынан шығу жолын іздестірумен кім көрінген айналысып келеді. Бірақ банктер бұдан тыс қалып отыр. Оның себебін түсіну оңай. Осындай былық мемлекеттік несие ресурстарының есебінен баюға ұмтылып отырған жекелеген коммерциялық банктер үшін тиімді. Бірақ әр істің де өз шегі бар. Үкімет пен Ұлттық банктің бір-біріне сілтемеуі үшін соңғысын Министрлер кабинетінің құрамына енгізген жөн.

*Президент қылмысты істер жөніндегі заңдарды жетілдіру жөнінде елеулі жұмыс жүргізу қажет екеніне егжей-тегжейлі тоқталды. Ондағы елеулі ақтаңдақтар, сондай-ақ құқық қорғау органдарының әлі де сылбырлығы ұйымдасқан қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шараларды орындауға қатты кедергі келтіріп отыр.*

*Мемлекет басшысы елдің экономикалық қауіпсіздігіне зиян келтіргені үшін, бұған несиелерді мақсатты түрде пайдаланбауды, жеке адамға қарсы қылмыс жасауды қоса алғанда, жауапкершіліктің қатаң шараларын көздейтін қылмыстық істер жөніндегі заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстардың бір тобын сессияның қарауына енгізді.*

Сот жүйесі саласында да елеулі проблемаларды шешу қажет. Сот кеңестерінің немесе біліктілік коллегияларының ұсынысын ескере отырып, соттарды тағайындауға көшуді жағдай талап етіп отыр. Сондай-ақ, әділ сот жасауға қабілетсіз немесе моральдық құқығы жоқ лауазымды адамдарды қызметтен алудың нақты процедуралары мен тұтқаларын талдап жасаған жөн.

*Республикадағы заң шығарушылыққа тоқтала келіп, Президент министрліктердің көп ретте өздерінің тар өрісті ведомстволық мүдделерін көздейтін заңдарды өздері жасап, өздері орындайтын практиканы айыптады. Егер заң шығару инициативасы атқарушы өкімет органдарына тиесілі болса, онда кәсіптік деңгейдегі мемлекеттік актілерді біліктілікпен жасайтын орын – Әділет министрлігі болуға тиіс.*

Сессияның қарауына үкімет инфляцияға қарсы саясатты жандандыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын ұсынамын. Оны жүзеге асыру үшін ұйымдық, экономикалық және нормативтік шаралардың кең ауқымы қажет. Осыған байланысты жаңа парламентке сайлау өткізілгенге дейін үкіметке Экономикалық реформалар мәселесі бойынша жедел нормативтік актілерді қабылдау құқығын уақытша беру мәселесін қоямын. Бұл тез өзгеріп отыратын жағдайға сай іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

Біз түрлі себептер бойынша нарықтық қатынастарды қалыптастыруда әлі де жанды нәтижелерге жете қойған жоқпыз. Алайда бұл қатынастардың қазірдің өзінде қоғам өмірінің барлық салаларына енгенін көрмеу мүмкін емес. Біз ескі әміршіл жүйені қиратуда алысқа кеттік. Және де кешенді нарықтық реформаларды кешіктіретін болсақ, экономиканың быт-шыты шығатын болады. Тек қана алға ілгерілеу керек.

*Президент реформалау жолында көптеген қателіктер жіберілгенін мойындады. Олардың ішінде ол, атап айтқанда министрліктерді салалық концерндерге, ал мемлекеттік банктерді акционерлік-коммерциялық банктерге формальды түрде өзгертуді атап көрсетті.*

Сыртқы экономикалық байланыстарды реттеуде де көптеген олқылықтар жіберілді. Жоғары инфляция алға тартқан жайсыз жағдайларды аңғара алмай, өткен жылдың бай астығын сәтті пайдалана алмадық. Заң шығару саласында бұл, мысалға, кәсіпорындар туралы және еркін экономикалық аймақтар туралы заңдарға қатысты. Жаңа бюджетті және салық жүйесін құру кезінде көп нәрсе орынсыз жасалды. Ал бұлардың өзі қазір де жетілдірілмей отыр.

Осының бәрі экономиканы реформалауды түсінудің жаңа, неғұрлым жоғары деңгейі пайда болған кезде көзге түсіп отыр. Сонымен бірге қалыптасу мен ізденістердің жаңа кезеңі тез өзгеріп отырған жағдай алға жаңа міндеттерді және қоғамды басқаруға жаңа талаптарды қойып отырған кезде жүріп жатыр. Басқару органдарының құрылымдарын ұдайы өзгерту және үкімттің көп жаңаруы осыдан туындап отыр. Оның қазіргі құрамында Министрлер кабинетінің тек төрт мүшесі ғана өз қызметінде екі жыл істеуде, ал әкімшілік басшылары бұдан да аз – бір жарым жылдан ғана жұмыс істеуде. Бұдан шығатын қорытынды қарапайым – кадрларды ауыстыра беру экономиканың пайдасына шешілмейді.

Мен бүгін үкіметті бірнеше рет сынадым. Министрлер кабинетіне шын мәнінде белгіленген экономикалық реформаларды жүзеге асыруда табандылық, жүйелілік пен серпінділік жетпей отыр. Бүгінгі мәжіліске шақырылған Министрлер кабинетінің бұрынғы құрамының алдында, егер реформалау процесі субъективті немесе объективті факторларға қарамастан кез келген бағытта тежелетін болса мен ең шешуші іс-қимылдан бас тартпайтынымды айқын мәлімдеуге тиіспін. Мұның өзі жеке лауазымды адамға да, бүкіл үкіметке де қатысты. Бірақ, екінші жағынан, орындаушы үкіметтің парасатты да прогресшіл іс-қимылы консервативтік қарсылыққа тап болатын болса, өзімде бар конституциялық барлық өкілеттіктерді дәйекті түрде алға басуды қамтамасыз ету үшін қолданатын боламын.

Қазір идеялар мен тұжырымдамалар аз ұсынылып жүрген жоқ, бірақ олардың көпшілігі абстрактылы, халық тап болып отырған проблемалардан қол үзген. Бұл жұмыста бәрімізге белгілі ақиқаттардың төңірегінде теориялық пікірталас туғызу емес, қайта бізге сындарлы да жасампаз бастаулар қажет. Жақсы ойлар шынайы практикада өзінің нақты шешімін табуы үшін өз ісін бүге-шүгесіне дейін білетін ұйымдастырушыларды дайындау және тәрбиелеу керек.

Бұл мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлеріне белгілі бір жеңілдіктер береді, олардың өз қызмет жағдайын қадірлеуіне және материалдық тұрғыдан тәуелсіз болуына септігін тигізді. Мұның өзі жағдайды өзгертуге қабілетті шын мәнінде байыпты заң болады. Сонымен бірге аппараттың адам санын объективті түрде қажетті ең аз шамаға дейін қысқарту жөнінде барлық шараларды қолдану қажет. Сонымен қатар өкімет органдарының әртүрлі тармақтарындағы лауазым иелеріне окладтарды белгілі бір қызметкердің нақты үлесін ескерместен өз бетімен тағайындаудың қалыптасқан кесірлі тәртібін жою керек.

Многие возможные изменения в Конституции касаются системы судебных и правоохранительных органов, одного из самых критикуемых и неблагополучных институтов нашего общества. Беда в том, что разработчиками принятых в этой области в последние годы законопроектов выступали сами соответствующие министерства, что и привело к законодательному закреплению ведомственных интересов в ущерб общегражданским.

Так, самостоятельность судебной власти не должна рассматриваться как полное освобождение судебных органов от государственного и общественного контроля. Необходимо принятие ряда законодательных актов, регулирующих организационные формы судебной деятельности и прежде всего устройство судов. Основными принципами должны стать: пожизненность производства в судьи и назначение их президентом; создание судебных советов или квалификационных коллегий, включающих не только судей и работников Министерства юстиции, но и депутатов, представителей

учреждений науки, адвокатуры и иных общественных объединений, которые будут предлагать кандидатов в судьи в соответствии с международно-правовыми рекомендациями на широкой конкурсной основе; формирование четких механизмов освобождения от судейской должности лиц, не способных вершить правосудие.

Необходимо повысить правовой статус Минюста, что позволит ему занять подобающее место в системе органов исполнительной власти.

Проект государственной программы правовой реформы лишь отчасти решит вопросы реформирования, поскольку не лишена недостатков. В ней изложены не столько концептуальные подходы, сколько практические принципы и направления реформы правоохранительной деятельности конкретных органов. В проекте не отражены очень многие важнейшие аспекты реформы.

Желаю участникам совещания конструктивного разговора при обсуждении проекта государственной программы.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "ГЛОБЛ ПЭНЛ" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

*Нидерланд, Маастрихт, 27 қараша 1993 жыл*

## ҚАЗАҚСТАН БҮКІЛ ӘЛЕММЕН БЕЛСЕНДІ ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР ОРНАТУДА

Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін дамушы нарықтық экономикасы бар демократиялық және зиялы мемлекет құрудың батыл да айқын жолына түсті. Бұл республиканың стратегиялық бағыты. Мұны жүзеге асыруға оның бүкіл ішкі және сыртқы саясаты жұмылдырылған.

Бүгінде біз қиын кезеңді бастан өткеріп отырғанымыз айқын. Бұрынғы одақ тарағаннан кейін пайда болған барлық дағдарысты жағдайлар бізде ТМД-ның басқа да елдеріндегі сияқты соншалықты өткір де ауыртпалықты болып отыр. Бұл бірінші кезекте барлық республикалар арасындағы бір кездегі тығыз да жан-жақты өзара байланыстардың жаппай үзілуімен байланысты. Дегенмен мәселелер қаншама сан қырлы, алда тұрған міндеттер барынша күрделі болғанымен, Қазақстанның егемен мемлекет ретінде аяғынан нық тұруының тұрлаулы сипаты бар екендігін айтуға толық негіз бар.

ТМД шеңберінде біз тұрақтандырушы рөл атқаруға тырысамыз. Достастықпен және өзіміздің басқа да көршілерімізбен өзара тиімді жағдайда сенім, тату көршілік және экономикалық бірігу ахуалын құруды біз тұрақты нысана етіп отырмыз.

Біздің алға басуымыздың басты да сенімді негізі, адам құқын толығымен сақтауға негізделген ұлтаралық бірлік, тұрақтылық және халықтың рухани татулығы болып табылатыны сөзсіз. Қазақстанда нақ осы принциптер негізінде қоғамның идеялық бірігуін қамтамасыз ету жөніндегі саясат талдап жасалып, оның басым жақтары анықталған. Оларға біз реформалау мен прогрестің аса маңызды ережесі ретінде қараймыз.

Осында, Маастрихтте – Еуропалық одақ орталығында болған кезімде, экономикалық мақсаттылық үшін, адамдардың жақсы тұрмысы үшін бірігуді

\* "Егемен Қазақстан" 30 қараша 1993 жыл.

жақтайтындығымды тағы да білдіремін. Біз Ресеймен және Орталық Азия мемлекеттерімен дәстүрлі тығыз байланыстарды сақтағымыз келеді. КСРО-ның саяси ыдырауы біздің көп ғасырлық тату көршілік қатынастарымызға іріткі сала алған жоқ. Ынтымақтастыққа бағыт ұстау біздің халықтарымыздың бір-біріне деген объективті де кең көлемді достық ықыласынан тууының өзі тарихи қалыптасқан. Сондай-ақ ТМД-дағы тұрақтылық – Еуропадағы және Азиядағы барлық халықтардың мүддесіне жауап беретіндігіне сенімдімін. ТМД-ның барлық елдерінде дерлік болып жатқан жаңа валютаны енгізу әрбір мемлекеттің, соның ішінде достастықтың болашақ валюта одағына ену үшін де мүмкіндігін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Еркін де өркениетті валюта айырбастау жолға қойылған кезде біздің мемлекеттеріміздің өзара есеп айырысуында проблемалардың болмайтындығына біз сенеміз. Мен ТМД елдерімен сауда және басқа экономикалық байланыстарда шекараның болмағандығын жақтаймын. Халық та қажет етіп отыр.

Мен сондай-ақ, Еуропа одағының тәжірибесін пайдалана отырып, Азия континентінде барынша тығыз экономикалық бірігуді, болашақта іскерлік серіктестікте біртұтас Еуразия кеңістігін құруды жақтаймын.

*Нұрсұлтан Назарбаевтың журналистердің Ресеймен екі жақты қарым-қатынас жайында сұрағына жауабы.*

Қазақстан еш уақытта да Ресеймен қарым-қатынасты нашарлатуға бағытталған саясат жүргізбейді. Қазір Ресейде күрделі процестер жүріп жатыр, экономикалық дағдарыс саяси дағдарыспен қатар жүруде. Таяуда Ресей Федерациясында парламент сайлауы өтеді. Онда нағыз демократиялық күштер, шын мәнісінде Ресейдің қайта түлеуін тілейтін нағыз демократтар мен отансүйгіштер жеңіске жеткенін қалар едік. Біз күшті билікті, мемлекеті нығайтылып жатқан қуатты Ресейді жақтаймыз.

Ресейде сайлау қарсаңындағы күрес барысында айтылып жатқан әңгімелер мені алаңдатады. Онда орыс тілді халықты қорғауды желеу етіп біздің елдеріміздің арасында алауыздық оты жағылуда. Басқа да ұлттар сияқты Қазақстанда тұратын орыстарды қорғау – біздің міндетіміз, өйткені олар біздің азаматтарымыз. Біздің Конституциямыз ұлтына, діни сеніміне және партиялығына қарамастан тең құқықтыққа кепілдік береді. Орыс тілі бізде қазақ тілімен қатар жүреді. Сондықтан да біздің халықтарымызды байланыстырып отырған достықтың ғасырлар бойғы тінін ыдыратудың қажеті жоқ.

# **ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ "ГЛОБЛ ПЭНЛ"**

*Нидерланды, Маастрих, 27 ноября 1993 года*

## **СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСТАНА КАК СУВЕРЕННОГО ГОСУДАРСТВА ИМЕЕТ НЕОБРАТИМЫЙ ХАРАКТЕР**

Казахстан с обретением в 1991 году независимости твердо и бесповоротно встал на путь построения демократического и светского государства с развитой рыночной экономикой. Это стратегический курс республики, реализации которого подчинена вся ее внешняя и внутренняя политика.

Безусловно, сегодня мы переживаем сложный период. Все кризисные явления, возникшие после распада бывшего Союза, у нас обозначились так же остро и болезненно, как и в других странах СНГ. В первую очередь это вызвано обвальным разрывом некогда тесных и многосторонних взаимосвязей между всеми республиками. Однако при всем многообразии проблем, всей сложности стоящих задач есть все основания утверждать, что становление Казахстана как суверенного государства имеет необратимый характер.

В рамках СНГ мы стремимся выполнять стабилизирующую роль, постоянно нацелены на создание атмосферы доверия, добрососедства и экономической интеграции на взаимовыгодных условиях в Содружестве и с другими своими соседями.

Главной и надежной опорой нашего продвижения вперед, несомненно, явятся межнациональное единство, стабильность и духовное согласие народа, основанные на полном соблюдении прав человека. В Казахстане выработана политика и определены приоритеты по обеспечению идейной консолидации общества на базе именно этих принципов. Их мы рассматриваем как важнейшее условие реформирования и прогресса.

Находясь здесь, в Маастрихте – столице Европейского союза, еще раз выскажу свою приверженность интеграции ради экономической целесообразности, ради лучшей жизни людей. Традиционно тесные связи

---

\* "Казахстанская правда", 30 ноября 1993 года.

мы хотим сохранить с Россией и государствами Центральной Азии. Политический развал СССР не смог поколебать наши многовековые добрососедские отношения. Исторически сложилось так, что ориентация на сотрудничество объективно вытекает из широких дружеских симпатий наших народов друг к другу. Уверен, что стабильность в СНГ отвечает также интересам всех народов Европы и Азии. Ввод новой валюты, который происходит почти во всех странах СНГ, позволит объективно оценить возможность каждого государства, в том числе и для будущего вхождения в валютный союз Содружества. Мы надеемся, что когда будет налажен свободный и цивилизованный обмен валют, не будет проблем во взаиморасчетах наших государств. Я выступаю за то, чтобы торговля и другие экономические связи со странами СНГ не имели границ. Этого хотят и народы.

Я выступаю также за более тесную экономическую интеграцию на азиатском континенте, используя при этом опыт Европейского союза, за последующее формирование единого евроазиатского пространства в деловом партнерстве.

### **Из интервью**

...Казахстан никогда не будет проводить политику, направленную на ухудшение отношений с Россией. Сейчас в России идут сложные процессы: экономический кризис сопровождается политическим. Вскоре в Российской Федерации состоятся парламентские выборы. Хочется, чтобы победителями на них стали истинно демократические силы, те подлинные демократы и патриоты, которые по-настоящему хотят возрождения России. Мы выступаем за мощную Россию, где есть сильная власть, где государство укрепляется.

Меня беспокоят раздающиеся в ходе предвыборной борьбы в России высказывания, из которых под видом защиты русскоязычного населения сеется рознь между нашими странами. Защищать русских, как и другие национальности, проживающие в Казахстане, – наша задача, поскольку они наши граждане. Наша Конституция гарантирует равные права вне зависимости от национальности, вероисповедания или партийности. Русский язык у нас действует наравне с казахским. Поэтому не следует расшатывать вековые узы дружбы, связывающие наши народы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "РУХАНИЯТ" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ОҒАН "ЖЫЛ АДАМЫ" АТАҒЫ ИЕГЕРІНІҢ  
АЛТЫН МЕДАЛІ МЕН ҚҰРМЕТ ДИПЛОМЫН ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Бішкек, 3 желтоқсан 1993 жыл*

Өз достарымның, әртүрлі ұлттар өкілдерінің, саяси және әлеуметтік ортаның, алуан дінді ұстайтын адамдардың арасында болған кезімде, саясаткерлерге, ғалымдарға, өнер және мәдениет қайраткерлеріне, өз мемлекеттерінің азаматтарына да – біздің барлығымызға ұйымдасудың, халықтардың бірлігі мен рухани татулығының қаншалықты маңызды екендігіне мен тағы да көз жеткіземін. Өзім үшін осы бір ізгілікті мақсаттарды ең басты деп санаймын.

Маған, қазақстандық адам үшін Қырғызстан – шын мәнінде достас әрі туған өлке. Біздің екі халқымыздың туысқандық берік тамырлары мыңдаған жылдардың терең қойнауына барып таралады. Біздің қуанышымыз бен қайғымыз бірдей, тағдырларымыз Алатаудың қарлы шыңдарындай ортақ.

Біздің халықтарымыздың мықты рухани байланысы тарихтың күрделі кезеңдерінде әсіресе анық байқалды. Менің отандастарым 1733 жылғы Орбұлақтағы өз отанын қорғау жолындағы шешуші шайқасты жадында берік сақтаған. Онда Жәңгір сарбаздарына жаужүрек қырғыз жігіттері көмекке келген болатын.

Әлемдік мәдениет қазынасы – "Манас" эпосын тоталитарлық идеологияның тұзағынан сақтап қалған Мұхтар Әуезовты қырғыз халқының қашан да құрмет тұтатындығына, оның сәттілік тілеуімен және шын демеуімен заманымыздың аса көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың салтанатты сапарының басталғандығын да есте ұстайтындығына сенім білдіремін.

Өз кезегінде, қазақстандықтар, өздері үшін қиын сағатта Шыңғыс Төрешұлының біздің халқымыздың ары мен ожданын қорғауға ерлікпен кіріскенін, оның тарихи зерделерін философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізуде көп іс жасағанын және тындырып отырғандығын біледі. Бұл зерде

---

\* "Егемен Қазақстан", 7 желтоқсан 1993 жыл.

қазақтар мен қырғыздар үшін – ортақ. Өткенге деген тарихи көзқарас империялық биліктің барлық көмектіктеріне қарамастан, біздің халықтарымыздың Ресей мен ғасырлар бойғы достастықтан көп нәрсе тапқандығын айғақтайды.

Біздің өмір шындығымыз әлемге бұрынғы көптеген қасаң қағидаларымыздың күйрегенін көрсетіп, адамдарды оның аяусыз езгісінен азат етті. Бірақ, сонымен бірге, өткендегінің бәрін тегіс ысырып тастаудың өзі екінші бір қауіпке, адамның еңбегімен және ақыл-ойымен жасалған ізгі нәрсенің бәрін де мансұқ етуге әкелуі мүмкін.

Біз тәуелсіздікке күрделі де ұзақ жолмен жеттік. Енді мұның өзі – тарихи заңдылық әрі тұрлаулы құбылыс. Дегенмен біздің барлығымыз нағыз егемендікке қол жеткізудің қиын да ұзақ процесс екендігін жақсы түсінеміз. Ол тек біздің ниетіміз ғана емес, сонымен бірге экономикалық және саяси өзгерістерді жүзеге асыру жолындағы шеберлікті, ерік-жігерді және әзірлікті қажет ететін процесс. Бұл жеке батыр, жалғыз адамның жолы емес. Мұны бүкіл әлемдік өркениет тәжірибесі көрсетіп отыр. Ғасырлар бойы жасалған және сынақтан өткен өзара ынтымақтастық, халықтар арасындағы достық көпірін бузуға біздің құқымыз жоқ.

Біздің ортақ мақсатқа жетуімізге көптеген мүмкіндіктеріміз бар. Биыл Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ордабасыда халықтар бірлігі күнін тойлау менің жадымда мәңгілік қалмақ. Мен Асқар Ақайұлына, Өзбекстан Президенті Ислам Әбдуғаниұлы Кәрімовке Ордабасыға шақыруымды құп алғандықтарына, бұл оқиғадан біздің халықтарымыздың экономикалық қиындықтарды жеңуде бірігудің, біздің елдеріміздегі тұрақтылық жағдайын нығайту мүмкіндіктерінің ерекше рәмізін көргендіктеріне ризалығымды білдіремін.

Дегенмен еңбастысы, халықтар бірлігінде біздің нені мұрат тұтатынымызда болса керек. Бұл – республикадағы барлық ұлттар мен халықтар өмірінде ұлтаралық келісімнің басымдылығы сияқты моральдық-имандылықтың жоғары қасиетін орнықтыру. Өйткені, мұндай ахуалсыз республиканың қандай да болмасын қоғамдық прогресі туралы айтуға болмайды.

Қазақстандық отансүйгіштік идеясы тек бір ғана қазақ ұлтымен шектелмейді және шектелуге де тиіс емес. Конституцияға сәйкес, барынша тең құқық пен бостандық берілген республиканың толық құқықты азаматтарына мәдениетті, дәстүрді, тілді толыққанды дамытуы үшін жағдай жасалған. Ал олардың қатарында орыстар да, немістер де, украиндар да, ұйғырлар да, корейлер де, тұтастай алғанда Қазақстан халқын құрайтын ұлттардың барлығы да бар. Біз республиканың әлемдік қауымдастыққа табысты түрде енуі үшін мұны елеулі алғышарт және мүмкіндік деп



есептейміз. Қырғызстанда да бұл бағытта көп жұмыс атқарылуда. Ал Бішкекте славян университетін ашудың өзі біздің бүкіл аймағымыз үшін дер кезінде жасалған әрі маңызды қадам.

Осы ретте кейбір "қамқоршысымақтардың" біздің республикаларымыздағы орыстарға кенеттен жаны аши қалуы тіптен түсініксіз. Олардың қандай да бір болмасын қорғауды қажет ететінін немесе қажет етпейтінін ең алдымен адамдардың өздерінен сұрамай-ақ жаны ашыған сыңай танытатыны түсініксіз. Бұл жерде ұлтаралық алауыздықтан басқа ешнәрсе де бермейтін фашистік сипаттағы сөздерді адамдардың мүлдем жақтырмайтынын айтып тұрғаным жоқ. Мен Қазақстанның батыл айқындамасын білдіріп тұрмын, ал оны Қырғызстанда да қолдайтындығына сенімдімін. Біз үзілді-кесілді талаптар тіліне, сайлау қарсаңындағы қарбаласта біздің халықтарымыздың достығына жік салуға, адамдардың, оның үстіне біздің мемлекеттеріміздің даму перспективасының мүддесі үшін емес, өздерінің тек бас пайдалары үшін "орыс картасын" ойнауға жол бермейміз.

Ресей халқымен біз қашанда достықта, бірлікте және бір-бірімізге деген сеніммен өмір сүретін боламыз. Міне, осылар ғана адамдардың арман-мүддесіне жауап береді.

ТМД-да біздердің бейбітшілік тілімен сөйлесе білуді – экономикалық ынтымақтастық, саудадағы кеден тосқауылдарын алу, мәдени өзара байланысты кеңейтуге үйренуіміз керек. Ұлттық валютаны енгізу бұл жолда ешқандай да тосқауыл бола алмайды. Керісінше, енді біздердің тереземіз тең ынтымақтасуымызға мүмкіндігіміз бар.

Әзірге достастықтың бірде-бір мемлекетінің әлемдік нарыққа шығуға кең мүмкіндіктерінің жоқ екендігі құпия емес. Оның үстіне, көптеген аймақтардағы дағдарысты жағдай сыртқы көмекке емес, тек қана өзара қолдауға сүйенуге мәжбүр етеді.

Мен бұрынғысынша оптимистпін және біздің мемлекеттеріміздің бұрынғы түсініктегі емес, жүректер мен жан-дүниелер бірлігі деген түсініктегі одағына сенемін. Біздің туысқан Орталық Азия республикалары қазірдің өзінде мұндай саясаттың ақиқаттығымен және өміршеңдігін нақты істерімен дәлелдеуге мүмкіндіктері бар.

Біздің мақсатымыз бірдей, ортақ проблемаларымыз да көп. Біздер, қазақстандықтар, Қырғызстанда жүргізіліп жатқан реформаларға сырт бақылаушылар ретінде емес, нағыз достар ретінде жіті көз салып отырамыз, Біздің экономикадағы дағдарысты көріністерді жеңуге, халықтары бірін-бірі өзара байытатын және дамып келе жатқан нағыз демократиялық, құқықтық, зиялы мемлекеттер құруға барлық мүмкіндіктеріміз бар. Бұл жұмыстағы айқын нәтижелерді мен көбіне Президент Асқар Ақайұлы Ақаевтың қызметімен байланыстырамын. Екеуіміз ішкі және сыртқы саяси процестер

туралы жиі пікір алысамыз, көптеген мәселелер бойынша айқындамаларымыз да ортақ. Сіздердің Президенттеріңіз ғалымның терең білімдарлығын, үлкен саясаткерлік, мемлекеттік қайраткерлік ойды, жеке басының ұнамдылығын үйлестіре отырып Қырғызстан беделін ТМД-дағы сияқты әлемдік аренада да елеулі дәрежеге көтеруде және нығайту үстінде деп ойлаймын.

Таяу күндері мен Асқар Ақайұлының өзіне республика Президенті ретінде сенім туралы референдум өткізуге шешімі туралы білдім. Мен мұны батыл қадам, нағыз саясаткердің қадамы деп есептеймін. Басталған қайта жаңару ісінде, сіздердің мемлекеттеріңіздің шын тәуелсіздігі, Қырғызстан халқының игілігі мен гүлденуі жолындағы қызметінде оған табыс тілеймін.

Осы айтулы күнде "Руханият" қауымдастығының құрметті наградасымен бүкіл көп ұлтты Қазақстан халқымен бірге бөлісемін.

**ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ЦЕРЕМОНИИ НАГРАЖДЕНИЯ ЕГО ЗОЛОТОЙ МЕДАЛЬЮ И  
ПОЧЕТНЫМ ДИПЛОМОМ ОБЛАДАТЕЛЯ ЗВАНИЯ  
"ЧЕЛОВЕК ГОДА" ОТ МЕЖДУНАРОДНОЙ АССОЦИАЦИИ  
СОДЕЙСТВИЯ ВОЗРОЖДЕНИЮ ДУХОВНОСТИ "РУХАНИЯТ"\***

---

*Бишкек, 3 декабря 1993 года*

Сердечно благодарю за оказанную мне высокую честь, которая обязывает ко многому.

Находясь в кругу своих друзей, представляющих разные нации, политические и национальные круги, исповедующих разные религии, я еще раз убеждаюсь в том, насколько важно всем нам – политикам, деятелям искусства и культуры, гражданам своих государств – объединять усилия во имя сплоченности, единения и духовного согласия народов. Для себя я считаю эти гуманные цели самыми главными.

Для меня, казахстанца, Кыргызстан – поистине дружественный и родной край. Мощные корни братства двух наших народов уходят в глубину тысячелетий. У нас общие радости и печали, единые, как заснеженные вершины Алатау, судьбы.

Крепкая духовная связь наших народов особенно ярко проявлялась на переломных этапах истории. Мои соотечественники свято хранят в памяти решающую для спасения моего Отечества битву при Орбулаке в 1733 году, когда на помощь сарбазам Жангира пришли бесстрашные кыргызские джигиты. Я убежден, что кыргызский народ всегда будет чтить Мухтара Ауэзова, сумевшего сберечь от посягательств тоталитарной идеологии сокровищницу мировой культуры – эпос "Манас", помнить том, что с его благословения и искренней поддержки начался триумфальный путь выдающегося писателя современности Чингиза Айтматова.

В свою очередь казахстанцы знают, что в трудный для них час Чингиз Турекулович мужественно встал на защиту чести и достоинства нашего народа, многое сделал и делает для философского осмысления его исторической памяти. Эта память для казахов и кыргызов – общая.

---

\* "Казахстанская правда", 7 декабря 1993 года.

Исторический взгляд в прошлое верно подсказывает, что, несмотря на все издержки имперского правления, наши народы многое обрели в вековом содружестве с Россией.

Наша действительность явила миру крах многих былых догм, раскрепостила людей от беспощадного гнета.

Но вместе с тем стремление отречься от прошлого может принести другую опасность, уничтожить добрые всходы, порожденные человеческим трудом и разумом.

Мы пришли к независимости сложным и долгим путем. Отныне этот факт – историческая закономерность и необратимое явление. Однако мы все отдаем себе отчет в том, что достижение подлинного суверенитета – процесс еще более трудный и длительный, требующий не только желания, но и умения, воли и готовности осуществить экономические и политические преобразования. Это – отнюдь не путь одиночек, что подтверждает весь опыт мировой цивилизации. Сжигать за собой уже построенные и испытанные веками мосты взаимосотрудничества, дружбы между народами мы не имеем права.

У нас есть немало возможностей для достижения общих целей. В моей памяти навсегда останется празднование Дней народного единства в местности Ордабасы Южно-Казахстанской области в нынешнем году. Я благодарен Аскарму Акаевичу, президенту Узбекистана Исламу Абдуганиевичу Каримову за то, что они приняли приглашение посетить Ордабасы, увидели в этом событии знаменательный символ, возможность сплотить наши народы на преодоление экономических трудностей, на укрепление стабильной обстановки в наших странах.

Но самое важное, во имя чего мы стремимся к единству народа, это – утверждение в республике такой высшей морально-нравственной категории, как верховенство межнационального согласия в жизни всех наций и народностей. Ибо нельзя говорить о каком-либо общественном прогрессе республики вне такой атмосферы.

Идея казахстанского патриотизма отнюдь не замыкается, да и не может замыкаться на одной казахской нации. Полноправными гражданами республики, которым в соответствии с Конституцией предоставлены абсолютно равные права и свободы, созданы условия для полнокровного развития культуры, традиций, языка, являются и русские, и немцы, и украинцы, и уйгуры, и корейцы, и в целом все те нации, которые составляют народ Казахстана. Мы считаем это серьезным условием и возможностью для успешного вхождения республики в мировое сообщество. И в Кыргызстане многое

делается в этом направлении, а такой шаг, как создание в Бишкеке Славянского университета, – крайне своевремен и важен для всего нашего региона.

И тем более странно на этом фоне звучат голоса тех "добродетелей", которые вдруг начали проявлять заботу о русских в наших республиках, не спросив прежде всего самих людей, нуждаются ли они в какой-то защите или нет. Не говорю уже об остром неприятии людьми выступлений чуть ли не фашистского толка, ничего, кроме как межнационального раздора, принести не способных. Я выражаю твердую позицию Казахстана, которую, убежден, поддерживают и в Кыргызстане, что мы не допустим языка ультиматумов, стремления в предвыборном угаре внести раскол в дружбу наших народов, разыграть "русскую карту" в собственных конъюнктурных соображениях, а вовсе не в интересах людей, и тем более перспектив развития наших государств.

Говоря об отношениях с Россией как с государством подлинно демократическим, твердо стоящим на пути реформ, убежден в незыблемости добрососедских отношений с ней. Мы всегда будем жить в дружбе, единстве и доверии с российским народом. Именно это отвечает чаяниям людей.

Нам в СНГ надо научиться брать на вооружение мирный язык – язык экономического сотрудничества, снятия таможенных барьеров в торговле, расширения культурных взаимосвязей. Введение национальных валют ни в коей мере не служит препятствием на этом пути. Наоборот, теперь мы все имеем возможность сотрудничать на равных.

Ведь не секрет, что пока еще ни у одного из государств Содружества нет широких возможностей для выхода на мировой рынок. Более того, кризисная ситуация во многих регионах заставляет опираться только на взаимоподдержку, а не на внешнюю помощь.

Я по-прежнему являюсь оптимистом и верю в союз наших государств не в прежнем его понимании, а в понимании единства сердец и душ. Наши братские центральноазиатские республики уже сейчас имеют возможность конкретными делами доказать реализм и жизненность такой политики.

У нас общие цели, много общих проблем. Мы, казахстанцы, не как сторонние наблюдатели, а как истинные друзья пристально следим за реформами, проводимыми в Кыргызстане. Убежден, что у нас есть все шансы для преодоления кризисных явлений в экономике, построения подлинно демократических, правовых, светских государств, народы которых взаимно обогащаются и развиваются. Реальные результаты в этой работе я во многом связываю с деятельностью Президента Аскара Акаевича Акаева. Мы до-

волью часто обмениваемся с ним мнениями о внутри- и внешнеполитических процессах, имеем общую позицию по многим вопросам. Думаю, что ваш Президент, сочетая глубокую эрудицию ученого, мышление большого политика, государственного деятеля, личное обаяние, в значительной степени повышает и укрепляет авторитет Кыргызстана как в СНГ, так и на мировой арене.

На днях я узнал о решении Аскара Акаевича провести референдум о доверии к нему как к Президенту республики. Считаю это смелым поступком, шагом настоящего политика. Желаю ему успехов в деле начатых преобразований, в становлении реальной независимости вашего государства, в деятельности во имя блага и процветания народа Кыргызстана.

В этот знаменательный день я разделяю почетную награду ассоциации "Руханият" со всем многонациональным народом Казахстана.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\*

*Алматы, 15 желтоқсан 1993 жыл*

Бірнеше жыл бұрын Қазақстан халқы саналы түрде тәуелсіздік жолын таңдап, сол арқылы келер ұрпақ алдында өзіне аса зор жауапкершілік алды. Өркениетті дүниежүзілік қоғамдастыққа кіре отырып, біз өзіміздің мемлекеттік егемендік туралы Декларациямыз бен республиканың жаңа Конституциясында басым орын алатын жалпыадамзаттық құндылықтарды жарияладық. Әлеуметтік нарықтық экономикалы құқықтық мемлекет құру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыртқы салада ашық болу, қоғамдағы топтасу, ұлтаралық және азаматтық келісім – жалпы халық таныған басымдылыққа ие болды.

Өткен уақыттағы біздің күш-жігеріміз бұрынғысынша өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін мүлдем жаңа мәнге ие болған экономикалық проблемаларды шешуге жұмылдырылды. Осы экономикалық қана емес, сонымен қатар ірі саяси акті Қазақстан қоғамы өмірінде көптеген құбылыстарға жаңа көзқараспен қарауды, мемлекеттік әрі таза адами мүдделерді де ескере отырып басталған реформаларды саналық жаңа айқындамалар тұрғысынан тереңдетуді қамтамасыз ету үшін біздің бағытымызды қайтадан ой елегінен өткізіп, белгілі бір түзетулер енгізуді талап етті.

Өз валютамызды енгізу жағдайындағы халықтың күрделі экономикалық ахуалға біртіндеп бой үйретуі мақсатында, біз ақшаның құнсыздануының жаңадан шиыршық атуын болдырмау үшін аса маңызды тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасын уақытша реттеуге шешім алдық. Біз әзірше ақшаның құнсыздануына қарсы бағытты ұстап келеміз және оны бұдан былай да сақтап қалу үшін барлық шараларды қолданатын боламыз.

Және бұл кезеңде біз қоғамдық-саяси тұрақтылықты, біздің азаматтарымыздың тыныштығы мен ертеңгі күнге деген сенімін қамтамасыз

---

\* "Егемен Қазақстан", 16 желтоқсан 1993 жыл.

ету, халықтың әлеуметтік әлсіз бөліктеріне қолдау көрсету, қылмысқа қарсы ымырасыз күрес жүргізу үшін барлық күш-жігерді жұмсайтынымыз белгілі.

Теңге енгізілгеннен бері іс жүзінде біздің жаңа экономикалық саясатымызды қалыптастыру басталды. Бұл процесс әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру принциптерін түбірлі қайта қарау, ең алдымен республиканың ішкі мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалануға бет бұру арқылы жүргізілуде. Қазіргі кезде Қазақстан экономикасын реформалау да осы бағытта жүргізіліп отыр.

Біз отандық товар өндірушілердің, нақты экономикалық егемендік жағдайында Қазақстан рыногы үшін тауарлар мен қызмет көрсетуді шеберлікпен жасап жүрген жаңа меншік иелерінің санын арттыруды қамтамасыз ететін шаралар мен ынталандыру жүйесін құратын боламыз. Бүгіннің өзінде Қазақстан үшін принципті түрде жаңа және ең сан алуан мақсаттағы аса қажет жаңа өнімдерді игеру мен шығарудың ондаған мысалдарын келтіруге болады.

Әрине, мұның бәрі әзірше салыстырмалы түрде шағын көлемде болып отыр. Бірақ терең нарықтық реформаларды жүргізуде біз, әсіресе бұқаралық санадағы осы реформалардың негізгі принциптерін ең алдымен – жеке меншік принципін енді ғана түсініп келеміз.

Алайда көптеген ағаттықтар мен кемшіліктерге қарамастан, әсіресе, осы жылы біз бұл салада тұралап қалған орнымыздан алға жылжыдық. Республикада реформалау едәуір көзге көрінерлік нысанға ие болды. Мәселен, экономиканың мемлекеттік емес секторында бүгін 40 мыңнан астам, соның ішінде 13 мың жеке меншік кәсіпорын қызмет істейді. Мұнда 400 мыңға жуық адам еңбек етеді. Жекелеген аймақтар мен салаларда жеке меншік қазірдің өзінде басым жағдайға ие болып отыр.

Сегіз мыңнан астам мемлекеттік кәсіпорындар жекешелендірілді, бұл олардың жалпы санының 22 проценті. Биыл біз шаралардың жаңа жүйесін жасап, бұл процесті үш бағытқа бөлдік. Олардың әрқайсысының өз тұтқасы, шарттары мен тәртібі бар. Келер жылы белгіленген жоспарларды жүзеге асыру жөнінде неғұрлым белсенді де мақсаткерлік жұмысты кеңінен жүргізу қажет.

Экономиканы басқару жүйесін жетілдіру жекешелендіруді өткізумен үзілмес байланыста жүргізілуге тиіс. Біз осы салада жаңа шаруашылық құрылымдары – холдингтік және акционерлік компаниялар – басқару құрылымында өз орындарын алады деп пайымдап, мемлекеттің бұл саладағы шығындарын елеулі түрде қысқартпақпыз.

Қазақстанның басқа елдермен сыртқы экономикалық байланыстары да елеулі түрде кеңейді. Қазір бізге бірнеше несие желісі ашылып отыр, ал



инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін 1,7 миллиардтай АҚШ доллары болатын несиелік келісімдерге қол қойылды. Біздің республикамызға 160 шетелдік фирма мен банкінің өкілдіктері орналасты. 1100-ден астам бірлескен кәсіпорындар тіркелді.

Қазақстанның қалыптасуының қазіргі кезеңінің аса маңызды ерекшелігі, біздің бүгінгі және келешек ұрпақтар үшін қазірдің өзінде мемлекет қауіпсіздігінің берік іргетасын қалап, қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті екендігімізге тіреліп отыр. Қазақстан Республикасы ғаламдық қауіпсіздікті сақтауға өзінің ішкі тұрақтылығы арқылы елеулі үлес қосуымен дүниежүзілік қоғамдастықтың табиғи ажырамас бөлігіне айналды. Еуроазиялық мемлекет бола отырып, біз республиканың геосаяси жағдайына сәйкес келетін сыртқы саясат жүргізуге тиіспіз. Осы жыл біздің мемлекетіміздің халықаралық беделін нығайтуға арналған маңызды оқиғалармен айтулы жылға айналғанын сеніммен айтуға болады.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы оның халықаралық айқындамаларының нығаюына қызмет еткендігі сөзсіз. Шетелдерден түсіп жатқан пікірлер бұл шешімді дүние жүзінің құптап отырғанын көрсетіп отыр.

Сондай-ақ аяқталып келе жатқан жыл Франциямен, Иранмен, Түркиямен, Моңғолиямен ірі уағдаластықтарға қол жеткізілгендігімен айтулы. Қазақстан Каспий өңірі мемлекеттерімен ынтымақтастық ұйымын құруға белсенді түрде қатысуда.

Биыл сыртқы саясат бойынша қол қойылған барлық құжаттарда біздің еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын құрайтын басты мәселелер: егемендікті құрметтеу, қазіргі шекаралардың және аумақтық тұтастықтың мызғымастығы көрінісін тауып, баянды етілді.

Қазақстан алдағы уақытта да олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарларына қарамастан бізге шын ниетімен және адал көңілімен келетін мемлекеттердің бәрімен белсенді ынтымақтасатын болады.

Мен Қазақстанның бейбітшіл мемлекет болуға әзір екендігіне өзімнің миллиондаған отандастарымның қолдайтындығына сенімдімін. Ең алдымен, сіздердің қолдау көрсетуіңізге сүйене отырып, мен Біріккен Ұлттар Ұйымының сессиясында Азиядағы сенім шаралары және өзара қауіпсіздік жүйесін құру туралы ұсыныс жасадым. Бұл бастама өзінің аса маңызды мәнділігінің арқасында әлемнің көптеген елдерінде түсіністік тапты.

Біздің экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени өміріміз тығыз интеграцияланған, өзара тәуелді және бұдан былай да солай бола береді. Ұлттық валютаны енгізуге байланысты қиындықтар, осыған байланысты уақытша алшақтау ақыр аяғында бізден бір-бірін құрметтейтін сенімді әріптестер

қалыптастырып шығаруға тиіс. Біздің болашақ ынтымақтастығымыздың қолайлы келешегі жайында, біздің мемлекеттеріміздің ортақ рыногын құру тұрғысынан бекем сенімді бола аламыз.

Бұл біздің елдеріміздің әрқайсысы үшін экономикалық дағдарысты барынша жеңуге өз арамызда шаруашылық байланыстарын жолға қоюға көмектесетін Экономикалық одақ туралы шартты жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер ашады.

Біздің Ресей Федерациясымен достық, тату көршілік, ынтымақтастыққа бағытталған бағытымыз бекем де сындарлы болып қалады. Бұл біздің елдеріміз халықтарының арман-мүддесіне толық сай келеді және саяси конъюнктураға, тайыздыққа және кімнің де болса шамшылдығына жағыну үшін өзгере алмайды.

Біз тең құқықты әріптестікті одан әрі дамытуды жақтаймыз. Бұл тұрғыдан қазір Ресейде жүріп жатқан саяси процестердің бір сипатта еместігіне және көп жағынан байсалды бағалауды талап ететіндігіне есеп береміз. Бұл жерде бір нәрсе анық – қазір өте күрделі жағдай қалыптасты. Әрине, бүгін Ресейде өткізілген сайлаудың түпкілікті қорытындысы туралы айтуға әлі ерте. Бірақ кейбір тенденциялар әжептәуір айқын байқалып отыр. Іс жүзінде осы сайлау Ресей қоғамының алдында тұрған өте маңызды саяси проблемаларды айқындаған ауқымды әлеуметтік зерттеу болып отыр. Мен батыстағы кейбір талдаушылар тәрізді тым тереңге барып, Ресейде реакциялық күштер жеңіске жетті деп айтпас едім. Мұның фашизмнің хайуандық бейнесін танып-білген, қоңыр обаға қарсы шайқасқа түсіп, оны жеңіп шыққан бұрынғы одақ халықтары, ең алдымен орыс халқы тарапынан реакциялық идеялар ешқашан қолдау табуы мүмкін емес.

Саясаткерлерге, аймақ басшыларына, шаруашылық жүргізушілерге, бейбітшілік тілін – экономикалық ынтымақтастық, мәдени өзара байланысты дамыту, еркін саудадағы тосқауылды алып тастау тілін әлдеқашан нысанаға алулары қажет. Бүгінде бүкіл әлемдік қауымдастық жаңа мыңжылдық қарсаңында айқын көрініп отырған осы ғаламдық проблемамен бетпе-бет келіп отыр. Адамзат бірін-бірі қырып-жойып жатқан соғыс өршіген кезде, ғасырлар бойғы дұшпандық, таптық, ұлттық және діни төзімсіздіктің құрдымға кетіретінін енді ғана сезіне бастаған сияқты. Қазақ ұлтына, Қазақстанның барлық халқына, біздің жас мемлекетімізге аспаннан шұға жауған жоқ. Ғасырлар бойғы достықтан туған мүмкіндіктің арқасында нақ қазір бүкіл әлемге өзінің ізгілікке деген ұмтылысын, ұлтаралық татулықта тұруға және оған деген әзірлігін көрсетудің сәті түсті.

Қазақстанның ішкі істеріне қайта оралып, мемлекет басшысы, республикада өкіметтің тұрақты және мақсатты іс-әрекетін талап ететін

жағдайдың қалыптасқандығын атап өтті. Соңғы күндері біз әдеттен тыс оқиғалардың куәгері болдық. Кеңестер түріндегі өкілетті органдар жүйесі тарады. Олардың өзін-өзі таратуының жаппай процесі парламенттің өзінің Жоғарғы Кеңес өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы заңды қабылдаумен аяқталды. Асырып айтпағанда, өзінің тарихи қызметін аяқтай келіп, Жоғарғы Кеңес мемлекеттік өкіметті құру мен жетілдіру үшін үлкен маңызы бар бірқатар заңдарды: сайлау туралы кодексті, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар туралы және біздің республикамыздың аумақтық құрылысы туралы бірқатар заңдарды қабылдады.

Байсалды саяси шешім нәтижесінде бізде өкілетті құрылымдардың ауысуы әлеуметтік тайталассыз өтуде. Ал оның аса қауіптілігіне Ресейдегі қазан оқиғалары кезеңінде көзіміз жетті.

Республикаға қазір қай кездегіден де жоғары сапалы заң қабылдай алатын және сол арқылы жүргізіліп отырған реформаның заңдылық базасын құратын тұрақты жұмыс істейтін кәсіби парламент қажет.

Біздің қоғамымызда шапшаң өтіп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік процестер Конституцияда осындай көріністерді талап етеді. Атап айтқанда, заң шығару, атқару және сот билігін ұйымдастыруға, құзырына және өзара қарым-қатынасына қатысты ережелерін, әсіресе меншік пен кәсіпкерлік мәселелерімен байланыстыларын қайта қарау міндеті тұр.

Тұтас алғанда, өкіметтің өкілетті органдарының барлық жүйесі терең реформалануы тиіс. Кеңестер іс жүзінде нағыз жергілікті өзін-өзі басқару органдары болуы тиіс, ал олар бұлай бола алған жоқ. Кеңестерде өз ісіне берілген адамдардың, тамаша ұйымдастырушылардың, мамандардың жұмыс істегендіктері сөзсіз. Олар өзгерістерді ілгерілету үшін аз жұмыс атқарған жоқ. Бірақ Кеңестердің бұрынғы шеңбері тым тар болатын. Бұл адамдар өзінің күш-жігерін жұмсай білетін жұмысты таба алары анық. Бұл шын мәнінде айқын нәрсе: экономикамызды, саяси жүйемізді, мәдениетімізді, білім беруді, денсаулық сақтауды, өмірдің барлық саласын реформалауды алғандағы орасан зор кеңістік. Сондықтан да жұмыс елдің бәріне жетеді.

Жақында республикада сайлау қарсаңындағы күрес қанат жаяды. Ол қоғамның әртүрлі жіктерінің мүддесін көрсететін болады. Және де сайлау қарсаңындағы пікірсайыстар құқықтық, өркениетті шеңберде, демократиялық ахуалда өтері аса маңызды. Саяси күрестің қоғамды көкейкесті сұхбат әлсіретуіне жол беруге болмайды. Керісінше, нақ осы кезеңде оны берік тұрақтандыруымыз, қазақстандықтарды белгіленген жоспарды табыспен жүзеге асыру мақсатында біріктіруге тиіспіз және оған міндеттіміз.

# **ВЫСТУПЛЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА ТОРЖЕСТВЕННОМ СОБРАНИИ, ПОСВЯЩЕННОМ ДНЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ**

---

*Алматы, 15 декабря 1993 года*

## **ПУТЬ ОБНОВЛЕНИЯ – ЕДИНСТВЕННЫЙ ПУТЬ ДЛЯ МНОГОНАЦИОНАЛЬНОГО НАРОДА КАЗАХСТАНА**

Несколько лет назад народ Казахстана осознанно выбрал путь независимости, приняв тем самым на себя огромную ответственность перед будущими поколениями. Вступая в цивилизованное мировое сообщество, мы провозгласили в своей Декларации о государственном суверенитете и новой Конституции республики доминирующие общечеловеческие ценности. Общепризнанными приоритетами стали построение правового государства с социальной рыночной экономикой, обеспечение национальной безопасности, открытость во внешней сфере, консолидация общества, межнациональное и гражданское согласие.

Наши усилия в минувшее время были по-прежнему сосредоточены на решении экономических проблем, которые получили совершенно новое звучание с введением собственной национальной валюты.

Этот крупный не только экономический, но и политический акт потребовал нового взгляда на многие явления в жизни казахстанского общества, переосмысления и определенной корректировки нашего курса с тем, чтобы обеспечить углубление начатых реформ качественно новых позиций, с учетом как государственных, так и чисто человеческих интересов. В целях мягкой адаптации населения к сложной экономической ситуации, в условиях введения собственной валюты, мы решили прибегнуть к временному регулированию цен на важнейшие товары и услуги, чтобы не допустить нового витка инфляционной спирали. И, разумеется, в этот период мы будем прилагать все усилия, чтобы обеспечить общественно-политическую стабильность, спокойствие и уверенность наших граждан в завтрашнем дне, оказывать поддержку социально уязвимым слоям населения, вести беспощадную борьбу с преступностью.

С введением тенге началось формирование нашей новой, по сути, экономической политики. Этот процесс сопровождается коренным пересмотром принципов осуществления социально-экономических

---

“Казахстанская правда”, 16 декабря 1993 года.

переобразований, с поворотом прежде всего на использование внутренних возможностей и потенциала республики.

Несмотря на многочисленные промахи и упущения, мы все-таки сдвинулись в этой сфере, особенно в нынешнем году, с мертвой точки. Реформирование приобрело в республике достаточно зримые формы. Например, в негосударственном секторе экономики сегодня действует более 40 тысяч предприятий, в том числе 13 тысяч частных. Здесь работают около 400 тысяч человек. В отдельных регионах и отраслях частная собственность уже начинает занимать доминирующее положение. В неразрывной связи с проведением приватизации должна совершенствоваться система управления экономикой. Мы намерены серьезно сократить расходы государства в эту сферу, полагая, что новые хозяйственные структуры – холдинговые и акционерные компании – займут свое место в управленческой структуре.

Заметно расширились и внешнеэкономические связи Казахстана с другими странами. Сегодня нам открыто несколько кредитных линий, а всего подписано кредитных соглашений для реализации инвестиционных проектов почти на 1,7 млрд. долларов США. В нашей республике аккредитовано более 160 представительств иностранных фирм и банков, зарегистрировано свыше 1100 совместных предприятий.

Важнейшая особенность нынешнего этапа становления Казахстана состоит в том, сказал далее Президент, что мы обязаны ради нынешнего и будущего поколений заложить уже сегодня прочный фундамент безопасности государства, обеспечить благоприятные внешние условия. Республика Казахстан стала неотъемлемой, органической частью мирового сообщества, внося своей внутренней стабильностью существенный вклад в сохранение глобальной безопасности. Являясь евроазиатским государством, мы должны проводить такую внешнюю политику, которая соответствует геополитическому положению республики. И можно с уверенностью сказать, что нынешний год ознаменован важнейшими событиями, укрепившими международный престиж нашего государства.

В этой связи Нурсултан Назарбаев высоко оценил результаты казахстанско-китайской встречи на высшем уровне и недавнего визита в Казахстан вице-президента США Альберта Гора, которому предшествовали переговоры с госсекретарем Уорреном Кристофером. Дальнейшему развитию сотрудничества с США, несомненно, будет служить и предстоящая встреча с президентом Биллом Клинтонем.

Укреплению международных позиций Казахстана, безусловно, послужило его присоединение к Договору о нераспространении ядерного оружия. Поступающие из-за рубежа отклики свидетельствуют, что мир приветствует такое решение.

Уходящий год ознаменован также достижением крупных договоренностей с Францией, Ираном, Турцией, Монголией. Казахстан принимает активное

участие в создании организации сотрудничества Прикаспийских государств.

Во всех внешнеполитических документах, подписанных в этом году, подчеркнул Глава государства, отражены и закреплены главные составляющие безопасности и целостности нашей страны: уважение суверенитета, нерушимость существующих границ и территориальная целостность.

Я убежден, что в этой готовности Казахстана быть миролюбивым государством меня поддерживают миллионы моих соотечественников. Опираясь прежде всего на вашу поддержку, я выступил на сессии Организации Объединенных Наций с предложением создать в Азии систему мер доверия и взаимной безопасности. Эта инициатива в силу ее важнейшего значения нашла понимание во многих странах мира.

Затем Президент остановился на проблемах взаимоотношений республики со странами Содружества Независимых Государств.

Большие возможности для этого открывает договор об экономическом союзе, реализация которого помогла бы налаживанию хозяйственных связей между нашими странами, скорейшему преодолению каждой из них экономического кризиса.

Особо выделил Глава государства тему взаимоотношений с Россией. Наш курс дружбы, добрососедства, сотрудничества с Российской Федерацией остается твердым и последовательным. Он полностью соответствует чаяниям народов наших стран и не может подвергнуться изменению в угоду политической конъюнктуре, недалёковидности и амбициям кого бы то ни было.

Мы за дальнейшее развитие равноправного партнерства. При этом отдаем отчет в том, что происходящие сегодня в России политические процессы неоднозначны и требуют взвешенной оценки. Очевидно одно – здесь сложилась далеко не простая ситуация. Разумеется, сегодня еще рано говорить об окончательных итогах состоявшихся в России выборов. Но некоторые тенденции обозначились достаточно явно. Выборы стали, по сути, огромным социологическим исследованием, которое выявило очень серьезные политические проблемы, стоящие сегодня перед российским обществом. Я бы не стал заходить слишком далеко, как это делают некоторые аналитики на Западе, и говорить, будто в России победили реакционные силы. Этого не может быть по той простой причине, что у народов бывшего Союза, и прежде всего русского, познавших зверимый облик фашизма, вступивших в смертный бой с коричневой чумой и победивших ее, реакционные идеи никогда не найдут поддержки.

Политикам, руководителям регионов, хозяйственникам давно следует брать на вооружение мирный язык – язык экономики, расширения культурных взаимосвязей, устранения торговле. Все мировое сообщество столкнулось сегодня с этой глобальной проблемой, ставшей во весь рост накануне нового тысячелетия. Похоже, человечество только теперь, когда разгораются братоубийственные войны, начинает осознавать губительность вековой

вражды, классовой, национальной и религиозной нетерпимости. Казахской нации, всему народу Казахстана, нашему молодому государству выпал не дарованный с неба, выстраданный в вековой дружбе шанс именно сейчас продемонстрировать миру свои гуманные устремления, способность и готовность встать на межнациональном согласии.

В республике сложилась ситуация, требующая последовательных и целенаправленных действий властей. В последние дни мы стали свидетелями неординарных событий: распалась система представительных органов в форме Советов. Массовый процесс их самороспуска завершился принятием самим парламентом Закона о досрочном прекращении полномочий Верховного Совета. Завершая свою, без преувеличения, историческую деятельность, Верховный Совет принял ряд законов, имеющих большое значение для формирования и совершенствования государственной власти: Кодекс о выборах, законы о местных представительных и исполнительных органах и территориальном устройстве нашей республики.

В результате взвешенного политического решения смена властных структур происходит у нас без социальной конфронтации, в чрезвычайной опасности которой мы убедились во время октябрьских событий в России.

Республике сейчас, как никогда, нужен профессиональный, постоянно действующий парламент, способный принимать законы высокого качества и тем самым создать законодательную базу проводимых реформ. В новый парламент придут компетентные, современно мыслящие специалисты, способные обеспечить преемственность в его работе, конструктивное сотрудничество законодательной и исполнительной властей.

Стремительно происходящие в нашем обществе политические, экономические и социальные процессы требуют адекватного отражения в Конституции. В частности, предстоит пересмотреть положения, касающиеся организации, компетенции и взаимоотношений законодательной, исполнительной и судебной властей, обеспечения процесса приватизации, и особенно те, что связаны с вопросами собственности и предпринимательства.

Глубокой реформации должна подвергнуться в целом вся система представительных органов власти. Советы, по сути, должны являться органами подлинно местного самоуправления, каковыми они не были.

В Советах, безусловно, работало много преданных делу людей, отличных организаторов, специалистов. Они немало делали для утверждения нового, но бывшие рамки Советов им были слишком узки. Эти люди вполне могут найти поле для приложения своих сил. Оно уже, по сути, известно – это огромное поле реформирования нашей экономики, политической системы, культуры, образования, здравоохранения, всего уклада жизни. Так что дел хватит на всех.

Скоро в республике развернется предвыборная борьба. Она будет отражать интересы различных слоев общества. И очень важно, чтобы предвыборные дискуссии проходили в правовых, цивилизованных рамках,

в демократичной атмосфере. Нельзя допустить, чтобы политическая борьба расшатывала общество. Напротив, мы можем и обязаны именно в этот период еще прочнее стабилизировать его, сплотить казахстанцев во имя успешной реализации намеченных планов.

Обращаясь затем к присутствовавшим на торжественном собрании новым лауреатам Президентской премии мира и духовного согласия, Глава государства высказал в их адрес добрые слова.

Чингиз Торекулович Айтматов – выдающийся писатель современности и общественный деятель. В Казахстане, как и повсюду, высоко ценят его как хранителя духовной культуры, вносящего огромный вклад в возрождение исторической памяти народа.

Анатолий Петрович Гужвин – глава администрации Астраханской области Российской Федерации. Если вы побываете в этой области, то узнаете, как много внимания уделяет ее руководитель улучшению условий жизни всех жителей, среди которых немало наших соотечественников. И особо низкий поклон ему за то доброе, что он делает для возрождения культуры, традиций, языка нашего народа.

Салык Зиманович Зиманов – академик, крупнейший ученый в области права. Мы знаем его по огромной законотворческой и общественно-политической деятельности, направленной на поддержание стабильности, единства многонационального народа республики.

Я поздравляю всех казахстанцев с Днем республики, искренне пожелаю им новых свершений во имя процветания Родины. Мы с вами живем во времени, которое, безусловно, войдет в историю особой страницей прежде всего из-за огромного уровня начатых преобразований. Их масштабы способно оценить только будущее. Так будем же упорными, настойчивыми и сплоченными в этой ответственной работе!



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**  
**Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕКІБАСТҰЗДА 2-ГРЭС-ІҢ ҚУАТЫ**  
**500 МЕГАВАТТ ЕКІНШІ ЭНЕРГОБЛОГЫН ІСКЕ ҚОСУҒА**  
**АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

*Екібастұз, 22 желтоқсан 1993 жыл*

**ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТАТУ КӨРШІЛІК ПЕН**  
**ДОСТЫҚТЫ САҚТАЙЫҚ**

Тарихтың қазіргі кезеңінің күрделілігі мен қиындықтары аясында бұл оқиғашын мәнінде біздің республиканың экономикасы үшін өте елеулі болып отыр. Жаңа энергоблогты іске қосу тек Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ бүкіл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының энергия құрылысшылары мен энергия монтажшыларының сан мың адамдық ұжымының қауырт жұмысының қорытындысы болып табылады.

